

ISSN 2709-4227

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ

№ 3, 2025



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ

Баспагер: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Басылымның редакциялық алқасы

Бас редактор:

В. А. Тутушкин, ҚРҰБ Төрағасының орынбасары

Бас редактордың орынбасары:

А. М. Баймағамбетов, ҚРҰБ Төрағасының орынбасары

С. Б. Ағамбаева

ҚРҰБ Зерттеулер және талдама орталығы – департаменті

К. Е. Жусанғалиева

ҚРҰБ Зерттеулер және талдама орталығы – департаменті

Шығарылымға жауапты: А. В. Есафьева

ҚРҰБ Зерттеулер және талдама орталығы – департаменті

Басылымның редакциялық алқасы

С. А. Аханов

э.ғ.д., профессор, Тұран университеті, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
Кеңесі Төрағасының Кеңесшісі

Н. А. Нұрсейіт

э.ғ.д., Қазақстан-Неміс университеті

К. К. Дамитов

э.ғ.к., Алматы Менеджмент Университеті Президентінің Кеңесшісі

Б. Р. Сырлыбаева

э.ғ.к., Қазақстан-Британ техникалық университеті

С. В. Попов

PhD in Economics, Кардифф Университеті, Ұлыбритания

М. Шукаев

PhD in Economics, Альберт Университеті, Канада

А. Алдашев

PhD in Economics, профессор, Қазақстан-Британ техникалық университеті

Ж. Ж. Ыбраев

Ph.D. in Economics, ҚРҰБ Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаменті

Шығарылым мақалаларын рецензиялау кезінде Р. Н. Калимуллиннің (AlmaU, Caspian Business School),
А. И. Салходжаевтың (ҚРҰБ), Н. С. Мукановтың (ҚРҰБ) сараптамалық қорытындылары алынды.

Мақала авторларының жеке көзқарасы мен пікірі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
ресми ұстанымын білдірмейді және онымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ISSN 2709-4227

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУЫ**

№ 3, 2025

МАЗМҰНЫ

Қазақстандағы кредиттеу детерминанттары <i>Ж. Б. Төлегенова, С. А. Айманбетова, М. Ә. Рүстем, М. А. Шамшиев, А. М. Жүзбаев</i>	4
Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіпті дамытудағы мемлекеттік қолдаудың тиімділігін бағалау (1-бөлім) <i>А. Б. Ханет</i>	33
Тікелей шетел инвестицияларын салыстырмалы талдау: Қазақстан мен басқа елдер кейсі <i>Д. Н. Амантай</i>	60
Шикізат өндіруші елдердің макроэкономикалық ахуалы: деректерге негізделген пікірлер <i>А. А. Құратова</i>	75
Қазақстан Ұлттық Банкіндегі корпоративтік мәдениет диагностикасы: құралдар мен оны іске асыру <i>Н. Б. Дүйсембаева</i>	90
Қазақстан Ұлттық Банкі коммуникациясын халықтың қалай қабылдайтынын бағалау: экономикалық нарративтер және twin-deficit <i>А. Қ. Жұмаділова, Ә. А. Дунгенин</i>	99

Қазақстандағы кредиттеу детерминанттары

Ж. Б. Төлегенова – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті монетарлық талдау басқармасының жетекші маман-талдаушысы

С. А. Айманбетова – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті монетарлық талдау басқармасының бас маман-талдаушысы

М. Ә. Рүстем – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті монетарлық талдау басқармасының бас маман-талдаушысы

М. А. Шамишев – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті монетарлық талдау басқармасы бастығының орынбасары

А. М. Жүзбаев – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті монетарлық талдау басқармасының бастығы

Бұл мақалада Қазақстандағы кредиттеудің макроэкономикалық детерминанттары сәйкестендіріледі. Корпоративтік және бөлшек кредиттердің динамикасына әсер ететін негізгі факторлар кредиттеудің негізгі мақсаттары мен экономика салалары бойынша кредиттік портфельдердің көлемін модельдеу арқылы айқындалады. Талдау барысында кредиттік нарықтың даму ерекшеліктері және бизнес пен халық тарапынан кредиттерге сұранысты модельдеудің проблемалық жақтары айқындалды.

Негізгі сөздер: кредиттеу, бизнес, халық, экономика, векторлық авторегрессия.
JEL-жіктеуіш: C01, E21, E42, E52.

1. Кіріспе

Мақаланың мақсаты – Қазақстанда кредиттеудің ұлғаюын айқындайтын әртүрлі макроэкономикалық, қаржылық, әлеуметтік, институционалдық және өзге де детерминанттарды талдау.

Қазақстандағы кредиттеудің даму динамикасын корпоративтік сектор мен халықтың сұранысы айқындайды, оған макроэкономикалық көрсеткіштер (экономика циклі, инфляция және т.б.), кредиттік ресурстар құны, қарыз алушылардың төлеуге қабілеттілігі, салалардың жай-күйі әсер етеді. Кредиттік ресурстарға сұранысты анықтайтын басқа факторларға экономикадағы белгісіздік, оның ішінде геосаяси жағдайдың, мемлекет саясатының әсері және т.б. жатады. Қазақстанда кредиттеуді дамыту барысында мемлекет тарапынан банктер мен қарыз алушыларға, оның ішінде қарыздарды қайта қаржыландыру/есептен шығару бағдарламалары, экономиканың жекелеген салалары үшін де, сондай-ақ халықтың кейбір санаттары үшін де жеңілдікпен кредиттеудің әртүрлі мемлекеттік бағдарламалары (мысалы, субсидияланатын ипотекалық және корпоративтік қарыздар) арқылы қолдау маңызды рөл атқарады.

Осы еңбек аясында кредиттік нарықтың екі негізгі сегменті – корпоративтік кредиттеу және жеке кредиттеу қарастырылды. Зерттеу аясы экономикадағы кредиттеу деңгейіне түрлі факторлардың қалай әсер ететінін жан-жақты бағалау мақсатына байланысты ұлғая түседі. Сұраныс құрылымындағы, пайыздық мөлшерлемедегі өзгерістердің әсері мен макроэкономикалық, әлеуметтік және қаржылық факторларға ықпалындағы айырмашылық екі сегментті бөлек талдаудың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, салалар бойынша бизнесті кредиттеудің әртүрлі динамикасына байланысты тиісті салаларды кредиттеу үшін жеке модельдер құру туралы шешім қабылданды. Кейінгі 10 жылда ипотекалық және тұтынушылық кредиттеу динамикасы бір бағытта ғана дамыған жоқ, бұл олар үшін эмпирикалық талдауда жеке тәуелсіз факторларды қарастыру қажет екенін көрсетеді.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мына зерттеу сұрақтары қойылды:

1. Экономикалық әдебиеттерде кредиттеудің негізгі детерминанттарын анықтаудың қандай тәсілдері ұсынылған?

2. Қазақстанның кредиттік белсенділігінің өзгеруіндегі тарихи макроэкономикалық жағдайлар қандай?

3. Қандай негізгі макроэкономикалық айнымалылар кредиттердің әрбір сегментіндегі кредиттеу көлемінің өзгеруін анықтайды?

4. Кредит нарығының қандай ерекшеліктері бизнес пен халық тарапынан кредитке сұранысты модельдеуді қиындатады?

Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде шетелдік әдебиетке шолу жасалды, үшінші бөлімінде кредиттеуге тарихи талдау жүргізіледі және 2000 жылдардың басынан бастап Қазақстандағы кредиттеу динамикасына айтарлықтай әсер еткен кейбір факторлар келтірілген. Әдістеме төртінші бөлімде талқыланады, эмпирикалық есептеулердің нәтижелері бесінші бөлімде келтірілген. Зерттеу нәтижелері мен негізгі тұжырымдар мақаланың қорытынды бөлімінде берілген.

2. Шетел әдебиетіне шолу

Банктің кредиттеу көлеміне әсер ететін факторлар мәселесі талдаушылардың назарында қалып отыр. Эмпирикалық зерттеулер көрсеткендей, берілген кредиттердің көлемі көптеген факторларға байланысты, олардың нәтижесі экономикалық ортаға, қаржы секторын дамыту деңгейіне және басқа да нақты жағдайларға байланысты өзгереді. Макроэкономикалық факторлардың арасында кредитке сұранысты қалыптастыруда ЖІӨ және негізгі мөлшерлеме сияқты көрсеткіштер шешуші рөл атқарады.

Rabab'ah (2015) сызықтық регрессия моделін қолдана отырып, Иорданиядағы коммерциялық банктерді кредиттеу детерминанттарын қарастырады. Зерттеу нәтижелері орталық банктегі жұмыс істемейтін кредиттер деңгейі мен овернайт депозиттерінің мөлшерлемесі кредиттеудің өсуіне кері әсер ететінін, ал банктің көлемі мен экономикалық өсу қарқыны сияқты факторлар коммерциялық банктердің кредиттік белсенділігіне оң және айтарлықтай әсер ететінін көрсетті.

Manole және т.б. (2016) зерттеуінде авторегрессия мен өзгермелі элементтер қолданылып, Румыниядағы үй шаруашылықтары кредиттеу көлеміне жұмыссыздық деңгейі мен тұтыну бағасының индексінің әсері талданады (ARMAX моделі). Талдау нәтижесі осы екі макроэкономикалық фактордың үй шаруашылығын кредиттеу деңгейіне айтарлықтай әсер еткенін көрсетті, яғни жұмыссыздықтың артуы кредиттің қолжетімділігін және оған сұранысты төмендетеді, ал инфляциялық процестер қарыз алушылар мен кредиторлардың іс-әрекетіне теріс әсер етеді. Сонымен қатар, авторлар тек екі айнымалыға негізделген модельдің шектеулі екенін атап көрсетеді және үй шаруашылығын кредиттеу динамикасын толық талдау үшін қосымша факторларды ескеру қажет екенін атап көрсетеді.

Nieto (2007) зерттеуінде кателерді векторлық түзету (VECM) моделін қолдана отырып, Испаниядағы үй шаруашылықтарын кредиттеу динамикасы талданады. Зерттеу нәтижесі қарыз алудың ұзақ мерзімді үрдістеріне нақты шығыстың өсуі және үй шаруашылықтарының жалпы байлығы (қаржы активтері мен жылжымайтын мүлік), сондай-ақ кредитті өтеу мерзімін арттыру сияқты факторлар оң әсер ететінін көрсетеді. Бұл ретте кредит құнының өсуі мен жұмыссыздық деңгейі кері әсер етеді. Автор Испаниядағы үй шаруашылықтарының жалпы қарыз алу көлемі теориялық болжамдарға сәйкес келеді деп тұжырымдайды.

Guo & Stepanyan (2011) панельдік регрессияны қолдана отырып, кейінгі онжылдықтағы дамушы елдердегі банктің кредиттеу динамикасын зерттейді. Елдер бойынша үлкен деректер мен уақыт аралығы арқылы олар кредиттеудің өсуіне ішкі және сыртқы қаржыландыру көздерінің оң әсерін анықтайды. Экономикалық өсу кредиттеу көлемінің артуына себеп болады, ал жоғары инфляция кредиттің нақты өсуіне кері әсер етеді. Бұдан басқа, авторлар кредиттеу ауқымын кеңейту алғышарты ретінде банк секторының орнықты болуының маңызды екенін атап көрсетеді.

Қазіргі әдебиетте кредиттеу детерминанттарының салалық ерекшелігіне көп көңіл бөлініп отыр. Шетелдік зерттеулер түрлі саладағы кредиттеу деңгейінің жалпы макроэкономикалық ортаға ғана емес, сонымен қатар салалық ерекшеліктерге де, оның ішінде саланың жеке сипатына (мысалы, ауыл шаруашылығындағы маусымдық жағдайы), активтердің құрылымына, институционалдық шектеулерге, мемлекеттің қатысуына және т. б. байланысты екенін көрсетеді.

Demirgüç-Kunt және Maksimovic (1998) зерттеуіне сәйкес өнеркәсіпте, құрылыста және телекоммуникацияда басты факторларға қаржы инфрақұрылымының дамуы және кредиторлардың құқықтарын қорғау жатады. Тиімді институционалдық ортасы бар елдерде компаниялар әсіресе ұзақ мерзімді қарыз капиталын белсенді түрде тартуда. Сонымен қатар, Love және Zicchino (2006) қаржылық мүмкіндіктері шектеулі экономикада пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуы капиталды көп қажет ететін салаларды кредиттеу көлеміне көп әсер ететінін атап көрсетеді. АҚШ-тың Депозиттерді сақтандыру жөніндегі федералдық корпорациясының (FDIC, 2021) есебіне сәйкес, құрылыста мұндай ауытқулар жоғары борыш жүктемесі мен өтімділіктің нашарлығына байланысты дефолт тәуекелдерін күрт арттырады.

Ауыл шаруашылығында кредиттеу осы саланың ерекшеліктеріне қарай күрделене түседі. Ауыл шаруашылығы өндірушілерді кредиттеу көбінесе кепілдің төмендігіне, кірістің маусымға тәуелділігіне, әлсіз инфрақұрылымға байланысты шектеулі болады және агроөнеркәсіптік кешенді қаржылай қолдауды кеңейту үшін мемлекеттің жиі қатысуын талап етеді. Мәселен, Carter және Olinto (2003) ауыл шаруашылығын кредиттеудегі негізгі кедергі қарыз алу құны емес, кепілдің болмауы мен кірістің маусымға тәуелділігін атап көрсетеді. Мемлекет белсене араласатын елдерде мемлекеттік кепілдіктер мен субсидияланатын бағдарламалар (Barry және т.б., 2000) маңызды факторларға айналады, бұл фискалдық детерминанттардың әсерін көрсетеді.

Сауда саласы банк кредитін негізгі алушылардың бірі саналады, бұл салада макроэкономикалық жағдайлар емес, өтімділік, кірістілік және айналым көрсеткіштері кредиттеу детерминанттары болуы мүмкін (Garcia-Teruel және Martinez-Solano (2010).

Жоғарыда аталған зерттеулерге сәйкес банк кредиттеуі көлеміне макроэкономикалық және қаржылық айнымалылармен қатар басқа да әртүрлі факторлар әсер етеді. Негізгі факторлардың қатарында экономикалық өсу қарқыны, инфляция деңгейі, жұмыспен қамту және пайыздық мөлшерлемелер бар, олар кредитке сұранысты қалыптастырып, олардың қолжетімділігіне әсер етеді. Жекелеген зерттеу авторларының пікірінше, институционалдық факторлар (экономиканың, қаржы секторының даму кезеңі және т.б.), сондай-ақ салалардың ерекшелігі кредиттеу көлеміне әсер етуі мүмкін. Макроэкономикалық ортаның орнықтылығы, банк жүйесінің тұрақтылығы және тиімді ақша-кредит шарттары кредиттік белсенділікті сақтауда шешуші рөл атқарады.

Бұл қорытындылар макроэкономикалық параметрлерді сияқты банк жүйесі мен әлеуметтік ортаның тән ерекшеліктерін де ескеретін кредиттік динамиканы талдауға арналған кешенді көзқарастың қажет екенін атап көрсетеді. Айтылған факторларды нақты елдің экономикалық ортасының ерекшелігі контекстінде қарау қажет, бұл Қазақстанға макроэкономикалық саясаттың кредиттеуге әсерін зерделеу кезінде ерекше маңызды.

3. Қазақстан экономикасын кредиттеу тарихын талдау

2000 жылдардың басынан бері банк жүйесінің динамикалық дамуы экономиканы кредиттеу ауқымының кеңеюімен қатар жүрді. Екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) кредиттік портфелінің өсуі сыртқы арзан қаржыландыруға қол жеткізу аясында қарқынды түрде ұлғайды. ЖІӨ-ге шаққандағы кредиттер 2000 жылы 10,6%-дан 2007 жылы 56,5%-ға дейін ең жоғары мәніне дейін өсті (номиналды мәнде өсім 276,2 млрд теңгеден 7,3 трлн теңгеге дейін 26 есе), бұл сол кезде экономикада әлеуетті теріс өсім байқалғанын білдіреді. Осы кезеңде халыққа берілген ипотекалық кредиттердің біршама ұлғаюы кредиттердің өсуіне ықпал етті, ол өз кезегінде аралас салаларды (тұтынушылық кредиттер, құрылыс және т.б.) кредиттеуді дамытуға жағдай жасайды.

Қазақстанда 2007 жылы белгісі байқала бастаған 2008-2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы сыртқы инвестиция ағынының күрт қысқаруына ықпал етіп, арзан сыртқы қорға қол жеткізуді шектеді. Қаржы дағдарысының салдары, соның ішінде жылжымайтын мүлік бағасының құлдырауы жұмыс істемейтін кредиттердің (NPL) үлесі өсуіне әсер етті, ол 2014 жылы 33,7%-дық ең жоғары мәніне жетіп, кредит белсенділігінің төмендеуіне әкелді.


2009-2010 жылдары банктердің кредиттік белсенділігі төмен болуына кредиттік портфельдің сапасы нашарлауына байланысты кәсіпорындардың кредит тәуекелдері өсуі әсер етті. Ал кредиттік портфель сапасының нашарлауы, бір жағынан, қарыз алушылардың кредит төлеу қабілеті төмендеуімен және екінші жағынан, қолданылмайтын қарыздарды жаңадан берілетін кредиттермен алмастыру процесі жүрмегенімен түсіндіріледі (Қаржылық тұрақтылық туралы есеп, 2012).

Дағдарыстан кейінгі кезеңде Үкімет пен Ұлттық Банк қабылдаған бірқатар шаралар, оның ішінде кейбір банктердің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдау, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ сияқты проблемалық активтерді сатып алу жөніндегі арнайы компания құру 2011-2014 жылдары кредиттік белсенділік өсуіне ықпал етті, осы кезеңде жиынтық кредит портфелінің орташа жылдық өсімі 12,7% болды.

2015-2016 жылдары номиналды экспорт пен бюджет кірісі төмендеуіне алып келген мұнай бағасының едәуір төмендеуі аясында сауда шарттары біршама нашарлауына байланысты іскерлік белсенділіктің әлсіз динамикасы байқалды. 2015-2016 жылдары кредиттеу нарығындағы белсенділікті қолдау көбінесе экономиканың басым салаларын қамтыған жеңілдігі бар қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламалары есебінен қамтамасыз етілді.

2017 жылы экономикалық белсенділік біртіндеп қалпына келуіне қарай кредит төлеуге қабілетті қарыз алушылар тарапынан кредиттеуді қалпына келтіру белгілері байқала бастады. Несие берудің көлемі де, қарыз портфелінің мөлшері де артқаны байқалды. Алайда қарыз портфелінің жинақталған көрсеткіштері қайта қаржыландыру тәжірибесінің, соның ішінде өтеу мерзімін ұзартудың әсерінен бұрмаланды. Бұл кезеңде қарыз портфелінің динамикасына «Қазкоммерцбанк» АҚ мен «БТА банк» АҚ-тың бірігуіне байланысты оқиғалар да ауқымды ықпал етті. Банк активтері сапасын жақсарту үшін 2017 жылдан бастап тағы да қосымша қыруар мемлекеттік қаражат бөлінді, Банк секторының орнықтылығын арттыру бағдарламасы іске асырылды.

2018-2019 жылдары кредиттік портфель жеке портфельдің өсуі аясында сәл кеңейді. Корпоративтік портфель проблемалы қарыздардың қысқаруы мен дәрменсіз банктерді жүйеден шығару нәтижесінде азайды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша кредиттік портфель 3,0% деңгейінде салыстырмалы түрде шамалы өсіп, 2019 жылы жалпы кредиттік портфель 5,9%-ға жетіп, қалыпты өсім көрсетті (1-сурет). Алайда, бұл өсім негізінен жеке тұлғалардың портфелі ұлғаюына байланысты болды, ал заңды тұлғаларға берілген қарыздан теріс динамика байқалды.



* 2023 жылғы қазанмен салыстырғанда 2024 жылғы қазанда кредиттік портфельдің өсу қарқыны
Дереккөзі: ҚРҰБ деректері негізінде есептелді.

2020 жылы қаржы секторының дамуына коронавирус инфекциясының таралуы мен карантин шаралары әсер етті. Ұзаққа созылған шектеу шаралары экономикадағы сапалы қарыз алушылар жеткіліксіздігі проблемасын ушықтыра отырып, экономикалық субъектілердің төлем қабілетін әлсіретті. Кредиттердің өсуі әртүрлі мемлекеттік бағдарламалардан («Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, «ДАМУ» АҚ желісі бойынша кәсіпкерлікті қолдау, кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы, «Жұмыспен қамту 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы», жеңілдігі бар ипотекалық кредиттеу, оның ішінде «7-20-25», агробизнесіті дамыту және т.б. бағдарламасы) қолдау тапты. 2020 жылы халыққа берілген қарыз үлесіне қарағанда корпоративтік сектордың қарызы азайғаны байқалды. Мәселен, 2019 жылғы желтоқсанда 52% болған заңды тұлғалардың кредиттік портфелінің үлесі 2020 жылғы желтоқсанда 48,5%-ға түсті.

Пандемиядан кейінгі кезеңде өсу қарқыны төмендеген қаржы ұйымдарының кредиттік белсенділігі 2021 жылы іскерлік белсенділіктің өсуі, халықтың БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу мүмкіндігін енгізу, дағдарысқа қарсы бағдарламаларды іске асыру, бизнес субъектілері тарапынан сұраныстың өсуі аясында қалпына келгені белгілі болды. Бұдан басқа, банк құралдарын технологиялық тұрғыдан жетілдіру қарыз алу процесін жеңілдетті. Нәтижесінде, 2021 жылғы желтоқсанда кредиттік портфель бір жылда 26,5%-ға өсіп, 2008 жылғы рекордтық деңгейге жетті.

Қазақстанның кредиттік нарығына әсер еткен тағы бір фактор 2022 жылғы қаңтар оқиғасы, сондай-ақ әлемде геосаяси жағдайдың шиеленісуі болды. Бұл оқиғалар Қазақстан экономикасының ауқымды құрылымдық триггеріне айналды: логистикаға байланысты ахуал нашарлады, іскерлік белсенділік төмендеді. Геосаяси дағдарыс нәтижесінде Ресейдің еншілес банктерінің қатысуы қысқарды. Сыртқы және ішкі инфляциялық күтпеген өзгерістер жағдайында ақша-кредит шарттары қатаңдатылды. Бұдан басқа, пандемия кезіндегі шараларға ұқсас қарыз алушыларда қарыздар бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мүмкіндігі болды. 2022 жылы тұтынушылық және ипотекалық қарыздардың өсуі аясында халық банктерінің негізгі қарыз алушылары болды. Жеке тұлғаларға берілген қарыздардың жылдық өсімі заңды тұлғаларға арналған кредит портфелі тиісті ұлғаюынан іс жүзінде үш есе асып түсті.

2023-2024¹ жылдары халыққа кредит берудің жоғары қарқыны сақталуы мен бизнеске берілген кредиттің өсуінің жеделдеуінен экономиканы кредиттеу оң аймақта тұр. Халыққа берілетін кредит негізінен тұтынушылық кредиттеу есебінен жалпы кредиттеу өсуінің негізгі қозғаушы күші болып отыр, ол бөліп төлеудің кеңінен таралуына байланысты жеделдеді. «7-20-25» жеңілдігі бар бағдарлама бойынша лимиттердің қысқаруы, сондай-ақ «Отбасы Банктің» аралық қарыздары бойынша шарттардың күшеюі аясында 2023 жылы берілген ипотекалық қарыздардың өсу қарқыны едәуір баяулағаны байқалды, алайда 2024 жылы ипотекалық кредиттеу қалпына келгені байқалды, соның ішінде бұған «Отбасы Банктің» («Наурыз» және «Отау») жаңа ипотекалық бағдарламалары әсер етті. Бизнеске берілетін кредит негізінен шағын кәсіпкерлік субъектілері есебінен де, оның ішінде қаржылық қызметтерді жылдам цифрландыру аясында өсті. Шағын бизнеске берілген кредиттердің құрылымында жеке кәсіпкерлерге берілген кредиттер неғұрлым өсті.

Осылайша, Қазақстанның банк секторының кредит нарығы бірқатар сыртқы және ішкі фактордың, мемлекеттік бағдарламаларды жаппай іске асырудың және үкіметтің жекелеген дискреттік шешімдерінің ықпалымен қалыптасты. Осы факторлардан негізгі параметрлерді бөлу халық пен бизнес тарапынан кредиттік ресурстарға деген сұраныс детерминанттарын сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

4. Зерттеу әдіснамасы және пайдаланылған деректер

Жеке және корпоративтік кредиттеудің детерминантын сәйкестендіру шеңберінде кредиттік портфельдердің қалдықтары/көлемі үшін векторлық авторегрессия (VAR) модельдері құрылды. Халыққа берілетін кредиттер бойынша модельдерді әзірлеу екі негізгі сегмент: тұтыну кредиттері мен ипотекалық қарыздар бойынша жүргізілді. Макроэкономикалық факторлар мен бизнеске берілетін кредиттер арасында байланыс орнату экономиканың әртүрлі салалары, атап айтқанда ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік, құрылыс, сауда, байланыс және басқа салалары үшін жекелеген VAR моделін құру арқылы жүзеге асырылды.

Модельдерді қалыптастыру процесінде әлеуметтік-экономикалық, қаржылық және фискалдык көрсеткіштердің кең тізбесі пайдаланылды. Модельге енгізілген айнымалылардың қорытынды жинағы 1-кестеде берілген.

1-кесте

Айнымалылар туралы мәліметтер

Модельге енгізілген факторлар	
LY	Қысқа мерзімді экономикалық индикатор (ҚЭИ)
LP	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)
ICS	Халықтың ағымдағы жай-күйінің индексі (инфляциялық күтулер бойынша халық арасындағы пікіртерімен)
LINCOME	Халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы
INT_RATE_CONS	Жаңадан берілген тұтынушылық кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме
INT_RATE_MORT	Жаңадан берілген ипотекалық қарыздар бойынша орташа мөлшерлеме
INT_TRADE_KZT	Сауда саласына жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме
INT_IND_KZT	Өнеркәсіп саласына жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме
INT_CONSTR_KZT	Құрылыс саласына жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме
INT_TRANSPORT_KZT	Көлік саласына жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме

¹ 2023 жылғы қаңтардан бастап 2024 жылғы қазан аралығындағы кезең.

INT_COM_KZT	Байланыс саласына жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме
INT_AGR_KZT_SA	Ауыл шаруашылығына берілген жаңадан кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме
INT_OTH_KZT	Басқа салаларға жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме
LPORTF_CONSUMER	Тұтынушылық кредиттердің кредиттік портфелінің қалдықтары
LPORTF_MORTGAGE	Ипотекалық портфель қалдықтары
LPORTF_KZT_IND	Өнеркәсіп саласындағы кредиттік портфель қалдықтары
LPORTF_KZT_AGR	Ауыл шаруашылығы саласындағы кредиттік портфель қалдықтары
LPORTF_KZT_TRD	Сауда саласындағы кредиттік портфель қалдықтары
LPORTF_KZT_CON	Құрылыс саласындағы кредиттік портфель қалдықтары
LPORTF_KZT_COM	Байланыс саласындағы кредиттік портфель қалдықтары
LPORTF_KZT_TRA	Көлік саласындағы кредиттік портфель қалдықтары
LPORTF_KZT_OTH	Басқа салалардың кредиттік портфелі қалдықтары
LVOLUME_CONSTR	Құрылыс жұмыстарының көлемі
LTRADE	Бөлшек тауар айналымы
LTRANSPORT	Көлік саласы қызметтерінің жалпы қосылған құны (ЖҚҚ)
LCOMM_COMP	Байланыс кәсіпорындары қызметтерінің жалпы қосылған құны (ЖҚҚ)
RES_BUILD	Пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы ауданы
PETRPRICE	Бензин бағасы АИ-92
LGOVBUDGET_AGR	Ауыл шаруашылығына арналған мемлекеттік шығыс
LGOVBUDGET_IND	«Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» бабы бойынша мемлекеттік шығыс
FREIGHT_TRANSPORT	Жүктерді көліктің барлық түрлерімен тасымалдау
TELECOMSERVICES	Байланыс қызметтерінің көлемі
DUMMY_ENPF	БЖЗҚ-дан жинақтарды алудың жалған айнымалысы
DUMMY_MORT	2017 жылғы сәуірде ипотека портфелінің күрт төмендеуіне байланысты біржолғы ауытқуды есепке алуға арналған жалған ауыспалы
DUMMY_CONS	2015 жылғы қазанда және 2018 жылғы шілдеде тұтыну кредиттері портфелінің күрт қысқаруына байланысты біржолғы ауытқуларды есепке алуға арналған жалған ауыспалы
DUMMY_AGR1, DUMMY_AGR2	2018 жылдың екінші жартысында және 2019 жылдың қаңтарында ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларының кредит портфелінің күрт қысқаруына байланысты күтпеген өзгерістерді есепке алуға арналған жалған ауыспалылар
DUMMY_IND1, DUMMY_IND2	
DUMMY_TRADE	2017 жылғы қарашадан 2018 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде саудаға кредит портфелінің күрт қысқаруынан туындаған күтпеген өзгерістерді есепке алуға арналған жалған ауыспалы
DUMMY_CON	2021 жылғы қарашадан бастап 2022 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде құрылыс саласындағы кредит портфелінің ұлғаюынан туындаған күтпеген өзгерістерді есепке алуға арналған жалған ауыспалы
DUMMY_C1, DUMMY_C2	2019 жылғы сәуір - 2019 жылғы мамыр аралығындағы кезеңде байланыс саласындағы кредит портфелінің күрт ұлғаюынан туындаған күтпеген өзгерістерді есепке алуға арналған жалған ауыспалылар
DUMMY_T1, DUMMY_T2	2022 жылғы қыркүйектен 2023 жылғы қаңтарға дейінгі кезеңде көлік саласындағы кредит портфелінің күрт ұлғаюынан туындаған күтпеген өзгерістерді есепке алуға арналған жалған ауыспалылар
DUMMY_OTH1, DUMMY_OTH2	2015 жылғы қазан - 2016 жылғы маусым аралығындағы кезеңде басқа салалардағы кредит портфелінің күрт қысқаруынан туындаған күтпеген өзгерістерді есепке алуға арналған жалған ауыспалылар

— Экономикалық белсенділік көрсеткіштері – қысқа мерзімді экономикалық индикатор (ҚЭИ), экономика салаларының өсу қарқыны (сауда, құрылыс, көлік, тұрғын үй ғимараттарын пайдалануға беру көлемі және т.б.) экономикалық агенттердің кірістерін ұлғайтуға ықпал етеді, бұл олардың кредиттік ресурстарды тартудың әлеуетті мүмкіндіктерін кеңейтеді. Осыған байланысты кредиттеудің (тұтынушылық, ипотекалық, тиісті салаға кредит беру) ықтимал өсуі туралы жорамалдар негізді деп есептеуге болады.

— Экономикадағы бағаның жалпы деңгейінің өсуі, өз кезегінде, бизнес пен халықтың кредитке деген сұранысын төмендету арқылы экономикалық агенттердің сатып алу қабілетін төмендетуі мүмкін.

— Халықтың материалдық жағдайының жақсаруы тұтынушылық кредит беруге оң әсерін тигізеді. Өзінің материалдық жағдайын оң бағалаған жағдайда үй шаруашылықтары, оның ішінде қарыз қаражатын тарту есебінен белсенді түрде тұтынуға бейім болады.

— Кредиттеу (тұтыну, ипотека, экономика салалары бөлінісінде бизнес) мөлшерлемесінің көтерілуі бизнес пен халықтың қарыз алу құнын өсіреді. Бұл фактор кредитке деген сұранысты қысқартады, бұл кредиттеудің кей түрін айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

— Тұтынушылық кредиттеудің кеңеюі тұтыну сұранысының ұлғаюымен ұштасып отыр, бұл сауданың нақты көлемі индексінің өсуіне әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар саудадағы белсенділіктің одан әрі өсуі сауда саласының субъектілерінің кредитке деген сұранысының өсуіне алғышарт қалыптастырады.

— Жанармай шығынының ұлғаюы міндеттемелерді орындау және жаңа қарыз қаражатын тарту үшін көлік компанияларының қаржылық мүмкіндіктерін шектейді. Нәтижесінде бензин бағасының өсуі көлік саласына кредит беруді тежеуі мүмкін.

— Белгілі бір салада мемлекеттік шығыстың өсуі кредит беру көлемін ұлғайтуды айтарлықтай ынталандыруы мүмкін. Мемлекеттің бизнесті қолдауы пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау мен кепілдендіруді қамтитын жеңілдетілген бағдарламалар арқылы қарыз ресурстарының құнын төмендетіп, банктердің кредиттік тәуекелін азайтады әрі инвестициялық белсенділікті арттырады. Нәтижесінде салалық кредиттеудің өсуі үшін қолайлы жағдайлар қалыптасады.

— Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау көлемінің ұлғаюы көлік қуаттарын жаңарту және кеңейту үшін капиталға қажеттіліктің өсуімен қатар жүреді, бұл көлік саласында кредиттеуді ұлғайтуға ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар жүк тасымалдарындағы белсенділіктің өсуі көлік компаниялары тарапынан кредиттерге одан әрі сұраныс үшін қосымша алғышарттар жасайды.

— Ұсынылатын байланыс қызметтері көлемінің ұлғаюы байланыс операторларының инвестициялық белсенділігінің өсуіне ықпал етеді, бұл саладағы кредитке сұраныстың жоғары болғанының көрінісі болуы мүмкін. Сонымен қатар, байланыс қызметтерінің ауқымы мен көлемін кеңейту сектор кәсіпорындарына одан әрі кредит беру үшін қосымша ынталандырады.

— 2021 жылы және 2022 жылдың алғашқы айларында ипотеканың қарқынды өсуін есепке алу мақсатында ипотекалық кредиттеуге оң әсер ететін БЖЗҚ-дан қаражатты алудың дами-айнымалысы қолданылды. Экономика салаларын кредиттеудегі дами-айнымалы банк секторын қалпына келтіру шеңберінде кредиттерді есептен шығару фактісін көрсетеді және болжам бойынша тәуелді ауыспалыға теріс әсер ету белгісі болуға тиіс.

Жұмыстың ақпараттық базасы ресми статистикалық дереккөздері ҚР Ұлттық Банкі, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және ҚР Қаржы министрлігі ұсынған деректер негізінде қалыптастырылды.

Модельдеу барынша еркін болуы үшін инфляциялық таргеттеуді енгізу кезеңінен, яғни 2016 жылғы қаңтардан бастап 2023 жылғы желтоқсанға дейінгі айлық деректер негізінде жүргізілді. Маусымдық әсерді ескере отырып, бастапқы деректерді өңдеу процесінде X-12-ARIMA әдісімен айнымалыларға маусымдық түзету жасалды. Бұдан әрі

орташа есептелген мөлшерлемені қоспағанда, номиналды мәнде ұсынылған көрсеткіштер нақты шамалардың логарифмдеріне түрлендірілді. Деректерді өңдеудің келесі кезеңінде Дики-Фуллердің кеңейтілген тестін (ADF) пайдалана отырып, уақыттық қатарларды стационарлыққа тексеру жүргізілді. Талдау нәтижелері айнымалылардың көпшілігінде тұрақсыздық белгісі бар екенін көрсетті (қосымша, 1-кесте). Деректерді стационарлық түрге келтіру мақсатында тиісті уақыт қатарларының алғашқы айырмашылықтары есептелді.

Векторлық авторегрессияның бастапқы модельдері кейіннен мультиколлинеарлықты жою, параметрлерді бағалаудың тұрақтылығын қамтамасыз ету және модельдің экономикалық түсіндірілуін сақтау мақсатында қысқартылған айнымалылардың үлкен жиынтығын қамтыды.

Бөлшек және корпоративтік кредиттеу үлгілерін құру процесінде лагтың оңтайлы тәртібі Шварц өлшемшарты (SC), Акаике өлшемшарты (AIC), Ханан-Куин өлшемшарты (HQ) және болжамның түпкілікті қате өлшемшарты (FPE) сияқты статистикалық өлшемшарт нәтижелері негізінде таңдалды (қосымша, 2-кесте). Үлгілерді тұрақтылыққа тексеру AR сипаттамалық полиномының барлық түбірі кешенді жазықтықтағы бір шеңбердің ішінде екенін көрсетті, бұл таңдалған үлгілер орнықты әрі тұрақты екенін растайды. Автокорреляция мен гетероскедастылықты тексеру нәтижелері гетероскедастылықтың және қалдықтардың тізбекті корреляциясы жоқ екенін көрсетеді (қосымша, 3 және 4-кестелер).

Модель параметрлерінің VAR маңызын бағалау Стьюденттің t-өлшемшартының байқалатын мәнін маңызды мәнімен салыстыру арқылы жүргізілді. Модельдеу нәтижелерінің теориялық үйлесімділігі жинақталған импульстік пікірлердің коэффициенттері мен кестелері бойынша тексерілді.

5. Кредит модельдерінің құрылымы мен нәтижелерінің сипаттамасы

Халықтың кредитін екі бағытқа бөлудің алғышарты кредиттің мерзімімен, сомасымен және тәуекел деңгейімен байланысты бөлшек кредиттеудің әрбір сегментінің бірегей сипаттамалары болды. Тұтыну кредиттерінің динамикасы көбінесе үй шаруашылықтарының қысқа мерзімдегі қажеттіліктеріне, тұтынушылық көңіл-күй деңгейіне және кредит өнімдерінің қолжетімділігіне байланысты. Сонымен қатар, ипотекалық кредиттеу халықтың кіріс деңгейімен, тұрғын үйдің қолжетімділігімен, пайыздық мөлшерлемелермен және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының болуымен айқындалады.

Тұтыну кредиттері. Тұтыну кредиттерінің VAR моделіне (2-кесте) эндогендік ауыспалылар ретінде экономикалық белсенділіктің прокси көрсеткіші ретінде ҚЭИ, жаңа берілген тұтыну кредиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме және тиісті кредиттік портфель бойынша қалдықтар енгізілді. Бірінші кезеңде модель құрылымдылықты қамтамасыз ету үшін тұтыну бағаларының индексімен толықтырылды, алайда статистикалық маңызы болмағандықтан ол көрсеткіш кейіннен алынып тасталды. Халықтың кредитке деген сұранысының қосымша факторларын есепке алу мақсатында VAR моделіне бөлшек тауар айналымы², халықтың жай-күйі индексі (ICS)³ және экзогенді ауыспалы ретінде тұтыну кредиттері қоржынының жалған ауыспалы⁴ түрі қосылды.

² Экзогендік фактор ретінде тауарлар ұсынысының өсуіне (нарықтағы жоғары сұраныстың әсерінен) және үшінші лаптағы көрсеткіштің маңыздылығына кредиттердің теориялық жағынан неғұрлым кеш әрекетіне байланысты бөлшек тауар айналымы көлемдерінің логарифмдері айырмашылығының үшінші лаг пайдаланылды.

³ Ағымдағы жай-күй индексі – жеке индекстердің орташа мәні: соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың және ірі сатып алу индексінің өзгеруі. Инфляциялық күтулерді бағалау шеңберінде халыққа сауалнама жүргізу негізінде жасалады.

⁴ Көрсеткіштің байқалатын елеулі ауытқу кезеңінде 1 және қалған кезеңдерде 0 мәнін қабылдайтын жалған ауыспалы біржолғы әсерді оқшаулау және модель бағаларының ығысуын болдырмау үшін пайдаланылады.

Тұтыну кредитінің векторлық авторегрессия моделінің нәтижесі*

	D(LPOTF_CONSUMER)
D(LY(-1))	0.021703 (0.02154) [1.00754]
INT_RATE_CONS(-1)	0.026300 (0.00733) [3.58681]
D(LPOTF_CONSUMER(-1))	0.346318 (0.08626) [4.01468]
D(LTRADE(-3))	0.017454 (0.01881) [0.92787]
D(ICS)	0.071564 (0.02956) [2.42065]
DUMMY_CONSUM	-6.101758 (1.28806) [-4.73715]
R-squared	0.330532
Adj. R-squared	0.292921
Sum sq. resids	144.7771
S.E. equation	1.275425
F-statistic	8.788263
Log likelihood	-154.8118
Akaike AIC	3.385512
Schwarz SC	3.546809
Mean dependent	0.719539
S.D. dependent	1.516775

Ескерту: тұрақты мүше оның маңызды болмауына байланысты теңдеуден алып тасталды.

* Кестеде осы жерде және одан әрі түсіндіретін айнымалы кезіндегі регрессия коэффициенті тыныс белгілерінсіз және оның белгісі көрсетілген, жай жақшаның ішінде (...) регрессия коэффициентінің стандартты қатесі, тік жақшада регрессия коэффициентінің t-статистикасының маңыздылығы [...] көрсетілген.

Жалған айнымалыдан басқа тұтынушылық кредиттер портфелінің лагы, орташа өлшемді мөлшерлеме және қазіргі жай-күй индексі ($p\text{-value} < 0.05$) сияқты маңызды көрсеткіштер де бар. Жинақталған импульстік жауаптардың белгілері мен графиктері айнымалылар арасындағы теориялық негізделген байланысты көрсетеді. Экономикалық жағдай және халықтың жеке материалдық жағдайы жақсарған, бөлшек сауда және кредиттік ресурстарға сұраныс кеңейген жағдайда тұтынушылық кредиттердің өсу үрдісі көрінеді.

Модельдеу нәтижесіне сәйкес тұтынушылық кредиттердің динамикасы көбінесе тұтынушылық сұранысқа және халықтың өз қаржылық жай-күйін субъективті қабылдауына, сондай-ақ кредиттік ресурстардың қолжетімді болуына байланысты. Кредиттеу құнынан басқа кредиттердің қолжетімді болу факторына модельдеу кезінде ескеру қиын болатын банк қызметтерін жаппай цифрландыруды жатқызуға болатынын атап өткен жөн. Тұтынушылық кредиттер беру процесін оңайлату және ЕДБ-нің белсенді маркетингі үй шаруашылықтарының қаржылық іс-әрекетіне елеулі түрде әсер ете отырып, тұтыну үшін қосымша ынталандырушы серпін жасайды. Қазіргі уақытта аталған сапалық

факторларды есепке алу тиісті анықталған деректердің болмауына байланысты қиынға соғып отыр, демек, осы бағытта тұтынушылық кредиттеуді одан әрі талдау мәселесі өзекті болып отыр.

Ипотекалық қарыз. Ипотекалық қарыздың эндогенді айнымалылар VAR модельдерінің тізбесіне (3-кесте) тұтыну бағаларының индексі (ТБИ), жаңа берілген ипотекалық қарыз бойынша орташа мөлшерлеме және ипотекалық портфель қалдықтары кірді. Бастапқыда модельге екі факторды, қысқа мерзімді экономикалық индикатор мен инфляцияны енгізу ұйғарылды, бірақ екі көрсеткіш де статистикалық тұрғыдан маңызды болған жоқ. Алайда, модельдің құрылымдылығын қамтамасыз ету үшін t-статистикасының мәні неғұрлым жоғары бір айнымалыны, инфляцияны қалдыру туралы шешім қабылданды. Қорытынды модель үшін экзогенді айнымалылар арасынан пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы алаңы, нақты мәндегі халықтың жан басына шаққандағы табысы, БЖЗҚ-дан⁵ жинақтарды алудың жалған айнымалысы және ипотекалық қарыз портфелінің жалған айнымалысы таңдап алынды⁶.

3-кесте

Ипотекалық қарыздың векторлық авторегрессия моделінің нәтижесі

	D(LPORTF_MORTGAGE)
D(LP(-1))	-0.027225 (0.51155) [-0.05322]
D(INT_RATE_MORT(-1))	0.009226 (0.41084) [0.02246]
D(LPORTF_MORTGAGE(-1))	0.083445 (0.11474) [0.72722]
C	0.592872 (0.45020) [1.31692]
D(RES_BUILD(-1))	1.382794 (1.07526) [1.28601]
DUMMY_ENPF	0.690314 (0.58575) [1.17852]
D(LINCOME(-1))	0.373496 (0.17552) [2.12796]
DUMMY_MORT	12.90975 (2.53863) [5.08532]

⁵ Кезеңге байланысты жалған айнымалының мәндері мынадай деңгейлермен белгіленген:

0 – халықтың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі енгізілгенге дейін;

1 – заңнамаға БЖЗҚ-дан жинақтардың бір бөлігін мерзімінен бұрын алу үшін жеткіліктілік шегі көтерілгенге дейін зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу туралы түзетулер күшіне енгеннен бастап;

0.5 – жеткіліктілік шегінің жаңа мәндері кезінде кейінгі кезеңдерде.

⁶ Көрсеткіштің байқалатын елеулі ауытқу кезеңінде 1 мәнін және қалған кезеңдерде 0 мәнін қабылдайтын жалған айнымалы біржолғы әсерді оқшаулау және модель бағалауының ығысуын болдырмау үшін пайдаланылады.

R-squared	0.317609
Adj. R-squared	0.263327
Sum sq. resids	341.4709
S.E. equation	1.969861
F-statistic	5.851179
Log likelihood	-197.1260
Akaike AIC	4.273458
Schwarz SC	4.487154
Mean dependent	1.133181
S.D. dependent	2.295082

Жалған айнымалыдан басқа айнымалылар ішіндегі халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы коэффициенттің жоғары статистикалық маңызы барын көрсетеді ($p\text{-value} < 0.05$). Жинақталған импульстік жауаптардың графиктері эндогендік айнымалылардың ипотекаға тигізетін теориялық әсеріне сәйкес келеді.

Модельге сәйкес ипотекалық қарыз тұтыну бағасының өсуіне жауап ретінде азаяды: халықтың нақты кірісінің қысқаруы мен тұрғын үй құнының өсуі нәтижесінде (құрылыс және қосалқы материалдар бағасының көтерілуі әсерінен) тұрғын үй мен ипотека қолжетімсіз бола түседі. Нақты кірістің өсуі, керісінше ипотекалық портфельді ұлғайтады. Тұрғын үй ұсынысының кеңеюі және зейнетақы жинақтарын пайдалану сияқты жаңа мүмкіндіктерді енгізу ипотекаға оң әсер етеді. Сонымен қатар банктердің пайыздық мөлшерлемені көтеруі импульстік жауаптардың нәтижесіне сәйкес ипотекалық қарыздың өсуін тежейді.

Нәтижеге сәйкес халықтың табысы мен халықтың зейнетақы активтерін мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі – ипотекалық портфель динамикасының аса маңызды факторы. Модельдің нәтижесін талдау кезінде ипотекалық нарықтағы мемлекет үлесінің басым екенін (мөлшерлемесі нарықтық мөлшерлемеден едәуір төмен қарыз) ескеру қажет, ол пайыздық мөлшерлеме мен ипотекалық портфель қалдықтарының тарихи динамикасында көрініс табады.

Макроэкономикалық детерминанттарды талдау кезінде корпоративтік кредиттерді жекелеген салаларға бөліп қарастыру экономикалық қызметтің ерекшелігін, қаржыландыруға деген қажеттіліктерді және бизнес субъектілерінің тәуекел деңгейін әрбір экономикалық сектор бойынша ескеру қажеттілігінен туындайды. Бұдан басқа нақты салаларды елеулі мемлекеттік қолдаудың болуы модельдеу нәтижелеріне де әсер етуі мүмкін.

Ауыл шаруашылығы саласы. Ауыл шаруашылығына берілген жаңа кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме, ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік шығыс («ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған орта мен жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» шығыс бабы) және кредиттік портфель бойынша қалдық ауыл шаруашылығы саласындағы кредиттердің эндогенді айнымалылар VAR моделі (4-кесте) ретінде болды. Экзогенді айнымалы модельдер банк жүйесін қалпына келтіру шеңберінде проблемалы қарыздарды есептен шығарудан туындаған 2018 жылдың екінші жартысында және 2019 жылғы қаңтарда кредиттік портфельдің күрт қысқаруына (2019 жылғы қаңтарда 2018 жылғы шілдеге қарағанда 44,6%-ға төмендеу) байланысты күтпеген өзгерісті есепке алуға арналған жалған айнымалылар түрінде ұсынылған. Жалған айнымалыларды қосу осы күтпеген өзгерістің әсерін бейтараптандыруға мүмкіндік береді, бұл басқа факторлардың әсерін неғұрлым дұрыс бағалауға ықпал етеді.

4-кесте

Ауыл шаруашылығы саласындағы бизнесті кредиттеудегі векторлық авторегрессия моделінің нәтижесі

	D(LPORTF_KZT_AGR)
D(INT_AGR_KZT_SA(-1))	-0.045502

	(0.18041) [-0.25221]
D(INT_AGR_KZT_SA(-2))	-0.141723 (0.17563) [-0.80694]
D(LGOVBUDGET_AGR(-1))	-0.012934 (0.00476) [-2.71918]
D(LGOVBUDGET_AGR(-2))	-0.021389 (0.00471) [-4.54129]
D(LPOTRF_KZT_AGR(-1))	-0.180090 (0.04567) [-3.94333]
D(LPOTRF_KZT_AGR(-2))	-0.158156 (0.04890) [-3.23414]
C	0.577732 (0.24338) [2.37383]
DUMMY_AGR1	-7.253650 (0.39044) [-18.5781]
DUMMY_AGR2	8.607272 (1.08604) [7.92540]
R-squared	0.824349
Adj. R-squared	0.808560
Sum sq. resids	436.7202
S.E. equation	2.215168
F-statistic	52.21071
Log likelihood	-212.2779
Akaike AIC	4.515876
Schwarz SC	4.753271
Mean dependent	-0.404849
S.D. dependent	5.062792

Модельдің бастапқы ерекшелігінде жалпы экономикалық циклдің ауыл шаруашылығындағы кредиттеу көлеміне әсерін ескеру үшін ҚЭИ параметрін қосуға әрекет жасалды. Алайда нәтижені талдағаннан кейін коэффициенттің статистикалық тұрғыда маңызды болмауына және оның белгісінің дұрыс болмауына байланысты осы айнымалыны алып тастау туралы шешім қабылданды, бұл аграрлық сектордағы экономикалық белсенділік пен кредиттеу динамикасы арасындағы байланыс жоқ екенін немесе дұрыс емес екенін көрсетеді. Ауыл шаруашылығының мемлекеттік ынталандыруға, маусымдық және климаттық тәуекелдерге жоғары тәуелділігі экономикалық белсенділіктегі өзгерістердің оған әсерін төмендетуі ықтимал.

Қорытынды модель коэффициенттерінің барлық белгілері ауыспалылар арасындағы теориялық негізделген байланыстарға сәйкес келеді, алайда бірқатар көрсеткіштер бойынша байланыстың болмашы ғана екені байқалады. Атап айтқанда ауыспалы орташа алынған пайыздық мөлшерлеменің теріс коэффициенті кредиттік мөлшерлемелер мен кредиттеу көлемдері арасында кері байланыстың болуын растайды. Сонымен бірге бұл

ауыспалылықтың статистикалық болмашы болуын жеңілдікті ставкалы кредиттердің кеңінен таралуына байланысты ауыл шаруашылығы саласын кредиттеуге пайыздық мөлшерлеменің шектеулі әсерімен түсіндіруге болады.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығы секторы елеулі дәрежеде мемлекеттік қолдауға тәуелді. Квазимемлекеттік қаржы институттарының (мысалы, Аграрлық Несие Корпорациясы және ҚазАгроҚаржы) рөлі біртіндеп артып келеді. Бұл ұйымдар жеңілдікті бағдарламалар мен субсидияланған кредиттер арқылы қаржыландырудың анағұрлым тартымды шарттарын ұсынады, бұл агробизнесің дәстүрлі банктік кредиттеуге тәуелділігін төмендетеді. Бұдан басқа ауыл шаруашылығы активтерінің өтімділігінің төмендігі және жерді және басқа да объектілерді кепіл ретінде пайдалану мүмкіндігінің шектелуі банктерге қосымша тәуекел туғызады. Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік шығыстар алынған бағаларға сәйкес кредит беру көлеміне кері әсер етеді. Бюджеттік шығыстарды кеңейту ЕДБ-нің кредитке деген сұранысын төмендетуі мүмкін, өйткені кәсіпкерлер дәстүрлі банк кредитінің орнына неғұрлым тиімді шарттары бар мемлекеттік бағдарламаларды таңдай алады.

Осылайша, модельдегі бірқатар айнымалының сәл ғана болуы ауыл шаруашылығына кеңейтілген кредит беру құрылымының ерекшеліктерімен түсіндірілуі мүмкін (ЕДБ-ден ғана емес). Бұдан бұрын атап өткендей, ауыл шаруашылығындағы кредит беру көлеміне сыртқы факторлар (экономикалық емес сипаттағы) әсер еткен болуы мүмкін, оларды стандартты эконометрикалық модель шеңберінде ескеру қиын. Бұл факторлар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық жағдайына тікелей әсер ете отырып, жылдан жылға айтарлықтай өзгеріп отыруы мүмкін. Алайда тиісті айнымалыларды модельге енгізу квантификацияланған деректердің болмауына байланысты қиындық туғызады.

Өнеркәсіп. Өнеркәсіп саласындағы кредиттердің VAR моделінің құрамына (5-кесте) мынадай эндогендік ауыспалылар кірді: ҚЭИ, ТБИ, бизнеске жаңа берілген кредиттер бойынша орташа ставка, «өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» бабы бойынша мемлекеттік шығыстар және кредиттік портфель бойынша қалдықтар. Экзогенді айнымалы модельдер 2018 жылдың екінші жартысында және 2019 жылғы қаңтарда кредиттік портфельдің күрт қысқаруына байланысты болатын шокты көрсететін жалған айнымалыларды қамтиды.

5-кесте

Өнеркәсіп саласындағы бизнеске кредит берудегі векторлық авторегрессия моделінің нәтижелері

D(LPORF_KZT_IND)	
D(LY(-1))	0.033816 (0.02281) [1.48222]
D(LY(-2))	0.014300 (0.02331) [0.61355]
D(LP(-1))	0.332383 (0.26780) [1.24114]
D(LP(-2))	-0.163929 (0.26534) [-1.21873]
D(INT_IND_KZT(-1))	-0.549567 (0.07993) [-6.87532]

D(INT_IND_KZT(-2))	0.192142 (0.08886) [2.16224]
D(LGOVBUDGET_IND(-1))	-0.003203 (0.00146) [-2.19248]
D(LGOVBUDGET_IND(-2))	-0.003441 (0.00141) [-2.44725]
D(LPOTRF_KZT_IND(-1))	-0.178397 (0.07293) [-2.44620]
D(LPOTRF_KZT_IND(-2))	0.055044 (0.06392) [0.86118]
C	-0.010957 (0.23464) [-0.04670]
DUMMY_IND	2.567444 (0.28360) [9.05295]
DUMMY_IND2	-2.698886 (0.36758) [-7.34225]
R-squared	0.713760
Adj. R-squared	0.673349
Sum sq. resids	132.7379
S.E. equation	1.249649
F-statistic	17.66277
Log likelihood	-153.9230
Akaike AIC	3.406592
Schwarz SC	3.749496
Mean dependent	0.192062
S.D. dependent	2.186483

Модельді бағалау нәтижелеріне сәйкес, ҚЭИ ауыспалы оң коэффициенті экономикалық белсенділіктің кредиттеу көлеміне айтарлықтай әсері ететінін растайды. Сонымен бірге бұл айнымалы ауыл шаруашылығын кредиттеудегі сияқты статистикалық тұрғыдан елеусіз. Бұл жағдай саланың экономикалық циклдарға қарамастан жұмыс істейтін мемлекеттік қолдау шараларына ішінара тәуелділігін көрсетуі мүмкін.

Инфляция көрсеткіші екінші лапта маңызды екенін (p -value < 0.25) көрсетеді, бұл бағаның өсуі мен оның кредиттеуге тигізетін әсері арасындағы аздаған уақыт аралығының бар екенін растайды. Атап айтқанда инфляцияның өсуі бизнестің инфляцияны күтуінің өсуіне, сондай-ақ материалдарды сатып алу және басқа да өндірістік қажеттіліктерді қаржыландыру мақсатында кредиттерге деген сұраныстың өсуіне алып келуі мүмкін.

Байланыстың бағыты бойынша түзетілген және орташа есептелген ставканың бірінші кезеңінің статистикалық маңызы (p -value < 0.01) кредиттеудің пайыздық ставкаларға кері тәуелді екенін дәлелдейді, яғни ставка неғұрлым жоғары болған сайын бизнеске кредит қолжетімсіз болады. Алайда көрсеткіштер арасындағы байланыс тұрақсыз: екінші лапта әсер оң болады. Мұндай жағдайдың негізгі себебі өнеркәсіп саласындағы бизнесті мемлекеттің қолдау бағдарламасының әсері болуы мүмкін.

Мемлекеттік шығыстар екінші лапта кредит беру көлеміне айтарлықтай теріс статистикалық әсер етеді ($p\text{-value} < 0.25$). Субсидиялау және мемлекет қолдауының басқа да нысандары мемлекеттік шығыстарды көбейтеді, бұл кәсіпкердің дәстүрлі банк қаржыландыруына деген сұранысын төмендетіп, нарықтық кредиттеуге деген қажеттілікті азайтады.

Сауда. Сауда кредиттерін модельдеу процесінде (6-кесте) ҚЭИ, ТБИ, тұтынушылық кредит беру көлемі, жаңа берілген сауда кредиттері бойынша орташа алынған ставка және сауда бизнесі үшін кредиттік портфель бойынша қалдықтар сияқты эндогендік айнымалылар пайдаланылды. 2017 жылғы қарашадан 2018 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде кредиттік портфельдің күрт қысқаруынан туындаған шокты есепке алу үшін жалған экзогенді ауыспалы енгізілді. Бұл шок банк жүйесін қалпына келтіруге арналған іс-шаралар шеңберінде проблемалы қарыздарды есептен шығаруға байланысты болды.

6-кесте

Сауда саласындағы бизнесті кредиттеудегі векторлық авторегрессия моделінің нәтижелері

	D(LPORTF_KZT_TRD)
D(LY(-1))	0.009857 (0.02813) [0.35043]
D(LY(-2))	0.083901 (0.02821) [2.97464]
D(LP(-1))	-0.497870 (0.33745) [-1.47541]
D(LP(-2))	0.809734 (0.34076) [2.37625]
D(LPORTF_CONSUMER(-1))	0.125208 (0.11827) [1.05864]
D(LPORTF_CONSUMER(-2))	0.396808 (0.11907) [3.33255]
D(INT_TRADE_KZT(-1))	-0.647546 (0.16142) [-4.01154]
D(INT_TRADE_KZT(-2))	0.086553 (0.16959) [0.51037]
D(LPORTF_KZT_TRD(-1))	0.084250 (0.07886) [1.06835]
D(LPORTF_KZT_TRD(-2))	-0.166346 (0.07789) [-2.13569]
C	-0.371637 (0.35798)

	[-1.03815]
DUMMY_TRADE	-4.083149 (0.51540) [-7.92236]
R-squared	0.582096
Adj. R-squared	0.528643
Sum sq. resids	206.2773
S.E. equation	1.548733
F-statistic	10.88990
Log likelihood	-175.5244
Akaike AIC	3.827029
Schwarz SC	4.143556
Mean dependent	-0.195926
S.D. dependent	2.255805

Модельдеу нәтижелері бойынша ҚЭИ кредиттеу көлеміне оң, бірақ статистикалық тұрғыдан елеусіз әсер ететінін көрсетеді, бұл саудадағы кредитке деген сұранысқа экономикалық белсенділіктің қысқа мерзімдегі өзгерістері жедел әсер етпейтінін көрсетеді. Дегенмен, екінші лапта ҚЭИ маңызы айтарлықтай артады (p -value < 0.01). Осы тұрғыдан алғанда, экономикалық белсенділік кредит сұранысына сол сәтте емес, шамалы кешігіп әсер етеді деп айтуға болады. Қысқа мерзімді перспективада экономикалық белсенділіктің өсуі тұтыну сұранысын арттыратын алғышарттар қалыптастырады, бұл бизнесті жоғары тұтыну сұранысын қанағаттандыру үшін белсендірек қарызға алуға ынталандырады.

ТБИ сауданы кредиттеуге ықпалы жан-жақты сипатқа ие. Халықтың қолда бар кірісін қысқарту арқылы бірінші лапта инфляцияның артуы әлеуетті сатып алу сұранысының төмендеуіне алып келеді. Кейіннен бұл факт сауда бизнесінің кредиттік ресурстарға деген қажеттілігін төмендетуі мүмкін (ТБИ коэффициентінің p -value < 0.15). Бұдан ары инфляцияның сауданы кредиттеуге тигізген әсері оң бағытта дамыды, мұны түсіндіру қиын.

Екінші лапта тұтыну кредитін беру көлемінің өсуі (p -value < 0.01) сауда саласының кредиттеріне елеулі оң статистикалық әсер етеді. Тұтыну кредитін берудің өсуіне, сатып алу сұранысының прокси көрсеткішіне жауап ретінде бизнес субъектілері жоғары тұтынушылық сұранысты қанағаттандыру үшін кредит қаражаты есебінен қаржыландыруды ұлғайтуы мүмкін.

Орташа мөлшерлеме сауданы кредиттеуді модельдеуде маңызды айнымалы (p -value < 0.01) саналады. Бұл салада кредит ресурстарына деген сұраныс мөлшерлеменің өзгеруіне ерекше тәуелді. Модельдеу нәтижелері мөлшерлеменің жоғарылауымен бірінші лапта олардың қолжетімділігінің төмендеуіне байланысты кредитке деген сұраныстың төмендеуі байқалатынын көрсетеді.

Құрылыс саласы. Құрылыс саласын кредиттеу бойынша VAR моделінде (7-кесте) эндогенді айнымалылар ретінде тұтыну бағаларының индексі, ипотекалық портфель қалдықтары, құрылыс саласында жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме, құрылыс жұмыстарының көлемі және құрылысқа берілген кредиттік портфельдің қалдықтары алынды. БЖЗҚ-дан жинақтардың алынуын сипаттайтын жалған айнымалы модельге экзогенді айнымалы ретінде енгізілді. Шок әсерін ескеру үшін қосымша жалған экзогенді айнымалы да қолданылды. Модельдеудің алғашқы кезеңінде ҚЭИ айнымалысының ықпалын талдауға талпыныс жасалды, алайда оның статистикалық мәнісіздігіне байланысты модельден алып тасталды. Сонымен қатар, тұтыну бағаларының индексі бірінші лапта мәнді болмағанына қарамастан, модельдің құрылымдық толықтығын қамтамасыз ету мақсатында сақталды. Модельдеудің бірінші кезеңінде ҚЭИ айнымалысының әсерін талдауға әрекет жасалды, алайда статистикалық тұрғыдан маңызды болмағандықтан ол модельден алынып тасталды. Сонымен қатар ТБИ айнымалысы бірінші лапта маңызды болмағанымен, модельді барынша құрылымдау үшін алынған жоқ.

**Құрылыс индустриясындағы бизнесті кредиттеудегі векторлық авторегрессия
моделінің нәтижелері**

D(LPORF_KZT_CON)	
D(LP(-1))	-0.026200 (0.39287) [-0.06669]
D(LP(-2))	-0.704546 (0.39490) [-1.78413]
D(INT_CONSTR_KZT(-1))	0.103181 (0.20884) [0.49407]
D(INT_CONSTR_KZT(-2))	-0.067200 (0.20160) [-0.33334]
D(LPORF_MORTGAGE(-1))	0.194411 (0.08489) [-2.29016]
D(LPORF_MORTGAGE(-2))	0.227772 (0.08692) [-2.62042]
D(LVOLUME_CONSTR(-1))	-0.025104 (0.01663) [-1.50915]
D(LVOLUME_CONSTR(-2))	0.004431 (0.01570) [0.28219]
D(LPORF_KZT_CON(-1))	0.100632 (0.05075) [1.98302]
D(LPORF_KZT_CON(-2))	0.076273 (0.05040) [1.51349]
C	0.027951 (0.42276) [0.06612]
ENPF_DUMMY	1.911340 (0.17000) [11.2432]
DUMMY_CON	-5.215508 (0.38235) [-13.6407]
R-squared	0.799315
Adj. R-squared	0.770983
Sum sq. resids	276.8021
S.E. equation	1.804576

F-statistic	28.21251
Log likelihood	-189.9344
Akaike AIC	4.141519
Schwarz SC	4.484422
Mean dependent	-1.068257
S.D. dependent	3.770872

Нәтижеге сәйкес, екінші лаптағы ТБИ ($p\text{-value} < 0.1$) мен ипотекалық портфельдің қалдықтары ($p\text{-value} < 0.05$) модельдегі статистикалық маңызды айнымалылар саналады.

Ипотекалық кредиттеу портфелінің өзгермелі оң коэффициенті ипотекалық кредиттеу көлемінің ұлғаюы тұрғын үйге деген сұраныстың артуына ықпал ететінін көрсетуі мүмкін, бұл өз кезегінде құрылысты кредиттеуді ынталандырады. Екінші лаптағы пайыздық мөлшерлеменің теріс коэффициенті оның корпоративтік кредиттеуді кешігіп тежегенін көрсетеді.

Теориялық тұрғыдан күтілетін белгілерге қарамастан, басқа айнымалылардың статистикалық маңызы байқалмады.

Коэффициенттердің белгілері, олар елеусіз болғанда, кредиттеу көлеміне әсер етудің ықтимал бағыты туралы белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Құрылыс жұмыстарының көлемі екінші лапта да оң коэффициентке ие, бұл құрылыс секторындағы белсенділіктің артуына жауап ретінде жаңа жобаларды қаржыландыру үшін кредитке деген сұраныстың артуын түсіндіреді.

Жалпы, ЕДБ тарапынан құрылыс саласына кредит беруді төмендету үрдісі 2009 жылдан бастап әлемдік қаржы дағдарысы аясында басталғанын атап өткен жөн. Құрылыс саласының белсенді дамуына және тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемінің өсуіне қарамастан, осы сектордағы кредиттеу көлемі қысқарып жатыр. Тұрғын үйге деген сұранысты ынталандыруға және ипотеканың қолжетімділігін арттыруға бағытталған «17-20-25» және «Баспана Хит» сияқты мемлекеттік қолдау бағдарламаларын енгізгеннің өзінде құрылыс саласына кредит берудің төмендеу үрдісі жалғасуда. Қарыз қаражаттарынан басқа, құрылыс компаниялары өз қаражаттарын белсенді пайдаланады, сонымен қатар үлестік қатысу және бағалы қағаздар нарығы арқылы қаржыландыруды тартады, бұл банктік кредиттерге тәуелділікті айтарлықтай төмендетеді.

Байланыс саласы. Байланыс саласына арналған кредит моделі үшін (8-кесте) ҚЭИ, ТБИ, байланыс саласы үшін берілген жаңа кредиттер бойынша орташа өлшемді мөлшерлеме, байланыс кәсіпорындары қызметтерінің жалпы қосылған құны, байланыс нарығының жалпы көлемі және кредиттік портфель бойынша қалдықтар таңдалды. Күтпеген өзгерісті есепке алу үшін жеке жалған экзогендік айнымалылар қосымша енгізілді.

8-кесте

Байланыс саласындағы бизнесті кредиттеуге арналған векторлық авторегрессия моделінің нәтижелері

D(LPORTF_KZT_COM)	
D(LY(-1))	-0.037823 (0.06326) [-0.59793]
D(LP(-1))	-3.180992 (0.64933) [-4.89888]
D(INT_COM_KZT(-1))	0.107307 (0.20921) [0.51292]
D(LCOMM_COMP(-1))	-0.304121

	(2.01756)	
	[-0.15074]	
D(LTELECOMSERVICES(-1))	0.163045	
	(2.07149)	
	[0.07871]	
D(LPORTF_KZT_COM(-1))	0.143281	
	(0.02985)	
	[4.80049]	
C	2.043354	
	(0.63455)	
	[3.22014]	
DUMMY_C1	53.04487	
	(1.60247)	
	[33.1019]	
DUMMY_C2	-20.07418	
	(0.92776)	
	[-21.6372]	
R-squared	0.929924	
Adj. R-squared	0.923695	
Sum sq. resids	1268.801	
S.E. equation	3.754702	
F-statistic	149.2908	
Log likelihood	-266.7349	
Akaike AIC	5.570403	
Schwarz SC	5.806323	
Mean dependent	-0.090204	
S.D. dependent	13.59252	

Нәтижелерге сәйкес, ТБИ-дің белгісі теріс және ол модельдегі статистикалық маңызды айнымалы саналады. Инфляцияның өсуі саланы кредиттеу көлемінің төмендеуіне әкеледі. Бұл қарыз қаражаты құнының өсуіне және кредитке деген сұраныстың төмендеуіне байланысты.

Модельдеу нәтижелері кейбір айнымалылардағы коэффициенттер статистикалық маңыздылығына қарамастан теориялық күтілетін белгілерге сәйкес келетінін көрсетеді. Байланыс кәсіпорындары қызметтерінің жалпы қосылған құнының коэффициенті – теріс, бұл кәсіпорындардың ішкі тиімділігі мен кірістілігінің өсуімен қарыз қаражаттарына деген қажеттіліктің төмендеуін көрсетуі мүмкін. Байланыс нарығының жалпы көлемі кредиттеуге оң әсер етеді, бұл инвестициялық мүмкіндіктердің кеңеюіне және салалық компаниялардың қаржылық қажеттіліктерінің артуына байланысты болуы мүмкін.

Байланыс саласы бизнестің жоғары шоғырлануымен сипатталады, оның аясында бірнеше ірі компаниялардың нарықтағы рөлі басым, бұл олардың кредиттеуге қатысты шешімдері сектордағы кредиттеудің жалпы көлемін анықтайтынын айта кету керек. Осы себепті кредитке деген сұраныс негізінен ірі ойыншылардың қаржылық тұрақтылығы мен кірістілігіне байланысты. Бұл тұрғыда жетекші кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі мен қаржылық көрсеткіштерін көрсететін жалпы қосылған құн кредиттеу көлеміне әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналады.

ҚЭИ және жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа өлшемді мөлшерлеме теориялық жағынан күтілетіннен өзгеше коэффициенттерді көрсетті. Бұл олардың қарастырылып отырған кезеңдегі кредит беруге әсері бірнеше бағытты болуы мүмкін екенін көрсетеді, кредит берудің осы түрінің нақты сипаттамаларына байланысты кредит берудің тәуелді екенін білдіреді.

Көлік саласы. Көлік саласын кредиттеу моделінің VAR эндогендік айнымалылар тізбесіне (9-кесте) ҚЭИ, ТБИ, көлік саласына жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме, көлік қызметтерінің ЖҚК, көліктің барлық түрлерімен жүктерді тасымалдау көлемі және кредиттік портфельдің қалдықтары кірді. АИ-92 бензинінің бағасы модельге экзогендік айнымалы ретінде біріктірілген, ол көлік саласындағы отын құны мен операциялық шығынның өзгеру көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Күтпеген өзгерісті ескеру үшін жекелеген жалған экзогендік айнымалылар қосымша енгізілді.

9-кесте

**Көлік саласындағы бизнесті кредиттеуге арналған векторлық авторегрессия
моделінің нәтижелері**

D(LPORF_KZT_TRA)	
D(LY(-1))	-0.308143 (0.05005) [-6.15685]
D(LY(-2))	-0.082408 (0.05217) [-1.57974]
D(LP(-1))	-0.742272 (0.52674) [-1.40917]
D(LP(-2))	1.149131 (0.51648) [2.22492]
D(INT_TRANSPORT_KZT(-1))	0.358906 (0.18447) [1.94560]
D(INT_TRANSPORT_KZT(-2))	-0.066089 (0.17219) [-0.38381]
D(LTRANSPORT(-1))	0.154157 (0.04018) [3.83648]
D(LTRANSPORT(-2))	0.067716 (0.03779) [1.79195]
D(LFREIGHT_TRANSPORT(-1))	0.080079 (0.02144) [3.73581]
D(LFREIGHT_TRANSPORT(-2))	0.019410 (0.02064) [0.94063]
D(LPORF_KZT_TRA(-1))	0.030113 (0.05293) [0.56887]

D(LPORF_KZT_TRA(-2))	0.108757 (0.05742) [1.89399]
C	0.492218 (0.47436) [1.03765]
D(PETRPRICE)	0.160121 (0.04358) [3.67417]
DUMMY_T1	9.545777 (0.80536) [11.8528]
DUMMY_T2	-10.56025 (0.86929) [-12.1481]
R-squared	0.805925
Adj. R-squared	0.770423
Sum sq. resids	544.7600
S.E. equation	2.577482
F-statistic	22.70107
Log likelihood	-223.1095
Akaike AIC	4.879786
Schwarz SC	5.301821
Mean dependent	0.185645
S.D. dependent	5.379370

Модельдің бағалауы бойынша ҚЭИ көрсеткіші көлік саласындағы кредит беру көлеміне статистикалық маңызды, бірақ теріс әсер (бірінші лапта $p\text{-value} < 0.05$) етеді. Экономикалық белсенділіктің өсу кезеңінде көлік компаниялары ЕДБ-дан қарыз алудың орнына операциялық қызметтен түскен пайда сияқты қаржыландыру үшін ішкі қаражат көздерін пайдалана алады.

Көлік қызметтерінен түсетін кіріс (ЖҚК) бойынша бірінші және екінші лаптарда статистикалық тұрғыдан мәнді оң коэффициенттің ($p\text{-value} < 0,1$) болуы көлік секторындағы кірістердің өсуі кредитке деген сұранысты ынталандыратынын көрсетеді. Бұл саладағы іскерлік белсенділіктің артуы компаниялардың қаржылық тұрақтылығы мен кредитке қабілеттілігін күшейтіп, қаржыландыруға қолжетімділікті жеңілдетеді.

Барлық көлік түрлері бойынша жүк тасымалы көлемі айнымалысы бірінші лапта оң және статистикалық мәнді коэффициентке ие ($p\text{-value} < 0,05$). Бұл көлік қызметінің жандануы сала қызметтеріне сұраныстың артқанын білдіріп, компанияларды қызмет аясын кеңейту үшін қосымша қаржы ресурстарын тартуға итермелейтініне байланысты болуы мүмкін.

ТБИ-дің бірінші лаптағы теріс коэффициенті инфляцияның қысқа мерзімде айналым және инвестициялық тауарлар бағасының өсуі арқылы қарыз қаражатына сұранысты төмендететін жағдайды сипаттауы мүмкін. Алайда екінші лапта ТБИ статистикалық тұрғыдан мәнді болып ($p\text{-value} < 0,05$), кредиттеуге оң әсер етеді. Бұл компаниялардың инфляциялық өзгерістерге бейімделуінің кешеуілдеген әсерін көрсетеді.

Модельдеу нәтижелері көлік саласына берілген кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің бірінші лапта оң және статистикалық мәнді коэффициентке ие екенін ($p\text{-value} < 0,1$) көрсетеді. Бұл пайыздық мөлшерлемелердің өсуі кредитке сұранысты төмендетуі тиіс деген теориялық күтілімге сай келмейді. Дегенмен екінші лапта пайыздық мөлшерлемелердің кредиттеуге күтілетін теріс әсері байқалады.

Теориялық болжамдардан өзгеше алынған нәтижелерді ескере отырып, көлік саласында бірнеше ірі компанияның басымдығын атап өтуге болады. Ірі ойыншылардың елеулі қаржылық ресурстары бар және олар кредит алу жөніндегі шешімдерді қарыз қаражатының ағымдағы құнына ғана емес, өздерінің рентабельділігі мен ұзақ мерзімді стратегияларына сүйене отырып қабылдайды. Сектордағы жоғары шоғырлану жағдайында ірі компаниялардың мінез-құлқы пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне қарамастан, жалпы кредит көлеміне пропорционалды түрде күштірек әсер етуі мүмкін. Сондықтан пайыздық мөлшерлемелер өскен күннің өзінде кредитке деген сұраныс айтарлықтай өзгермеуі мүмкін.

Басқа салалар. Басқа салалардың VAR кредит моделі (қызметтің 99-дан астам түрі: кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, әкімшілік және көмекші қызмет көрсету саласындағы қызмет және т.б.) мынадай эндогендік айнымалыларды қамтиды: ҚЭИ, ТБИ, сауданы кредиттеу көлемі, басқа салалар үшін жаңадан берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме және кредиттік портфель қалдықтары (10-кесте). Тосын өзгерісті ескеру үшін жекелеген жалған экзогендік айнымалылар қосымша енгізілді.

10-кесте

Басқа салалардағы бизнесті кредиттеуге арналған векторлық авторегрессия моделінің нәтижелері

	D(LPOTRF_KZT_OTH)
D(LY(-1))	-0.142608 (0.01734) [-8.22631]
D(LY(-2))	-0.015898 (0.01712) [-0.92883]
D(LP(-1))	-1.859469 (0.19837) [-9.37376]
D(LP(-2))	-0.306537 (0.20907) [-1.46622]
D(INT_OTH_KZT(-1))	-0.002364 (0.05791) [-0.04083]
D(INT_OTH_KZT(-2))	-0.006682 (0.05717) [-0.11689]
D(LPOTRF_KZT_TRD(-1))	0.459038 (0.04395) [10.4442]
D(LPOTRF_KZT_TRD(-2))	0.002902 (0.04817) [0.06024]
D(LPOTRF_KZT_OTH(-1))	-0.308668 (0.04854) [-6.35947]

D(LPORF_KZT_OTH(-2))	-0.039194 (0.04491) [-0.87274]
C	1.924130 (0.19144) [10.0510]
DUMMY_OTH1	3.361857 (0.27094) [12.4083]
DUMMY_OTH2	-3.263157 (0.24194) [-13.4876]
R-squared	0.870197
Adj. R-squared	0.851872
Sum sq. resids	74.71282
S.E. equation	0.937536
F-statistic	47.48672
Log likelihood	-125.7615
Akaike AIC	2.831867
Schwarz SC	3.174771
Mean dependent	-0.169890
S.D. dependent	2.435959

Модельді бағалау пайыздық мөлшерлемелерді қоспағанда, бірінші лаптағы (p -value < 0.05) барлық айнымалыдағы коэффициенттердің маңызды екенін көрсетеді. ҚЭИ-дің теріс коэффициенті қысқа мерзімді экономикалық белсенділіктің өсуі мен басқа салалардағы кредит беру көлемінің қысқаруы арасындағы байланысты көрсетеді. Басқа салалар үшін экономикалық белсенділіктің артуы түсімнің өсуіне әкеледі, бұл компаниялардың банктің қаржыландыруына деген тәуелділігін азайтып, өз қаражатын пайдалануға мүмкіндік береді. Инфляцияның өсуі болса, бизнес кредитіне деген сұранысты төмендетуі мүмкін.

Сауданы кредиттеу көлемі басқа салаларды кредиттеуге оң әсер етеді. Экономиканың өзге секторларына қарағанда сауданы және басқа салаларды кредиттеу көбінесе нарықтық сипатқа ие болады, бұл осы көрсеткіштер серпініндегі корреляциямен расталады.

Басқа салалар үшін жаңа берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеменің теріс коэффициенті байқалады, бұл экономикалық теорияға сәйкес келеді: пайыздық мөлшерлемелердің көтерілуі қарыз қаражатының қымбаттауына және соның салдарынан кредиттерге сұраныстың төмендеуіне алып келеді. Осы коэффициенттің статистикалық тұрғыдан болмашы болуына қарамастан, оның ықпал ету бағыты теориялық болжамдарға сәйкес келеді.

6. Қорытынды

Қазақстанның кредит нарығы макроэкономикалық, қаржылық, әлеуметтік және институционалдық факторлар кешенінің ықпалымен қалыптасқан дамудың бірегей ерекшеліктерімен сипатталады. Халықтың қаржылық жай-күйінің жақсаруы және кредиттік ресурстардың қолжетімділігі жағдайында сұраныстың кеңеюі тұтынушылық кредиттеу сегментінің серпінді өсуіне ықпал етеді. Ипотекалық кредиттеуді дамыту көбінесе тұрғын үйге қолжетімділікті арттырудың мемлекеттік шараларымен және жеке тұлғалардың нақты кірістерінің өсуімен байланысты. Корпоративтік кредиттеу серпіні, өз кезегінде, әртүрлі салалардағы кәсіпорындар қызметінің ерекшелігімен айқындалады.

Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте мемлекеттік шығыс пен жеңілдікті бағдарламалар неғұрлым ықпал етеді, мұның өзі дәстүрлі банктік кредиттеуді «ығыстырып

шығарумен» ұштасып жатады. 2009 жылдан бастап құрылыс саласында кредиттеу көлемінің қысқаруы байқалады. Бұл құрылыс компанияларының меншікті қаражатты пайдалану, үлестік қаржыландыру және бағалы қағаздар нарығы арқылы капитал тарту сияқты балама қаржыландыру көздеріне көшуіне байланысты болуы мүмкін. Көлік саласы мен байланыс үшін ұсынылатын қызметтерден түсетін кірістілік кредиттеу көлеміне әсер ететін негізгі фактор саналады. Ірі компаниялар басым осы секторлардағы жоғары шоғырлану олардың қаржылық тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді стратегияларын айқындайды, бұл олардың қарыз қаражатына қажеттілігіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар саудадағы кредиттеу көбінесе экономикалық белсенділікке байланысты, өйткені бизнес субъектілері үшін негізгі қаржыландыру көзі банк кредиттері болып қала береді. Сауда басқа салалармен қатар төмен шоғырланумен сипатталады, бұл капиталдың балама көздеріне қолжетімділігі жоқ шағын және орта бизнестің басым болуын білдіреді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – Қазақстанда алғаш рет кредиттеудің эмпирикалық талдауы дезагрегацияланған негізде, яғни әрбір ірі сала үшін жеке (корпоративтік кредиттеу үшін), сондай-ақ тұтынушылық және ипотекалық кредиттеу үшін бөлек (бөлшек кредиттеу контекстінде) жүргізілгені.

Осылайша, корпоративтік кредиттеу көлеміне бір факторлардың ықпалы саланың құрылымына, қаржыландырудың баламалы көздерінің шоғырлану және қолжетімділік деңгейіне байланысты құбылады, бұл экономиканың әртүрлі секторларындағы кредиттеу серпінін талдау кезінде осы ерекшеліктерді ескеру қажет екенін негіздейді.

Әдебиет

1. Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есеп (2012). rep.
2. Demirgüç-Kunt, A., & Maksimovic, V. (1998). *Law, finance, and firm growth*. Journal of Finance, 53(6), 2107–2137. <https://doi.org/10.1111/0022-1082.00084>
3. Love, I., & Zicchino, L. (2006). *Financial development and dynamic investment behavior: Evidence from panel VAR*. The Quarterly Review of Economics and Finance, 46(2), 190–210. <https://doi.org/10.1016/j.qref.2005.11.007>
4. Federal Deposit Insurance Corporation (FDIC). (2021). *Quarterly banking profile*. Retrieved from <https://www.fdic.gov/>
5. Carter, M. R., & Olinto, P. (2003). *Getting institutions “right” for whom? Credit constraints and the impact of property rights on the quantity and composition of investment*. American Journal of Agricultural Economics, 85(1), 173–186. <https://doi.org/10.1111/1467-8276.00110>
6. Barry, P. J., Escalante, C. L., & Ellinger, P. N. (2000). *Credit risk in agricultural lending: Conceptual issues and risk measurement*. Agricultural Finance Review, 60(1), 1–21. <https://doi.org/10.1108/00214660010319722>
7. Garcia-Teruel, P. J., & Martinez-Solano, P. (2010). *Determinants of trade credit: A comparative study of European SMEs*. International Small Business Journal, 28(3), 215–233. <https://doi.org/10.1177/0266242609360603>
8. Nayef Al-Shammaria and Mohammed El-Sakkab. (2018) ‘Macroeconomic Determinants of Credit Growth in OECD Countries’, *International Journal of Business*, 23(3), pp. 217-234.
9. Mwafag Rabab`ah. (2015) ‘Factors Affecting the Bank Credit: An Empirical Study on the Jordanian Commercial Banks’, *International Journal of Economics and Finance*, 7(5), pp. 166-178.
10. Manole, S.D., Petrescu, C. and Vlada, R.I. (2016) ‘Determinants of household loans’, *Theoretical and Applied Economics*, (23), pp. 89-102.
11. Fernando Nieto. (2007). ‘The Determinants of Household Credit in Spain’, *The Banco de España Working Papers*, (0716), pp. 1–28.
12. Kai Guo and Vahram Jaeger. (2011). ‘Determinants of Bank Credit in Emerging Market Economies’, *IMF Working Papers*, 11(51), pp. 1–26.

13. Litterman, R. (1979), *Techniques for Forecasting Using Vector Autoregressions*, PhD Thesis, University of Minnesota.
14. Sims, C.A. (1980) *Macro Economics and Reality*. *Econometrica*, 48, 1-48
15. Litterman, R. (1986a), *Specifying Vector Autoregressions for Macroeconomic Forecasting*, in P. Goel and A. Zellner (eds.), *Bayesian Inference and Decision Techniques with Applications: Essays in Honor of Bruno De Finetti*, North-Holland, Amsterdam, 79–84
16. Sims, C. A. (1989), *Models and Their Uses*, *American Journal of Agricultural Economics* 71, 489–494.

Айнымалылардың стационарлығын тестілеу нәтижелері

№	Айнымалылар		Дики-Фуллердің кеңейтілген тесті
			H_0 : айнымалы бірлік түбірге ие (стационарлық емес)
1	LY	деңгейі	0.1957
		бірінші айырма	0.0001***
2	LP	деңгейі	0.9745
		бірінші айырма	0.0000***
3	ICS	деңгейі	0.4827
		бірінші айырма	0.0000***
4	LINCOME	деңгейі	0.9671
		бірінші айырма	0.0000***
5	INT_RATE_CONS	деңгейі	0.0000***
		бірінші айырма	0.0000***
6	INT_RATE_MORT	деңгейі	0.5135
		бірінші айырма	0.0001
7	INT_TRADE_KZT	деңгейі	0.6152
		бірінші айырма	0.0000***
8	INT_IND_KZT	деңгейі	0.0746
		бірінші айырма	0.0001***
9	INT_CONSTR_KZT	деңгейі	0.7398
		бірінші айырма	0.0001***
10	INT_TRANSPORT_KZT	деңгейі	0.8354
		бірінші айырма	0.0000***
11	INT_COM_KZT	деңгейі	0.5755
		бірінші айырма	0.0000***
12	INT_AGR_KZT_SA	деңгейі	0.7663
		бірінші айырма	0.0001***
13	INT_OTH_KZT	деңгейі	0.9467
		бірінші айырма	0.0001***
14	LPORTF_CONSUMER	деңгейі	1.0000
		бірінші айырма	0.0005***
15	LPORTF_MORTGAGE	деңгейі	0.9987
		бірінші айырма	0.0000***
16	LPORTF_KZT_IND	деңгейі	0.7660
		бірінші айырма	0.0000***
17	LPORTF_KZT_AGR	деңгейі	0.3319
		бірінші айырма	0.0086***
18	LPORTF_KZT_TRD	деңгейі	0.1268
		бірінші айырма	0.0000***
19	LPORTF_KZT_CON	деңгейі	0.9072
		бірінші айырма	0.0000***
20	LPORTF_KZT_COM	деңгейі	0.1314
		бірінші айырма	0.0000***
21	LPORTF_KZT_TRA	деңгейі	0.2654
		бірінші айырма	0.0000***
22	LPORTF_KZT_OTH	деңгейі	0.0014**
		бірінші айырма	0.0000***
23	LVOLUME_CONSTR	деңгейі	0.9866
		бірінші айырма	0.0000***

24	LTRADE	деңгейі	0.3560
		бірінші айырма	0.0000***
25	LTRANSPORT	деңгейі	0.9979
		бірінші айырма	0.0000***
26	LCOMM_COMP	деңгейі	0.0182**
		бірінші айырма	0.0001***
27	RES_BUILD	деңгейі	0.2832
		бірінші айырма	0.0000***
28	PETRPRICE	деңгейі	0.2104
		бірінші айырма	0.0000***
29	LGOVBUDGET_AGR	деңгейі	0.0000***
		бірінші айырма	0.0000***
30	LGOVBUDGET_IND	деңгейі	0.0000***
		бірінші айырма	0.0000***
31	FREIGHT_TRANSPORT	деңгейі	0.9924
		бірінші айырма	0.0000***
32	TELECOMSERVICES	деңгейі	0.9999
		бірінші айырма	0.0000***

Ескертпе: 1% (***), 5% (**), 10% (*) кезіндегі маңыздылық деңгейі.

2-кесте

Модельдер бойынша оңтайлы лагты таңдау нәтижелері

№	Моделі	Акаике өлшемшар ты (AIC)	Шварц өлшемшар ты (SIC)	Ханна-Куинн өлшемшар ты (HQ)	Оңтайлы лаг
1	VAR(1) тұтынушылық кредиттер үшін	13.13226*	13.63899*	13.33641*	1
2	VAR(1) ипотека үшін	6.312388*	6.988026*	6.584586*	1
3	VAR(2) ауыл шаруашылығы саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	17.97999*	18.72993*	18.28241*	2
4	VAR(2) өнеркәсіп саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	24.08065*	25.88607*	24.79002	2
5	VAR(2) сауда бизнесін кредиттеу үшін	15.56460*	17.23114	16.23665	2
6	VAR(2) құрылыс саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	19.57020	21.35190	20.28931*	2
7	VAR(1) байланыс саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	19.97728*	21.45746*	20.57470*	1
8	VAR(2) көлік саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	30.19321*	32.82465	31.25528	2
9	VAR(2) басқа салалардағы бизнесті кредиттеу үшін	18.05024*	19.83194	18.76935*	2

Ескертпе: оңтайлы лаг ақпараттық өлшемшарттың ең аз мәні (AIC, SIC немесе HQ) негізінде айқындалады.

Қалдықтарды автокорреляциялауға арналған Бреуша-Годфри тестінің нәтижелері

№	Моделі	Лаг	LRE* stat	Prob.	Rao F-stat	Prob.
Н ₀ : қалдықтардың автокорреляциясы жоқ						
1	VAR(1) тұтынушылық кредиттер үшін	1	10.28892	0.3276	1.152236	0.3277
2	VAR(1) ипотека үшін	1	8.527878	0.4819	0.950997	0.4821
3	VAR(2) ауыл шаруашылығы саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	2	8.672780	0.4680	0.967455	0.4681
4	VAR(2) өнеркәсіп саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	2	32.50308	0.1440	1.320848	0.1445
5	VAR(2) сауда бизнесін кредиттеу үшін	2	33.02425	0.1305	1.342960	0.1310
6	VAR(2) құрылыс саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	2	30.10471	0.22039	1.218339	0.2211
7	VAR(1) байланыс саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	1	36.13624	0.4623	1.006004	0.4636
8	VAR(2) байланыс саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	2	48.52053	0.0794	1.376986	0.0802
9	VAR(2) басқа салалардағы бизнесті кредиттеу үшін	2	23.90594	0.5248	0.957222	0.5256

Ескертпе: егер p-value (Prob.) > 0.05 болса, нөлдік гипотеза ауытқымайды, қалдықтардың автокорреляциясы жоқ.

Уайттың қалдықтардың гетероскедастиялығына тест нәтижелері

№	Моделі	Chi-sq	Prob.
Н ₀ : қалдықтардың гетероскедастиялығы жоқ (қалдықтар гомоскедастикалық)			
1	VAR(1) тұтынушылық кредиттер үшін	17.39688	0.0967
2	VAR(1) ипотека үшін	3.400188	0.9961
3	VAR(2) ауыл шаруашылығы саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	23.14885	0.0810
4	VAR(2) өнеркәсіп саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	23.51208	0.4898
5	VAR(2) өнеркәсіп саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	16.31910	0.7997
6	VAR(2) құрылыс саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	33.34072	0.0971
7	VAR(1) байланыс саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	12.47527	0.7107
8	VAR(2) көлік саласындағы бизнесті кредиттеу үшін	26.99560	0.5719
9	VAR(2) басқа салалардағы бизнесті кредиттеу үшін	16.32427	0.8410

Ескертпе: егер p-value (Prob.) > 0.05 болса, нөлдік гипотеза ауытқымайды, қалдықтардың гетероскедастиялығы жоқ.

Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіпті дамытудағы мемлекеттік қолдаудың тиімділігін бағалау (1-бөлім)

А. Б. Ханет – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зерттеу және талдама орталығы – департаментінің Экономикалық зерттеу басқармасының бас маман-талдаушысы

Бұл мақала 2003-2024 жылдар аралығында Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібін дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нәтижелілігін стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу тұрғысынан бағалауға арналған шолу түріндегі зерттеудің бірінші бөлімі. Мақалада индустриялық саясатты екі түрлі бағдарламасы – 2003-2015 жылдардағы Индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясы және 2010-2014 жылдардағы Жеделдетілген индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасы қарастырылады. Екі құжатта да экономиканы әртараптандыру және шикізатқа деген тәуелділікті азайту негізгі басымдық ретінде айқындалған.

Бұл жұмыста осы бағдарламаларда көзделген мақсаттар мен міндеттерге жету үшін қолданылған құралдардың нәтижелілігі, тиімділік индикаторлары және олардың өңдеуші өнеркәсіптің нақты мүмкіндіктеріне сай келуі және қиындықтарына жауап бере алуы талданады.

Түйін сөздер: мемлекеттік бағдарлама, өңдеуші өнеркәсіп, индустриялық саясат, әртараптандыру, шикізатқа тәуелділік, бизнестің жол картасы.

JEL сыныптамасы: H54, H60, L52, O25.

1. Кіріспе

ЮНИДО¹ есебінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына қарамастан, өнеркәсіп кез келген экономиканың орнықты дамуының негізгі факторы екені атап өтіледі. Бірқатар зерттеулер мен халықаралық ұйымдардың баяндамаларында да өңдеуші өнеркәсіп экономикалық тұрақтылықтың, жұмыспен қамтудың және бәсекеге қабілеттіліктің өзегі ретінде сипатталады. Бұл әсіресе дамушы елдер үшін маңызды, себебі өңдеуші сектор шикізатқа тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді. Аталған саланың жоғары деңгейде дамуы елдің экономикалық дербестігін қамтамасыз етеді, жаһандық өзгерістерге бейімделудің негізін құрайды және қосылған құн жасауда, инновациялар мен технологиялық прогресті алға жылжытуда маңызды рөл атқарады. Өңдеуші сектор – елдің жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі үшін ішкі өндірістік әлеуетті қалыптастырып қана қоймай, экономиканың сыртқы шоқтарға төзімділігін де айқындайды. Халықаралық әскери және сауда шиеленістері ушыққан, ал геоэкономикалық фрагментация тереңдеген кезеңде өңдеуші өнеркәсіптің рөлі одан әрі күшейді. Ол стратегиялық тұрғыдан маңызды болғандықтан, әсіресе дамушы экономикалар үшін мемлекеттің қолдау шаралары ұлттық өндірістік әлеуетті нығайтудың маңызды элементі саналады. Мұндай қолдаудың артықшылығы – басымдық берілген секторлардың дамуын ынталандыруға, инвестициялар тартуға және инновацияларды енгізуге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретінінде. Тиімді мемлекеттік қолдау экономика құрылымының әртараптандырылуына және табиғи ресурстарға деген тәуелділіктің азаюына ықпал етеді.

Мұндай саясаттың артықшылықтарымен қатар кемшіліктері және кейбір қауіп-қатері де бар. Мысалы, ресурстарды тиімсіз бөлу, мемлекеттік субсидияға деген тәуелділік, нарық тетіктерінің орнын басу және нарықты ынталандыруды әлсірету өндірістің өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін төмендетуі мүмкін. Бұдан бөлек, мемлекеттің экономикаға шамадан тыс араласуы жеке бастаманы шектеуі ықтимал, ал бәсекеге қабілетсіз салаларды

¹UNIDO, «Өнеркәсіптік дамуға арналған есеп – 2024. Индустриялық саясаттың жаңа дәуірі»

қолдау экономиканың құбылмалы жағдайларға бейімделуін жасанды түрде баяулатуы мүмкін. Родрик (Rodrik, 2004) өнеркәсіп саясатына арнаған зерттеуінде, мемлекеттің экономиканы трансформациялауды ынталандыруда маңызды рөл атқаратынын мойындайды, бірақ оның сәтті болуы мемлекеттік араласудың көлеміне емес, оны реттейтін институттардың сапасына байланысты екенін атап өтеді. Сол себепті институттары әлсіз елдердегі нарықта мемлекет көп орын алған болса, ол экономиканың әртараптануы мен инновациялық дамуын баяулатуы ықтимал. Осылайша, мемлекеттік қолдау саясаты теңгерілген тәсілді талап етеді, яғни оның тетіктері қысқа мерзімді нәтижелерге емес, ұзақ мерзімді орнықты даму траекториясын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Қазақстанда өнеркәсіпті мемлекеттік қолдау дәстүрлі түрде мемлекеттік бағдарламалар кешені арқылы жүзеге асырылды. Бұл бағдарламалар мемлекеттік саясаттың негізін қалыптастырып, қаржыландыруды, әкімшілік шараларды және институционалдық реформаларды қамтамасыз етті.

Қазақстанда осы уақытқа дейін индустриялық-инновациялық дамуға бағытталған шараларды қоса алғанда, іске асырылған мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігіне қатысты бірыңғай жүйеленген талдау жасалмаған. Тұтас қорытындыға негізделген кешенді зерттеудің орнына көптеген бөлек-бөлек есептер, Жоғары аудиторлық палата (ЖАП) жүргізген аудит қорытындылары, халықаралық ұйымдардың қысқаша аналитикалық шолулары, сондай-ақ академиялық орта ұсынған фрагменттелген бағалаулар ғана бар. Мұндай жүйесіздік мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын толыққанды бағалауға мүмкіндік бермеді. Тиімді мониторинг пен бағалаудың болмауы тиімсіз тәсілдердің сақталуына, қателіктердің дер кезінде анықталмауына және өткен тәжірибенің ескерілмеуіне жол ашты. Бұрынғы бағдарламаларға талдау жасалмағандықтан және жасалған әрекеттер арасында үйлесімдік әлсіз болғандықтан қабылданған шаралардың тиімділігі төмендей берді. Сондықтан өткен жылдары іске асырылған мемлекеттік шараларға объективті талдаудың болмауы олардың ретроспективті бағалауын жүргізу қажеттігін көрсетті. Осы зерттеу өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға шолу жасап, аталған олқылықтың орнын толтыруға бағытталған.

Зерттеудің міндеті – өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға бағытталған негізгі мемлекеттік бағдарламалардың мазмұны мен ерекшеліктерін талдау, қолдау құралдарының нәтижелілігін және қойылған мақсаттарға жету деңгейін бағалау, мемлекеттік қолдау шараларының құрылымдық өзгерістер мен саланың орнықты дамуына ықпалын айқындау, жүзеге асырылған бағдарламалар шеңберінде қаржылық ресурстарды жұмсаудың негізділігін және тиімділігін бағалау, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың нәтижесіне әсер еткен негізгі сын-қатерлер мен факторларды анықтау.

Қойылған міндеттерді шешу үшін аяқталған және қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға талдау жүргізілді. Талдау бағдарлама төлқұжаты, іс-шаралар жоспары, индустрияландыру карталары, Жоғары аудиторлық палатаның (бұрынғы Есеп комитеті) аудит материалдары, Ұлттық статистика бюросының ресми деректері және квазимемлекеттік сектордағы компаниялардың жылдық есептері негізінде жасалды.

Зерттеу құрылымы келесі бөлімдерден тұрады: мемлекеттік қолдаудың теориялық негіздері, Қазақстанда өңдеуші өнеркәсіпті қолдау бағдарламаларының тарихи дамуы, 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясының (ИИДС) және 2010-2014 жылдарға арналған Жеделдетілген индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасының (ЖИИДМБ) сипаттамасы мен тиімділігін бағалау, қорытындылар және пайдаланылған дереккөздер тізімі.

2. Мемлекеттік бағдарламалар – экономикалық саясаттың құралы: теориядан практикаға

Мемлекеттік қолдау теориясы индустриялық дамуды ынталандыруда мақсатты шараларды қолдану қажет деген ұстанымға негізделген. Алайда мұндай шаралардың тиімділігі құралдардың дұрыс таңдалуына және институционалдық ортаға тәуелді. Бұған мысал ретінде 1970-жылдардағы Оңтүстік Кореяның ауыр және химия өнеркәсібін дамыту

бағдарламасын атауға болады. Жеңілдетілген несие, салық жеңілдіктері, импортты алмастыру және инфрақұрылымға инвестициялар арқылы негізгі салалардың дамуына жағдай жасалды. Берешек көлемі артқанына қарамастан, бағдарлама ұзақмерзімді оң әсер берді: экспорт өсті, қосалқы өндірістер дамыды, технологиялық прогресс жалғасын тапты (Lane, 2019).

Қытайда да өндірістік компанияларды дамыту мақсатында субсидиялар мен протекционистік тетіктер белсенді қолданылды. Бұл стратегия металлургия мен электроника сияқты секторларда Қытайдың «әлемдік фабрика» ретінде қалыптасуына ықпал етті. Алайда ресурстарды тиімді бөлу тұрғысынан бұл тәжірибені толықтай дұрыс деп айтуға келмейді. Jiang et al. (2018) зерттеуінде Қытайдағы мемлекеттік субсидиялардың 2010-2015 жылдар аралығында жаңа энергетикалық көлік құралдары индустриясының дамуына әсерін қарастырған. Авторлар нәтижесінде ірі түпкілікті өнім өндірушілер арасында ҒЗТКЖ-ға инвестициялардың артқанын анықтаған, бірақ компоненттерді жеткізушілер арасында мұндай әсер байқалмаған. Сонымен қатар, субсидия көлемі ұлғайған сайын оның ынталандыру әсері әлсіреп, шаралардың шекті тиімділігі төмендегенін көрсетеді.

Ресейдің 2000-2013 жылдардағы өнеркәсіптік саясатының тәжірибесі де мемлекеттік шаралардың тиімділігі құралдар жиынына ғана емес, ең алдымен институттардың сапасына және іске асыру тетіктеріне байланысты екенін көрсетеді. Simachev et al. (2014) зерттеуінде аталған кезеңде нақты басымдықтардың тұрақты жүйесі болмағанын, бағыттардың жиі өзгергенін және мемлекеттік органдар арасында үйлестіру әлсіз болғанын атап өтеді. Соның салдарынан қолдау бағдарламалары фокусын жоғалтып, ресурстарды қайта бөлу құралына айналды және құрылымдық өзгерістер драйвері қызметін атқара алмаған. Сонымен бірге экспорттық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етпей тұрып ішкі нарыққа бағдарлану және импортты алмастыруға ставка қою протекционистік тәуекелдерді күшейтіп, бәсекені шектеді және бизнестің мемлекеттік қолдауға тәуелділігін арттырған. Бұл институционалдық ортасы әлі дамып жатқан елдер үшін жобаларды іріктеу рәсімдерінде айқындықты күшейту, жаңа ойыншылардың кіруіне жағдай жасау және бәсеке арқылы демонстрациялық әсер қалыптастыру қажет екенін көрсетеді. Олай болмаған жағдайда өнеркәсіптік саясат экономиканы модернизациялау орнына қолданыстағы диспропорцияларды бекітуі әбден мүмкін.

Латын Америкасы елдерінің, әсіресе Бразилия мен Мексиканың тәжірибесі – шикізатқа тәуелді экономикалардың табиғатын сипаттайтын тағы бір мысал. Бұл елдерге экспорт құрылымында шикізаттың жоғары үлесінің және салаларының технологиялық тұрғыдан біртекті болмауы және өңдеуші өнеркәсіптің тұрақты негізін қалыптастыруға бағытталған ұзақ жылдар бойғы талпыныстар тән. Pineli & Narula (2023) еңбегінде импортты алмастырудан либерализацияға және жаһандық құн тізбектеріне интеграцияға көшу барысында ішкі өндірістік тізбектерді қалыптастыру, жергілікті өндірісті дамыту және тікелей шетелдік инвестицияларды технологиялық жаңғырту үшін тиімді пайдалану бағыттарында елеулі қиындықтар туындағаны көрсетілген. Бұл мысалдар индустриялық саясат құралдарын тандау мен институционалдық ортаның ерекшеліктері экономиканың күрделілігі жоғары өндірістерге қарай жылжуына әртүрлі әсер ететінін көрсетеді. Олардың тәжірибесі қай шаралар құрылымдық трансформацияны ынталандыратынын, ал қайсысы керісінше, экспорт пен инвестицияларда өсім байқалғанымен де экономиканың сыртқы факторларға тәуелділігін сақтап қалатынын көруге мүмкіндік береді.

Жаңа эмпирикалық деректер соңғы жылдары әлемде өнеркәсіптік саясат шараларын қолдану сипаты мен ауқымы айтарлықтай өзгергенін көрсетеді. Evenett et al. (2024) жүргізген *The Return of Industrial Policy in Data* зерттеуіне сәйкес, тек 2023 жылдың өзінде 2 500-ден астам өнеркәсіптік саясат шарасы енгізілген, оның 1 800-ге жуығы (71%) халықаралық сауда үшін бұрмалаушы сипатқа ие болған. Дамыған экономикалар, әсіресе АҚШ, Еуропа одағы және Қытай стратегиялық салаларды қолдауда субсидиялар мен салықтық ынталандыру құралдарын жиі қолданса, дамушы елдер көбіне локализация талаптары мен сауда шектеулеріне жүгінген екен. Мұндай динамика жаһандық сауда

жүйесінің фрагментациясын тереңдетіп, инвестициялар үшін бәсекені күшейтеді және ресурстары шектеулі елдер үшін құралдарды таңдаудағы қателіктер тәуекелін арттырады. Осы жағдайда қабылданған шаралардың әсерін жүйелі түрде мониторинг жасау, олардың ұзақмерзімді салдарын жан-жақты бағалау және тетіктерді уақтылы түзету барған сайын маңызды бола түседі, өйткені құрылымдық трансформацияға ұмтылған, бірақ мүмкіндіктері шектеулі елдер мұндай қадамдарды сақтықпен жүзеге асыруы тиіс.

3. Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіпке арналған мемлекеттік шаралар

Кейінгі екі онжылдықта Қазақстан да басқа мемлекеттер секілді өнеркәсіпті дамытуға бағытталған мемлекеттік шаралар қабылдады. Бұл шаралар өңдеуші өнеркәсіпті дамытуды және экономиканы әртараптандыруды көздеді. Қазақстан Республикасының «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңына сәйкес, өңдеуші өнеркәсіп дегеніміз: жаңа өнім (тауар, оның ішінде азық-түлік тауарлары да бар) өндіру мақсатында шикізатты, материалдарды, компоненттерді өңдейтін өнеркәсіп салаларының жиынтығы².

Дүниежүзілік банк баяндамасында³ Қазақстан экономикасының 2000-жылдардағы қарқынды өсім кезеңінен кейін стагнацияға тап болғаны көрсетіледі: ЖІӨ-нің орташа жылдық өсімі дағдарысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда екі еседен астам төмендеген, ал жиынтық факторлық өнімділік (total factor productivity) 2000-2007 жылдардағы ~4,5%-дан 2012-2022 жылдары шамамен ~0,9% дейін баяулаған. Бұл кезең, Қазақстан үшін «жоғалған онжылдық» ретінде сипатталды. Өнімділіктің төмен болуы мен экономиканың терең құрылымдық теңгерімсіздігі тежелген өсімнің негізгі себептері ретінде аталған. Баяндамадан мемлекеттік бағдарламалар арқылы ұзақ жылдар бойы шикізаттық емес секторын ынталандыруға жасалған талпыныстарға қарамастан, Қазақстан экономикасының құрылымы жеткілікті деңгейде әртараптандырылмағаны көрінеді.


Өнеркәсіптік саясат шеңберінде мемлекеттік шараларды қабылдау бастамасы бастапқыда шикізатқа тәуелділікті еңсеру және жоғары қосылған құн жасайтын өндіріс негізіндегі ұзақмерзімді экономикалық өсу моделіне көшу қажеттілігімен түсіндірілді. Шикізатқа тәуелді болу экономиканы сыртқы шоктар мен әлемдік баға құбылмалылығы алдында әлсіретеді. Сондықтан тұрақты шикізаттық емес сектор қалыптастыру талабы туындады. Күрделі өнеркәсіптік өнім өндіру шикізатты терең өңдеуді, заманауи технологияларды қолдануды және инновациялық шешімдерді енгізуді көздейді. Мұндай тәсіл елге жаһандық нарықтарда орнығуға мүмкіндік берер еді.

Қазақстан үшін өңдеуші өнеркәсіпті дамыту тек экономикалық басымдық емес, сонымен қатар жоғары қосылған құн жасайтын және жаһандық нарықта орнықты бәсекеге түсе алатын экономиканы қалыптастыру үшін стратегиялық қадам саналады. Бұл міндеттерге жету үшін мақсатты мемлекеттік саясат қажет болды: өндірістік процестерді жаңғыртуға қолдау көрсету, инновацияларды енгізуді ынталандыру және экспорттық әлеуетті нығайту. Осы мақсатта 2000-жылдардың басынан бастап экономика құрылымын әртараптандыруға бағытталған түрлі стратегиялар мен мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырыла бастады, ал 2021 жылдан бастап олар ұлттық жобалар деңгейіне трансформацияланды (1-сурет). ҚР-да қабылданған бұл бағдарламалар бірнеше кезеңмен іске асырылды. Бұл кезеңдерде мемлекеттік қолдау тетіктерін әзірлеу, бейімдеу және енгізу жүзеге асырылды, олардың бір бөлігі өңдеуші өнеркәсіпке тікелей немесе жанама түрде әсер етті.

²Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 86-VII ҚРЗ.

³Дүниежүзілік Банк: «Ертеңгі күнді қалыптастыру: ұзақ мерзімді өркендеуге арналған реформалар»

Өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға арналған негізгі мемлекеттік бағдарламалар




3.1. 1-бағдарлама – Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясы (ИИДС)

2000-жылдардың басынан бастап Қазақстан экономикасында шикізатқа тәуелді болу күшейе түсті. Мұнай экспортының ЖІӨ-дегі үлесі 1998 жылғы 8%-дан 2004 жылы 27%-ға дейін өсті, бұл кезеңде экспорттың жалпы көлемі ЖІӨ-ге шаққанда 30%-дан 47%-ға дейін ұлғайды. Аталған үрдістер қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктурамен, мұнай секторына тікелей шетелдік инвестициялардың тартылуымен және экспорттық инфрақұрылымның дамуы нәтижесінде пайда болды. Сонымен қатар ЖІӨ құрылымында өнеркәсіптің жалпы қосылған құндағы үлесі төмендеді: 2000 жылғы 34,6%-дан 2003 жылы 31,3% дейін, ал 2004 жылдан бастап кен өндіру өнеркәсібінің үлесі өңдеуші өнеркәсіп үлесінен асып түсті (2-сурет). Валюталық түсімдердің айтарлықтай ұлғаюы ұлттық валютаның нығаюына, халықтың табысының өсуіне және импорттың артуына әсер етті. Мұндай динамика бір жағынан экономикалық өсімді жеделдетіп, Ұлттық қорды қалыптастыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, экономиканың сыртқы шоктарға осалдығын күшейтіп, өңдеуші өнеркәсіпті қоса алғанда, шикізаттық емес секторды дамытуда қосымша сын-қатерлер туындатты.

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясы (ИИДС) экономиканы әртараптандыру жолындағы маңызды кезең болды. Ол шикізатқа тәуелді болуды төмендетуге және сервистік-технологиялық даму моделіне көшуге бағытталған алғашқы кешенді бағдарлама. ИИДС үш кезеңмен іске асырылды. Бірінші кезеңде, 2003 жылдан 2005 жылға дейін, негізгі назар индустрияландыруды қолдау үшін заңнамалық және институционалдық негізді құруға, сондай-ақ алғашқы инновациялық жобаларды іске қосуға аударылды. 2006-2010 жылдарды қамтитын екінші кезең инфрақұрылымды, өнеркәсіптік аймақтарды, кластерлерді дамытуға және өңдеу өнеркәсібіндегі серпінді жобаларды қолдауға бағытталды. Ал үшінші кезең, 2011 жылдан 2015 жылға дейін, инновациялық технологияларды енгізуге, еңбек өнімділігін арттыруға және экспортқа бағытталған салаларды дамытуға байланысты күш-жігердің қорытындысы болуы тиіс еді.

2000-2010 жылдар аралығында жалпы қосылған құн құрылымындағы өнеркәсіп үлесінің динамикасы (%)



ИИДС-тің нысаналы индикаторлары: өңдеуші өнеркәсіптің жыл сайынғы өсімін 8-8,4% деңгейінде қамтамасыз ету, оның ЖІӨ-дегі үлесін 13%-ке дейін арттыру, шикізаттық емес экспорт көлемін ұлғайту, саланың қосылған құнындағы металлургия үлесін азайту және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесін арттыру болды. Стратегияны іске асыру үшін ұлттық инновациялық жүйе қалыптастырылды. Оның құрамына Қазақстан Даму Банкі (ҚДБ), Қазақстан инвестициялық қоры (ҚИК), Ұлттық инновациялық қор (ҰИК), Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы (МСК), Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы және өзге де ұйымдар кірді. Сонымен бірге 2000-жылдардың ортасынан бастап өңірлерде арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) және технопарктер жұмыс істей бастады.

2005 жылы жеті кластерге басымдық берілді: металлургия, мұнай-газ машинасын жасау, тоқыма өнеркәсібі, көлік және логистика, туризм, тамақ өнеркәсібі және құрылыс материалдары. Сонымен қатар химия, мұнай химиясы, металлургия және машина жасау бағыттарында салалық бағдарламалар қалыптасты.

2006 жылдан бастап өңірлерде элеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӨКК) кластерлік саясат пен жергілікті экономикалық дамуды қолдаудың тетігі ретінде құрылды. 2007 жылы 2030 жылға дейінгі перспективаға бағдарланған, шикізаттық емес жобаларды қамтыған «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» бастамасы іске қосылды.

ИИДС аясында қаржылық және қаржылай емес қолдау тетіктері кең ауқымды құралдар арқылы іске асырылды: Қазақстанның Даму Банкі арқылы жобалық кредит беру, БРК-Лизинг арқылы лизингтік қаржыландыру, Ұлттық инновациялық қор арқылы инновацияларды гранттық қолдау, Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы арқылы экспорттық тәуекелдерді сақтандыру, Қазақстан инвестициялық қоры арқылы инвестициялық қатысу және Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығының (кейін KAZNEX INVEST, кейін KAZAKH INVEST) аналитикалық қолдауы. Сонымен бірге Ұлттық инновациялық қор телекоммуникация және технологиялар саласында венчурлік қорлар құруға қатысты.

ИИДС төлқұжатында⁴ жыл сайынғы қаржыландыру шамамен 1,2 млрд АҚШ доллары деңгейінде жоспарланды. Даму институттарын капиталдандыруға арналған

⁴Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы туралы (02.07.2008 ж. өзгерістерімен бірге)

бюджет қаражатының едәуір бөлігі Қазақстанның Даму Банкіне, Қазақстан инвестициялық қорына және Ұлттық инновациялық қорға бағытталды. Қаржыландыру арнайы экономикалық аймақтарды дамытуға, инфрақұрылым объектілерін және әкімшілік ғимараттарды салуға жұмсалды. Қосымша қаражат Үкімет резервінен бөлінді. Республикалық бюджеттен тыс, қаржыландыру көздері ретінде даму институттары, ұлттық холдингтер мен компаниялар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен донорлар тартылды.

ИИДС нәтижесі. 2008-2009 жылдары Қазақстан жаһандық қаржы дағдарысының салдарын сезінді: экспорттық әлеует әлсіреді, мұнай мен металл бағасы төмендеді, ұлттық валюта құнсызданды. Үкімет дағдарысқа қарсы шараларды бюджет қаражаты, Ұлттық қордан берілген трансферттер және сыртқы қарыздар есебінен жүзеге асырды. Қабылданған шараларға қарамастан, 2010 жылдың басында ИИДС тоқтатылды. Мақсатты индикаторларға сәйкес келмейтін нәтижелер орын алды: өңдеуші өнеркәсіптің орташа жылдық өсімі жоспарланған деңгейге жете алмады, оның ЖІӨ құрылымындағы үлесі 2003 жылғы 14,2%-дан 2009 жылы 11,4%-ға дейін төмендеді, ал жалпы өнеркәсіп көлеміндегі үлесі 43%-дан 32%-ға дейін қысқарды (1-кесте).

1-кесте

2003-2009 жылдары ИИДС-тің алғашқы екі кезеңін іске асырғаннан кейін өңдеуші өнеркәсіптің негізгі индикаторларының көрсеткіші

Индикатор	Жоспар	Факт
Өңдеуші өнеркәсіптегі орташа жылдық өсім қарқыны	8-8,4%	1,1% (7 жыл ішіндегі Өңдеуші өнеркәсіптің индексі көрсеткіші) орындалмады
ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесі	13%	11,3% (2009ж.) орындалмады
Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру	нақты көрсеткіш жоқ	16,7 (7 жыл ішіндегі орташа жылдық жаңарту коэффициенті)
Өңдеуші өнеркәсіпке, көлік-коммуникация және энергетика салаларының негізгі капиталына жыл сайынғы инвестиция көлемін арттыру	4-5 трлн теңге	600 млрд теңге (Көрсетілген салаларға 7 жыл ішіндегі НКИ-дың жылдық орташа сомасы) орындалмады
Өңдеуші өнеркәсіп құрылымында металлургия мен металдарды өңдеу үлесін азайту	40,1% -дан 27-28% дейін	44% орындалмады
Өңдеуші өнеркәсіп құрылымында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үлесін ұлғайту	45-46% дейін	25% орындалмады

Дереккөз: ҚРСЖРА ҰБС

Экономиканы әртараптандыру үшін жасалған әрекеттерге қарамастан, өңдеуші өнеркәсіп құрылымында металлургия үлесі артты, ал ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесі керісінше азайды. «Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі құрылымдық өзгерістер» зерттеуінде (Каримбаева және тб., 2020) 1990-2019 жылдар аралығындағы деректер талдауы негізінде, өңдеуші өнеркәсіптегі құрылымдық ауытқулар коэффициентінің ең төмен мәні – 0,7 деңгейі дәл 2005-2009 жылдары байқалғаны көрсетілген. Осылайша, ИИДС-ті іске асыру нәтижесінде Қазақстан экономикасындағы шикізатқа тәуелді болу сақталып қана қоймай, керісінше күшейгені анықталған.

3.2. 2-бағдарлама – 2010-2014 жж. жеделдетілген индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасы (ЖИИДМБ)

2008-2009 жылдары Қазақстан жаһандық қаржы дағдарысының ауыр салдарларын көрді, макроэкономикалық тұрақтылыққа қауіп төнді. Үкімет Ұлттық қордан 2,1 трлн

теңгеден астам трансферт және сыртқы қарыздар есебінен дағдарысқа қарсы шараларды іске асырды. Осындай жағдайда және ИИДС мерзімінен бұрын аяқталғаннан кейін 2010 жылы 2010-2014 жылдарға арналған Жеделдетілген индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасы (ЖИИДМБ)⁵ қабылданды. Бағдарламаның мақсаты – экономиканы әртараптандыру және бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы тұрақты және теңгерілген өсуді қамтамасыз ету, шикізаттық емес және дәстүрлі индустриялық салаларға басымдық беру. ИИДС-тен айырмашылығы, ЖИИДМБ нақты іске асыру құралдарын қамтыды: Индустрияландырудың республикалық картасы⁶, өндірістік қуаттарды орналастыру схемасы⁷, салалық және өңірлік бағдарламалар.

ЖИИДМБ аясында төрт негізгі міндет белгіленді: басым секторларды дамыту (металлургия, мұнай химиясы, машина жасау және т.б.), индустрияландыру үшін шарттарды жақсарту және қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру, индустриялық аймақтар мен кластерлерді қолдау, мемлекет пен бизнес арасындағы серіктестікті ынталандыру. Күтілген нәтижелер қатарында ЖІӨ-дегі өңдеуші өнеркәсіп үлесінің өсуі, еңбек өнімділігінің артуы, шикізаттық емес экспорт көлемінің және оның өндіріс құрылымындағы үлесінің ұлғаюы белгіленді. Мақсаттарға жету үшін шамамен 25 салалық бағдарлама әзірленді және іске асырудың көпденгейлі жүйесі құрылды, оны Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі үйлестірді.

Бағдарлама тікелей және жанама қолдау тетіктерін қамтыды. Тікелей қолдау – субсидиялар, жеңілдетілген кредит беру, кепілдік беру, салық жеңілдіктері, инфрақұрылымға қол жеткізу. Жанама қолдау – инвестициялық климатты жақсарту, технопарктер мен технология трансферт орталықтарын дамыту, кадрларды даярлау. Іске асыруға даму институттары (Қазақстанның Даму Банкі, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, «Қазына Капитал Менеджмент», Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік), ұлттық холдингтер және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры қатысты.

ЖИИДМБ басым салаларды қолдаудың негізгі бағыттарын көздеді: энергетика, көлік және инфокоммуникация инфрақұрылымын дамыту, шикізат базасын жаңғырту, кадрлар даярлау және инновацияларды ынталандыру. Маңызды шаралар қатарында әкімшілік рәсімдерді жеңілдету, бәсекені дамыту, техникалық реттеу, энергия тұрғысынан тиімді технологияларды енгізу және экспортқа қолдау көрсету болды. Бағдарлама салықтық жеңілдіктерді, субсидияларды, сертификаттауға және халықаралық көрмелерге қатысуға жәрдем көрсетуді қамтыды. Мемлекеттік сатып алуда отандық өнімге басымдық беру арқылы ішкі сұранысты ынталандыру тетігі қолданылды. Негізгі инвестициялық жобалар Индустрияландырудың республикалық және өңірлік карталарында көрсетілді.

2010 жылдан бастап ЖИИДМБ мониторингін және аналитикалық сүйемелдеуін Қазақстанның индустриясын дамыту институты (КИДИ), кейінірек QazIndustry жүзеге асырды. Институт әдіснамалық қолдауға, салалық бағдарламалар мен қолдау шараларының тиімділігін бағалауға және өңірлермен үйлестіруге жауапты болды.

ЖИИДМБ қаржыландыруы. Қаржыландыру жүйесі көпденгейлі және институционалдық тұрғыдан күрделі болды, ал іске асыру процесі операторлар арасындағы үйлестіру қиындықтарымен, функциялардың қайталану тәуекелімен және қаражаттың қайтарымдылығы мен тиімділігін жеткіліксіз деңгейде мониторинг жасаумен сипатталды. Жоғары аудиторлық палатаның (ЖАП) қорытындысында⁸ 2010-2014 жылдар аралығында ЖИИДМБ шеңберіндегі шығындардың 86,2% (4 269 млрд теңгенің 3 678 млрд теңгесі) инфрақұрылымдық жүйе объектілерін дамытуға бағытталғаны, ал индустрияландыру мақсатна 13,8% (590,8 млрд теңге) жұмсалғаны көрсетілген.

⁵ ҚР Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы.

⁶ ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 Қаулысы

⁷ ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 304 Қаулысы.

⁸ ЖАП, «ҚР 20015-2019 жж. индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың қорытынды есебі»

ЖИИДМБ аясындағы қаржылай қолдау екі негізгі арна арқылы жүзеге асырылды: даму институттары және жекелеген операторлар арқылы (2-кесте).

2-кесте

ЖИИДМБ -нің негізгі қаржыландыру арналары

Көрсеткіш	Мемлекеттік арна	Жеке арна
Қаржы көзі	бюджет қаражаты, ҚР Ұлттық қорынан бөлінген трансферттер және даму институттары	екінші деңгейлі банктердің қаражаты, шетелдік инвесторлардың қаражаты, жеке компаниялардың қаражаты.
Операторлары	Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, Қазақстанның Даму Банкі, БРК-Лизинг, «ҚазАгро», Ұлттық инновациялық қор, Қазақстан инвестициялық қоры, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, KAZNEX INVEST, экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы, «Қазына Капитал Менеджмент», «ҚазАгроҚаржы», Аграрлық несиелік корпорациясы, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар және әкімдіктер	екінші деңгейлі банктер, жеке инвестициялық қорлар, трансұлттық корпорациялар, тікелей және венчурлік инвесторлар.
Қаржы құралдары	жарғылық капитал үлесіне қатысу, жеңілдетілген несиелік беру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдіктер беру, мемлекеттік гранттар және инновациялық гранттар, лизинг, экспортты ілгерілетуге арналған шығындарды өтеу, экспорттық операцияларды сақтандыру, арнайы экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтар арқылы инвестициялық жобаларды бірге қаржыландыру (бірге қаржыландыру), шағын және орта бизнесті субсидиялар мен кепілдіктер арқылы қолдау.	коммерциялық несиелеу, микронесиелер, лизинг, өндірістік жобаларға тікелей инвестициялар.

ЖИИДМБ-ны қаржыландырудың негізгі көздері республикалық бюджет және ҚР Ұлттық қоры болды. Осы қаржы арналары арқылы білім беру, стандарттау, экспортты қолдау сияқты жалпы жүйелік шаралар, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту (арнайы экономикалық аймақтар, көлік және энергетика), «Бизнестің жол картасы 2020», «Өнімділік 2020» және басқа бағдарламалар аясында жеңілдетілген несиелеу мен субсидиялау қамтамасыз етілді. Бағдарламаны іске асыруға ұлттық басқарушы холдингтер мен квазимемлекеттік компаниялар тартылды: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры (инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобалар), «ҚазАгро» (агроөнеркәсіптік кешен жобалары), Қазақстанның Даму Банкі (индустриялық және экспорттық жобалар), «КазЭкспортГарант» (экспортты сақтандыру). Қаржылық құралдар қолдаудың тікелей түрлерін (субсидиялар, кепілдіктер, салықтық жеңілдіктер) және жанама түрлерін (институционалдық реформалар, технопарктерді дамыту, кадрларды даярлау) қамтыды.


Республикалық индустрияландыру картасы (2010-2014 жж.). ЖИИДМБ аясындағы Республикалық индустрияландыру картасы (РИК) шикізаттық емес және инфрақұрылымдық секторлардағы жобаларды іріктеу және капитал салымдарын үйлестірудің басты құралы ретінде қолданылды. Бағдарлама бекітілгеннен кейін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына 21 инвестициялық жобаны іске асыру

тапсырылды. Жоғары аудиторлық палатаның⁹ мәліметтері бойынша, республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына 3 086,6 млрд теңге сомасына 770 жоба енгізіліп, 127 019 жұмыс орнын құру жоспарланды.

РИК құрамына өзгерістер жыл сайын енгізілді: 2011 жылы тізімде 134 жоба болған еді, ал 2014 жылы 59 жоба қалды (3-сурет). Бұл бастамалардың бір бөлігі аяқталғанын және іріктеу критерийлерінің күшейгенін көрсетеді: назар іске асыруға мүмкіндік, экономикалық тиімділік және стратегиялық басымдықтармен сәйкестікке аударылды. Инновациялық экономикаға көшу туралы мақсаттар жарияланғанына қарамастан, РИК-тің фокусы негізінен дәстүрлі салалар мен инфрақұрылымға бағытталды.

3-сурет

2010-2014 жылдары ЖИИДМБ аясында Республикалық индустрияландыру картасындағы жобалардың салалар бойынша сандық үлесі



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі (2014 жылғы 24 ақпанға дейінгі өзгерістерімен) «2010-2014 жылдарға арналған Республикалық индустрияландыру картасы туралы» қаулысы

2010-2014 жылдар аралығындағы РИК құрылымын талдау барысында, бастапқы кезеңде жобалардың басым бөлігі шикізат және инфрақұрылым секторларындағы ірі әрі ауықымды капиталды бастамалар болғаны анықталған, мысалы: тау-кен металлургия, энергетика (ЖЭО, желілер, қосалқы станциялар), көлік (темір жолдар, логистикалық орталықтар) және құрылыс. Сонымен қатар РИК құрамына индустрияландыру мақсаттарымен әлсіз байланысты жобалар да енгізілді: көпфункционалды «Абу Даби Плаза» кешені, «Бурабай» АЭА аумағындағы туристік-ойын-сауық кешені, «Кендірлі» курорттық аймағы, Алматыдағы «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты, сондай-ақ жекелеген ғарыш бағдарламаларына қатысты бастамалар. Мұндай жобалардың енгізілуі ЖИИДМБ-ның өндірістік секторды дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттеріне біршама сәйкес келмеді.

⁹Аудиторлық қорытынды: «Республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген жобаларды іске асыру тиімділігін бағалау және квазимемлекеттік сектор субъектісінің активтерін басқаруды талдау», 2022 ж.

2013 жылдан бастап РИК құрылымы өзгерді: басымдық өңдеуші өнеркәсіпке, машина жасау мен химия саласына ауысты. Автокомпоненттер өндіру, күн панельдерін шығару (KAZ PV), өндірістерді жаңғырту және автомобильдерді СКД-жинау (SsangYong) жобалары пайда болды. Алайда мұндай бастамалардың қосылған күн тізбектерін қалыптастыру және технологиялық трансфертті қамтамасыз ету тұрғысынан ықпалы шектеулі болды.

Өңірлік жобалардың басында дәстүрлі индустриялық орталықтар (Павлодар, Қарағанды, ШҚО, Атырау, Алматы, Астана) негізгі орын алды, кейін РИК моноқалалар мен шағын қалаларды да қамти бастады. Инфрақұрылымдық және энергетикалық жобалардың (Бозшакөл, Ақтоғай, ГЭС, ЖЭО, электр беру желілері) тұрақты енгізілуі өндіріс орналастыруға жағдай жасады, алайда олардың барлығы өндірістік тиімділікке немесе экспорттық әлеуетке тікелей әсер ете бермеді.

Жобалардың едәуір бөлігі ұлттық және квазимемлекеттік операторлар арқылы іске асырылды («Самұрық-Қазына», «ҚазАгро», Қазақстанның Даму Банкі). Шағын және орта бизнес қатысуы бастапқы кезеңде өте төмен болды. Тек 2013 жылға қарай жергілікті және нишалық бастамалар көріне бастады, бірақ олардың ауқымы ірі жүйелік жобалармен салыстыруға келмеді. Аграрлық жобалардың РИК-тен шығарылып, агроөнеркәсіптік кешен бағытына берілуі салалық орталықтандыру мен қайталануды болдырмау қадамы ретінде бағалауға болады.

Осылайша, РИК арқылы индустрияландыру міндеттері ішінара ғана орындалды: салалық құрылымда өзгеріс байқалды, география кеңейді, инфрақұрылым нығайды. Алайда ірі жобаларға шамадан тыс бағдарлану, шағын және орта бизнеспен әлсіз байланыс және жобаларды іріктеудегі жеткіліксіз икемділік экономиканы нақты әртараптандыру әлеуетін шектеді.

ЖИИДМБ-ның құралдары мен қолдау шаралары. Сыртқы қаржыландыруға қолжетімділіктің шектеулі болуы және екінші деңгейлі банктерде «ұзақ» ақшаның тапшылығы жағдайында ЖИИДМБ ішкі ресурстар мен мемлекеттік қолдау тетіктеріне сүйенді. Басым секторлардың негізгі капиталына 6,28 трлн теңге инвестиция тарту жоспарланды. Республикалық индустрияландыру картасы аясында үш қолдау формасы қарастырылды: мемлекеттік (преференциялар, кепілдіктер), ресурстық (инфрақұрылым, шикізат, энергия) және қаржылық (субсидиялар, ұлттық компаниялардың қатысуы, даму институттары мен екінші деңгейлі банктер арқылы қаржыландыру).

Арнайы бағдарламалардың бірі – «Экспорт 2020». Бағдарлама өнімді ілгерілету шығындарының 50%-ына дейін грант ұсынды және Қазақстанның өңделген тауар экспорттаушы ретіндегі позициясын күшейтуді көздеді. Алайда тиімділігі шектеулі болды: қолдау негізінен дәстүрлі салаларда шоғырланды, жоғары қосылған құны бар өнім үлесі төмен деңгейде қалды.

«Өнімділік 2020» бағдарламасы өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының технологиялық жаңғыруы және еңбек өнімділігін арттыру арқылы бәсекеге қабілеттілігін көтеруді мақсат етті. Қолдау шаралары технологиялық аудит, оқыту, жабдықты жанартуға арналған субсидиялар мен гранттарды қамтыды. Дегенмен негізгі құралдардың тозуы 60%-ға дейін жеткеніне қарамастан, нәтижелер шектеулі болды: КИДИ деректеріне сәйкес, 388 млн теңге шығын есебінен 210,5 млрд теңге инвестиция тартылған; ал БРК-Лизинг желісі бойынша 2015 жылы жаңғыртуға бар болғаны 14 келісімшарт қаржыландырылған. Бағдарлама көбіне жабдықтарға бағытталды, ал басқарушылық трансформация және кадрлық әлеуетті дамыту шеткері қалғандықтан, ұзақ мерзімді әсері шектеулі болды.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы (БЖК 2020)¹⁰ 2010-2020 жылдар аралығында екі кезеңмен іске асырылатын, өңірлік деңгейде ЖИИДМБ мен жеке сектор интеграциясының маңызды құралына айналды. Бағдарламаны ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі әзірледі, қаржы агенті ретінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры белгіленді, ол бағдарламаның мониторинг жасау қызметіне де жауапты болды.

¹⁰ ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 Қаулысы

Бағдарламаның басты мақсаты – «экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерілген өсімін қамтамасыз ету, жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарын сақтау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру» деп айқындалды.

3-кесте

БЖК 2020 мақсатты индикаторлары (I кезең)

№	Мақсатты индикаторлар
1.	Жыл сайын кемінде 400 млрд теңге көлемінде несиелердің құнын арзандату.
2.	Өңдеуші өнеркәсіптің ЖІӨ құрылымындағы үлесін 2015 жылы кемінде 12,5% деңгейіне дейін арттыру.
3.	Шикізаттық емес экспорттың жалпы экспорт көлеміндегі үлесін 2015 жылы кемінде 40% деңгейіне дейін ұлғайту.
4.	Шикізаттық емес экспорт көлемін 2015 жылға қарай өңдеуші өнеркәсіптің жиынтық өндірісі көлемінің кемінде 43% деңгейіне жеткізу.
5.	Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін 2015 жылға қарай кемінде 1,5 есеге арттыру.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысы.

БЖК 2020 өз алдына үш негізгі міндет қойды: жаңа бизнес-бастамаларды қолдау, кәсіпкерлік секторды сауықтыру және экспортқа бағытталған өндірістерді дамыту. Кейінгі кезеңде экспортты дамыту міндеті кәсіпкерлердің валюта тәуекелдерін төмендету міндетімен алмастырылды, сондай-ақ кәсіпкерлік әлеуетті күшейтуге бағытталған қосымша міндет енгізілді.

4-кесте

БЖК 2020 бағыттары бойынша құралдары

Бағыттардың атауы	Құралдар (қаржылық және қаржылық емес шаралар)
1. Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау	1. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау 2. Несиелер бойынша ішінара кепілдік беру 3. Өндірістік инфрақұрылымды дамыту
2. Кәсіпкерлік секторды сауықтыру	1. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау 2. Салықтарды төлеуді кейінге қалдыру 3. Кәсіпорындарды сауықтыру бойынша басқа шаралар
3а. Экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау	1. Экспорттаушылардың қолданыстағы несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау
3б. Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету (31.12.2010 жылдан бастап)	1. Экспорттаушылардың қолданыстағы несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау
4. Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту	1. Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын қалыптастыру 2. «Бизнес-кеңесші-I» жобасы бойынша оқыту 3. «Бизнес-кеңесші-II» жобасы бойынша оқыту 4. Кәсіпкерлерді жекешелендіруге қатысуға даярлау 5. Бизнеске сервистік қолдау көрсету 6. ШОБ-тың озық кәсіпорындарын консультациялық жобаларды іске асыруда қолдау (BAS бағдарламасы) 7. ШОБ топ-менеджментін оқыту 8. Бизнес-инкубаторлар құру 9. Шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстарды қолдау («Іскерлік байланыстар» жобасы) 10. Жастар кәсіпкерлігін дамыту

Дереккөз: «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның «Қазақстандағы және оның өңірлеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есебі», 2013

БЖК 2020 үшін бөлінген ресурстар

Жылы	Бюджет (млрд теңге)
2010	15,4
2011	28,3
2012	36,6
2013	39,1
2014	34,9
Барлығы	154,3


Алғашында 2010 жылы республикалық бюджеттен 30 млрд теңге¹¹ бөлу жоспарланған. Алайда «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы құжатта 2010-2014 жылдары бағдарламаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен жалпы 154,3 млрд теңге бөлінетіні көрсетілген (5-кесте).

Бағдарлама бойынша қаржы беру тетігі күрделі әрі көпдеңгейлі болды, бұл оның кәсіпкерлер үшін қолжетімділігін шектеді. Негізгі проблемаларға рәсімдердің шамадан тыс бюрократиялануы, келісу және бекіту мерзімдерінің ұзақтығы кірді. Кәсіпкерлер субсидиялар мен кепілдіктер алу үшін бірнеше кезеңнен өтуге мәжбүр болды: екінші деңгейлі банктерге өтінім беру, «Даму» қорының мақұлдауы және жергілікті атқарушы органдармен келісу.

Субсидиялар қаржылық тұрғыда орнықты кәсіпорындарға берілді, олардың қызметі басым салаларға сәйкес келуі тиіс еді. Бұл шағын компаниялар мен стартаптардың едәуір бөлігін бағдарламадан тыс қалдырды. Сонымен бірге банктер несие беруде сақтық танытып, қарыз алушыларға қатаң талаптар қойып, консервативті несие саясатын ұстанды.

ЖИИДМБ-нің алғашқы бесжылдығы кезеңінде, яғни 2010-2014 жылдары, үкіметтің белсенді қолдауымен «Даму» қоры жалпы сомасы 1 085 млрд теңгені құрайтын 3 269 жобаны іске асырды (4-сурет).

4-сурет


Өңдеуші өнеркәсіп саласында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы жүзеге асырылған жобалар саны*Жүзеге асырылған жобалардың жалпы саны – 3 269*

Негізгі қаржыландыру құралдары ретінде пайыздық несие мөлшерлемесін субсидиялау, несиелерді кепілдендіру және жеңілдетілген несие беру қолданылды. Ең белсенді тетік субсидиялау болды, әсіресе 2012 жылы 576 жоба жүзеге асырылған. 2013 жылдан бастап жеңілдетілген несие берудің рөлі күшейіп, 2014 жылы оның көлемі субсидиялау деңгейіне іс жүзінде теңесті (513 және 530 жоба), бұл мемлекеттік қолдау

¹¹ ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысы

жүйесінде басымдықтың неғұрлым тікелей және ауқымды несиелік ынталандыру шараларына ауысуын көрсетеді. Кепілдендіру тетігі баяу басталғанымен, біртіндеп ұлғайып, 2014 жылы 184 жобаны қамтыды, бұл, әсіресе жеткілікті кепілзаты жоқ шағын және орта кәсіпорындар үшін қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз етуге деген назардың артқанын байқатады.

5-сурет



Дереккөз: «Қазақстан Республикасындағы және ТМД елдеріндегі өңдеуші өнеркәсіптің жағдайы жөніндегі талдамалық шолу», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ <https://damu.kz/poleznaya-informatsiya/informatsiya-fonda/analitika>

2010 жылдан бастап субсидиялау көлемінің күрт өскені байқалады және 2012 жылы шыңына жеткен (5-сурет). 2009-2010 жылдары Үкімет Даму қорына сүйене отырып, салалық және өңірлік деңгейлерде бірнеше бағдарламаны қатар іске қосты: «Тұрақтандыру бағдарламасы» (3 транш), «Даму Өндіріс», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражаты есебінен өңдеуші өнеркәсіптің шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау бағдарламасы» (3 транш), «Даму-Өңірлер», «Банк секторы арқылы әйелдер кәсіпкерлігін микронесиелеу үшін шартты қаражат орналастыру бағдарламасы», «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін АБР қарызы есебінен қаржыландыру бағдарламасы» (3 транш), «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру бағдарламасы (өз қаражаты есебінен)», «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін ЕҚДБ қарызы есебінен қаржыландыру бағдарламасы» (3 транш), «Өңдеуші өнеркәсіп субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру бағдарламасы», сондай-ақ «Қазақстан Республикасының шағын қалаларында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру бағдарламасы». Алайда 2013 жылы субсидиялау көлемі төмендей бастады, бұл нарықтың қанығуымен және алғашқы кезеңдегі қарқынның аяқталуымен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, 2014 жылға қарай жеңілдетілген несиелеу көлемінің артуы байқалды, бұл бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне қойылатын талаптардың күшеюімен байланысты болуы ықтимал. Кепілдендіру құралының көлемі минималды деңгейде қалды, шағын және орта бизнес үшін кепіл жарамдылығының тапшылығын ескерсек, мұндай құралдардың маңыздылығы жоғары болғанымен.

ЖИИДМБ нәтижелері: БЖК 2020. Мемлекеттік қолдаудың ауқымды көлеміне, бизнес субъектілерін кең қамтуына және әртүрлі қаржы және қаржылық емес құралдардың іске асырылуына қарамастан, экономиканы құрылымдық әртараптандыру әсері шектеулі

болды. Өңдеуші өнеркәсіп көптеген бағдарламалардың фокусында болғанымен, мемлекеттік қолдаудың ірі масштабтары шикізаттық емес секторға тұрақты бетбұрысқа айнала алмады.

Мемлекеттік қаржыландырудың ауқымы өте жоғары болған жағдайда және іске асырылған бағдарламалардың саны көп болғанын ескерсек, бөлінген ресурстардың бір бөлігі тиімді пайдаланылмауы немесе әділдік пен ашықтық қағидаттарына сәйкес бөлінбеуі мүмкін деген тәуекелдер бар.

БЖК 2020 негізгі индикаторларын талдау шағын және орта кәсіпкерлікті шикізаттық емес секторда қолдаудың көлеміне қарамастан, мақсатты көрсеткіштердің төмен деңгейде орындалғанын көрсетеді. 2010-2014 жылдарға белгіленген бес мақсатты индикатордың төртеуі орындалмаған, ал бір индикатор бойынша тек формалды түрде мақсаттан жоғары нәтижеге қол жеткізілген (6-кесте).

6-кесте

БЖК 2020 аясындағы негізгі индикаторлардың орындалуы

Индикатор	Жоспар	Факт (5 жыл)
Жеңілдетілген несиелер көлемін жыл сайын арттыру	жалпы көлемі кемінде 400 млрд теңге	Өлшеу қиын, бірақ банктердің жалпы несие портфеліндегі өңдеуші өнеркәсіпке берген несиесінің үлесі мардымсыз өсті
Өңдеуші өнеркәсіптің ЖІӨ құрылымындағы үлесін арттыру	кемінде 12,5%	10,3% орындалмады
Шикізаттық емес экспорт үлесін арттыру	экспорттың жалпы көлемінде кемінде 40%	35% орындалмады
Шикізаттық емес экспорт көлемін арттыру	өңдеуші өнеркәсіптің жиынтық өндіріс көлемінен кемінде 43%	54% *орындалды
Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін арттыру	кемінде 1,5 есе	1,2 раз орындалмады

Ескерту: *сәйкестік деңгейі күмәнді

Дереккөз: ҰСБ мен ҚРҰБ деректері, автордың есептеуі

Негізгі көрсеткіш – жыл сайын кемінде 400 млрд теңге көлемінде несиелерді арзандату – нақты өлшеуге қиындау, себебі осы көрсеткішті объективті бағалау мүмкіндігі шектеулі. Сонымен қатар банктердің жалпы несие портфеліндегі өңдеуші өнеркәсіпке берілген несиелердің үлесі төмен болып, 12% аспады, бұл экономиканы әртараптандыру үдерісінің жүйелілігі мен тереңдігіне күмән тудырады.

Бесжылдық кезең қорытындысы бойынша өңдеуші өнеркәсіптің ЖІӨ құрылымындағы үлесі 10,3% деңгейінде қалып, жоспарланған 12,5% межесіне жете алмады, бұл бағдарламаның құрылымдық әсерінің әлсіздігін көрсетті. Шикізаттық емес экспорттың үлесі де белгіленген межеге жеткізілмеді: 40% жоспарға қарсы нақты көрсеткіш 35% құрады, бұл шикізаттық емес секторлардағы экспорт бағыттарының орнықсыз екенін көрсетеді.


Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 1,2 есеге ғана артты, жоспар бойынша 1,5 есеге өсу көзделген. Бұл қабылданған шаралардың технологиялық әсерінің шектеулілігін, жаңғырту деңгейінің төмендігін және адами капиталға инвестициялардың жеткіліксіздігін білдіреді.

Жоспарланған мәннен формалды түрде асып түскен жалғыз көрсеткіш – өндіріс көлеміндегі шикізаттық емес экспорттың үлесі – 43% межесіне қарсы 54% болды. Алайда талдау көрсеткендей, 2009 жылы бұл көрсеткіш шамамен 60% деңгейінде болған (6-сурет) және 2014 жылға қарай өскен жоқ, керісінше төмендеді. Осылайша меженің асыра орындалуы

бастапқы мақсатты база дәл қойылмағанын көрсетеді, сондықтан оны нақты прогресс деп қабылдау дұрыс емес.

6-сурет

Өңдеуші өнеркәсіптің жиынтық өндірісі көлеміндегі шикізаттық емес экспорттың үлесі 2009-2014 жж.



Дереккөз: ҰСБ, ҚРҰБ

БЖК 2020 бағдарламасын іске асыру тиімділігін ЖАП¹² жүргізген талдау бірқатар жүйелі мәселелерді анықтады. Атап айтқанда, өңірлік үйлестіру кеңестері мемлекеттік қолдау көрсету үшін жеткілікті дәлелдемелерсіз жобаларды мақұлдаған. Бюджет қаражаты пайдалануға берілмеген немесе жұмыс істемейтін нысандарға инфрақұрылым тартуға бағытталған. Сонымен қатар несие бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялаудан негізсіз бас тарту жағдайлары тіркелген. 2013 жылы гранттарға арналған шығындар бастапқы бюджет өтінімдерінде ескерілмегендіктен, субсидиялар көлемі 13,6 млрд теңгеден 14,0 млрд теңгеге ұлғайтылды, бұл жоспарлау кезеңінде қаржыландыру тетіктерінің жеткілікті пысықталмағанын көрсетеді.

Осы факторлардың жиынтығы бағдарлама ауқымдылығы мен қамту кеңдігіне қарамастан, БЖК 2020 бірінші кезеңде экономиканы орнықты индустрияландыру және әртараптандыруға жүйелі бетбұрыс жасай алмағанын көрсетті. Қойылған мақсаттар мен нақты нәтижелер арасындағы алшақтықтың қосымша себебі ретінде кредит ресурстарын бөлу кезіндегі ашықтық пен есеп берушіліктің шектеулілігін, сондай-ақ түрлі арналар арқылы параллель іске асқан бағдарламалардың болуын атауға болады.

БЖК 2020 тиімділігінің төмен болуына ықпал еткен себептердің қатарында өңдеуші өнеркәсіп субъектілері үшін қаржыға қолжетімділіктің шектеулілігі, мемлекеттік қолдау механизмдерінің нәтижелілігінің төмендігі, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық белсенділігінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ секторларды басымдықтау кезінде айқындықтың болмауы және кей бағыттардың индустрияландыру мен әртараптандыру мақсаттарына сәйкес келмеуі бар.

Бағдарлама мазмұнын мұқият талдау уақыт өте келе басымдықтардың индустриялық дамудан қызмет көрсету инфрақұрылымы мен бизнесті қолдауды күшейтуге қарай ауысқанын көрсетеді. Өндірістік жобаларды тікелей ынталандыру орнына қаражаттың елеулі бөлігі консалтинг, тренингтер, тәлімгерлік, бизнес-жоспарларды субсидиялау және қызмет көрсету секторындағы стартаптарды қаржыландыру сияқты өндіріске қатысы жоқ

¹²2013 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Есеп комитетінің есебі

қолдау шараларына бағытталды. Бұлардың экономиканың ұзақмерзімді құрылымдық трансформациясына қосатын үлесі шектеулі. Дегенмен мұндай қаржылық емес шаралар өңірлік және жаңа кәсіпорындарға институционалдық және құзыреттік қолдау көрсету үшін маңызды. Алайда оларды индустрияға бағытталған бағдарламаның ресурстарын жұмсаудың негізгі бағыты ретінде қарастыру әдістемелік тұрғыдан орынды емес. Мұндай шаралар кәсіпкерлік дағдыларды дамыту, цифрландыру немесе ШОБ сүйемелдеу бойынша өзге бағдарлама аясында іске асуы тиіс еді. БЖК 2020 фокусы нақты өндіріс секторын ынталандыруға, экспорттық әлеуетті арттыруға және технологиялық жаңғыртуға бағытталуы қажет болатын, өйткені дәл осы бағыттар жүйелі және ұзақмерзімді қаржылық және инвестициялық қолдауды талап етеді.

Бағдарламаға енгізілген басым секторлар тізімі де сұрақтар туғызады. Бағыт ретінде білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер қамтылған, алайда оларды экспортқа бағытталған өсім драйверлері ретінде қарастыру қиын. Сонымен қатар жоғары технологиялық және перспективалы кейбір салалар бағдарлама шеңберінен тыс қалып, басымдық дәстүрлі әрі рентабельділігі төмен секторларға берілді.

ЖИИДМБ және БЖК 2020 бағдарламалары аясындағы қаржы ағындарының негізгі арналары саналатын банктердің корпоративтік портфелі құрылымын талдау кезінде несиелердің басым бөлігі сауда, құрылыс және өтелуі жеңіл салаларға бағытталғаны байқалады. 2014 жылдың соңында сауда үлесі 20%, құрылыс – 9,4%, өзге салалар – 50% астам деңгейінде болды. Өңдеуші өнеркәсіп бағдарламалар басым сектор ретінде көрсетілгеніне қарамастан, банктердің жалпы несие портфеліндегі өңдеуші секторға берілген несиелер үлесі 11,2% аспады (7-кесте). Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары несие алу барысында жеткілікті кепілдің болмауы, инвестициялық циклдің ұзақтығы және кәсіпорындардың қаржылық тәртібінің әлсіздігімен байланысты қиындықтарға тап болды.

7-кесте


Банктердің жалпы несие портфеліндегі 2009-2014 жж. өңдеуші өнеркәсіпке берген несиесінің үлесі, млрд теңге

	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Банктегі несие, барлығы	4 102	3 794	5 778	7 249	8 348	10 599
Өңдеуші өнеркәсіпке берілген несиелер (қысқа мерзімді + ұзақ мерзімді)	375 (9,1%)	383 (10%)	560 (9,6%)	811 (11,1%)	937 (11,2%)	964 (9,1%)

Дереккөз: ҚРҰБ дерегі

Өңдеуші өнеркәсіп секторлары арасында кредит ресурстарын бөлу теңгерімсіз күйінде қалды (7-сурет). Ең айқын тренд – тамақ өнеркәсібінің жалпы несие көлеміндегі үлесінің 2014 жылы 32% дейін төмендеуі, ал 2010 жылдың басында бұл сектор өңдеуші өнеркәсіпке берілген несиелердің 49% иеленген. Осы кезеңде қаржы ағындары басқа салаларға, атап айтқанда химия өнеркәсібіне қарай қайта бөлінді. Металлургия 5 жыл бойы несие ресурстарының тұрақты, бірақ біртіндеп азаятын үлесін алды: 2010 жылы 15% болса, 2014 жылы 10% дейін төмендеді. Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіретін кәсіпорындарға берілген несиелердің үлесі ең жоғары өсім көрсетті – 2% деңгейінен 13% дейін. Ал тоқыма және тігін өнеркәсібі кәсіпорындарын несиелеу көлемдері тұрақты түрде қысқарды: банктер портфеліндегі үлесі 2010 жылы 3% болса, 2014 жылы 1% дейін төмендеді.

2009-2014 жылдары банктердің несие құрылымындағы өңдеуші салалар (%)



Дереккөз: ҚРҰБ дерегі

ЖИИДМБ бойынша мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу. ЖИИДМБ іске асырылған кезеңде бағдарламаның мақсатты индикаторлары елеулі өзгерістерге ұшырады. 2010 жылғы редакцияда индикаторлар үлестік және абсолюттік мәндер түрінде белгіленді: мысалы, ЖІӨ өсімінің кемінде 7 трлн теңге болуы, ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіп үлесінің 12,5% деңгейіне жетуі. Сондай-ақ шикізаттық емес экспорт үлесін жалпы экспорт көлемінің 40% дейін ұлғайту және өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есе арттыру көзделді. Алайда 2013 жылы фокус өзгерді. Үлестік көрсеткіштердің орнына 2008 жыл деңгейіне қатысты пайыздық өсімге басымдық берілді: шикізаттық емес сектордың жалпы қосымша құнындағы (ЖҚК) үлесін 39,5% дейін, ал өңдеуші өнеркәсіптің ЖҚК-ін 43,6% дейін ұлғайту. Қазақстандық өніммен қамтуға қатысты талаптар блогы да айтарлықтай кеңейді. Бастапқы редакцияда қазақстандық өніммен қамту тауарларда 60% және қызметтерде 90% деңгейіне жеткізілуіне тиіс болса, кейін бұл мақсаттар сатып алушы

субъектілер санаты бойынша сараланды (меморган, ұлттық компания, жер қойнауын пайдаланушы, жүйе құраушы кәсіпорын). Бұл бір жағынан көрсеткіштердің нақтылығын арттырса, екінші жағынан прогресті бағалауды күрделендірді. Сонымен қатар кей индикаторлар өзгеріссіз қалды: өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін 1,5 есе ұлғайту, ЖІӨ энергия сыйымдылығын 10% төмендету, инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесін 10% деңгейіне жеткізу.

Көрсеткіштер жүйесін және нәтижелерді бағалау логикасын қайта қарау бағдарламаның басқарылуын жақсартуға бағытталғанымен, бастапқы трансформациялық тұжырымдаманың «шашыраңқы болуына» жол ашты. Фокус терең құрылымдық әртараптандырудан көлемдерді сандық өсіруге ауысты. Мұндай тәсіл формалды нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік бергенімен, экономикалық өсудің шикізаттық емес және индустриялық-инновациялық моделіне нақты көшуге кепіл бермейді және бастапқы қойылған амбициялы міндеттерге қол жеткізудің күрделілігін көрсетеді.

Бағдарламадағы 12 мақсатты индикатордың ішінде 2013 жылы тек 5 индикатор тікелей өңдеуші өнеркәсіпке қатысты болды. Дәл осы 5 мақсатты көрсеткіш салыстырмалы талдау үшін пайдаланылды (8-кесте).

8-кесте

ЖИИДМБ негізгі индикаторлары: өңдеуші өнеркәсіп бойынша 2010-2014 жылдарға арналған жоспарлы көрсеткіштер және нақты нәтижелер

№	Индикатор	Жоспар	Факт (7 жыл ішінде)
1	ЖҚК-ның шикізаттық емес секторда 2015 жылға қарай нақты өсімі	кемінде 39,5% 2008 жылғы деңгейіне қатысты	36,8 % орындалмады
2	Өңдеуші өнеркәсіптің 2015 жылға қарай нақты өсімі	43,6% 2008 жылғы деңгейіне қатысты	27,8 % орындалмады
3	Шикізаттық емес (өңделген) экспорттың баға мөлшерінің өсуі	кемінде 30% 2008 жылғы деңгейіне қатысты	-7,7% орындалмады
4	Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің өсімі (2008 жылдың бағасына қарағанда)	кемінде 1,5 есе 2008 жылғы деңгейіне нақты мәнде	1,1 есе 2008 жылғы деңгейімен салыстырғанда нақты мәнде орындалмады
5	Инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі	қолданыстағы кәсіпорындар санынан 10% артық	8,1% 2014 жылы орындалмады

Дереккөз: автор есебі және ҰБС дерегі

Шикізаттық емес сектордың ЖҚК көрсеткіші номиналды мәндерде өсім көрсетті, бірақ біртіндеп баяулады. Бұл индикатор базалық 2008 жылмен салыстыра отырып нақты өндірілген өнімдер мен көрсетілген қызметтердің көлеміндегі өзгерістерді көрсететін, шикізаттық емес сектордың ЖҚК-ның физикалық көлем индексі негізінде есептелді (8-сурет). 2014 жылы мақсатты индикатордың орындалмауына негізгі себеп – Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторын дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру мүмкіндігін айтарлықтай шектеген қолайсыз сыртқы экономикалық жағдайлар. Атап айтқанда, 2014 жылы Қазақстанның негізгі сауда серіктестеріндегі экономикалық өсім күрт баяулады (Ресейге қатысты санкциялық шектеулердің енгізілуі), бұл қазақстандық экспорттық тауарларға сұраныстың төмендеуіне алып келді. Қосымша теріс фактор ретінде металдар мен металлургиялық өнімдердің әлемдік бағасының төмендеуі байқалды, ал бұл тауарлар Қазақстанның шикізаттық емес экспорты құрылымында елеулі үлеске ие. Бұл өз кезегінде ЖҚК динамикасының түпкілікті нәтижесіне әсер етті.

8-сурет

2008 жылғы деңгейімен салыстырғандағы шикізаттық емес сектордың ЖҚҚ-ның нақты мәндегі динамикасы



Дереккөз: ҰБС деректері және автордың есебі

Сонымен бірге, индикатордың орындалмауына ішкі себептер де әсер етті, олардың ішінде басқарушылық және ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелерді атап өтуге болады. Мемлекеттік ресурстардың айтарлықтай көлемі бөлінгеніне қарамастан, олар көбіне шикізаттық емес сектор үшін тікелей және жедел қайтарым бермейтін, құны жоғары инфрақұрылымдық жобаларға бағытталды.

Сондай-ақ ЖҚҚ-ның шикізаттық емес сектор бойынша көрсеткіші өңдеуші өнеркәсіптің дамуын бағалау үшін жеткілікті индикатор емес екеніне назар аудару қажет, себебі ол тауарлармен қатар қызметтер туралы деректерді де қамтиды, ал оның кең ауқымы нақты саланың үлесін көмескілейді. Бұл көрсеткіш өңдеу өнеркәсібінің деректерін сауда, көлік және қаржы сияқты секторлармен біріктіреді, осыған байланысты қызметтер өсімі өндірістегі нақты құлдырауды жасыруы мүмкін.

9-сурет

2008 жылмен салыстырғандағы өңдеуші өнеркәсіп ЖҚҚ физикалық мөлшері индексінің нақты өсуі динамикасы



Дереккөз: ҰБС деректері және автордың есебі

9-суретте өңдеуші өнеркәсіптің ЖҚҚ динамикасы 2009 жылғы құлдыраудан кейін оң деңгейге шыққан. ЖҚҚ-ның физикалық көлем индексі арқылы есептелген нақты өсім

бесжылдық кезең бойы жинақталған оң динамиканы көрсетеді, алайда алдыңғы жылмен салыстырғанда нақты өсімнің төмендеуі өңдеу саласының әлеуетінің таусылып бара жатқанын айғақтайды. «2008 жылғы деңгеймен салыстырғанда өңдеуші өнеркәсіптің нақты өсімі – 43,6%» индикаторы орындалмады, көрсеткіш 27,8% деңгейінде қалыптасты.

Экспорт әлемдік қаржы дағдарысынан кейін біртіндеп қалпына келді (10-сурет), алайда 2013 жылдан бастап әлемдік нарықтардағы конъюнктураның нашарлауына және негізгі сауда серіктес елдеріндегі сұраныстың азаюына байланысты қайта төмендеу басталды. Ішкі факторлар қатарында экспорттық қоржынның жеткіліксіз әртараптандырылуы, қазақстандық шикізаттық емес тауарлардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, сондай-ақ халықаралық қосылған құн тізбектеріне енудің әлсіздігі бар, бұл сыртқы шоктардың қазақстандық экспортқа тигізген теріс әсерін өтеуге мүмкіндік бермеді.

10-сурет


Шикізаттық емес экспорт құнының өсуі



Дереккөз: ҰСБ, ҚРҰБ және автор есебі

11-сурет

Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі (2008 жылғы салыстырмалы бағамен)



Дереккөз: ҰСБ дерегі

2008-2014 жылдар аралығында ЖИИДМБ іске асырылуы аясында Қазақстанда өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі өсті. Алайда бұл өсім белгіленген индикативтік мақсаттан төмен қалыптасты. 2014 жылдың қорытындысы бойынша еңбек өнімділігі бір


жұмысшыға шаққанда 37,3 мың АҚШ долларынан 44,1 мың АҚШ долларына дейін өсті (11-сурет), яғни өсім 18,2% ғана құрап, 2008 жылғы деңгейден 1,2 есе жоғары болды. Өнімділіктің ең жоғары мәні 2012 жылы тіркелді – 61,8 мың АҚШ долл./адам, одан кейін күрт төмендеу байқалды: 2013 жылы – 57,0 мың АҚШ долл./адам, 2014 жылы – 44,1 мың АҚШ долл./адам. Бұл үрдіс сектордағы құрылымдық мәселелердің күшейгенін көрсетуі мүмкін: өндірістік қуаттардың төмен жүктемесі, жабдықтың әлсіз жаңартылуы, экспорттық сұраныстың азаюы және инвестициялардың басқа жаққа бағытталуынан болуы ықтимал. Осылайша, бастапқы өсімнен кейін еңбек өнімділігі бағдарлама мерзімінің ортасына қарай төмендей бастады, алғашқы жылдардағы жаңғырту әсерін әлсіретті.

Салалық талдау ең жоғары салыстырмалы өсім машина жасау және жеңіл өнеркәсіп салаларында тіркелгенін көрсетті, бұл төмен бастапқы база және импортты алмастыру тетіктерінің салыстырмалы тиімділігімен түсіндіріледі. Химия, фармацевтика және тамақ өнеркәсібінде орташа, бірақ тұрақты өсім байқалды. Сол уақытта металлургияда еңбек өнімділігі 2012 жылға қарай күрт өсіп (118 мың АҚШ долл./адам), 2014 жылға қарай 84,2 мың АҚШ долл./адам деңгейіне дейін төмендеді. Металлургиядағы бұл төмендеу өңдеу өнеркәсібінің жалпы өнімділік индексіне ықпал етті, сала ЖҚҚ құрылымында елеулі үлеске ие.

Оң динамикаға қарамастан, инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі бойынша индикативтік көрсеткіш (кемінде 10%) орындалмады, ал қол жеткізілген 8,1% үлесі бағдарламаның ішінара нәтижесін ғана көрсетеді (12-сурет).

12-сурет

Жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар ішіндегі инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі



Дереккөз: ҰСБ дерегі

Инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесінің айтарлықтай өсімі 2012 жылы байқалды (7,6%), әсіресе алдыңғы жылдармен салыстырғанда (2008-2009 жылдары 4,0%, 2011 жылы 5,7%). Кейінгі кезеңде үлес мардымсыз өсті (2013 жылы 8,0%, 2014 жылы 8,1%) және 10% межесін еңсере алмады.

Салалар деңгейінде инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі біркелкі болмады. Мысалы, мұнай-газ секторында бұл көрсеткіш 2008 жылғы 1,5%-дан 2014 жылы 11,2%-ға өсті. Мұны жаһандық бәсекенің күшеюімен және цифрлық әрі өндіру технологияларын енгізумен түсіндіруге болады. Атом өнеркәсібінде көрсеткіш үш есеге артты – 15,4%-дан 47,1%-ға дейін, бұл 2014 жылы инновациялық белсенділік бойынша сөзсіз көшбасшы екенін көрсетеді. Жоғары өсім машина жасау саласында (6,0%-дан 27,3%-ға дейін) және агроөнеркәсіптік кешенде байқалды (3,7%-дан 11,4%-ға дейін), бұл осы

салалардағы технологиялық процестерді жаңғыртуға бағытталған шаралар жүргізілгенін көрсетеді.

Сонымен бірге, тау-кен металлургия саласында инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 2008 жылғы 13,7%-дан 2014 жылы 12,5%-ға дейін төмендеді, дегенмен ол индустрияландыру үшін стратегиялық маңызды рөл атқарды. Бұл көрсеткіш технологиялық серпіліссіз дамудың әлеуеті шектелгенін көрсетеді. Жеңіл өнеркәсіпте кәсіпорындардың үлесі формалды түрде артқанымен (1,1%-дан 11,1%-ға дейін), абсолюттік мәнде олардың саны аз және әсері ауқымды болмады.

Осылайша, инновациялық өндірістің тұрақты өсуіне жекелеген секторлар мен нақты кейбір жобалар есебінен ғана қол жетті, ал кәсіпорындардың инновацияға бұрылуы жаппай сипат ала алмады. Инновациялық ортаны институционалдық тұрғыда орнықтыру, ҒЗТҚЖ-ны кең ауқымды қолдау және технология трансфері тізбектерін қалыптастырусыз мұндай индикаторға қол жеткізу айтарлықтай қиын.

3.3. Мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы қорытынды

Бұл бөлімде Қазақстандағы мемлекеттік индустриялық саясаттың бастауы болған екі негізгі бағдарлама қарастырылды: Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясы және 2010-2014 жылдарға арналған жеделдетілген индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасы. Екі бағдарлама да экономиканы әртараптандыруға, шикізатқа тәуелділікті азайтуға және бәсекеге қабілетті өңдеу өнеркәсібін қалыптастыруға бағытталды.

Технологиялық жаңарту және шикізаттық емес секторды дамыту туралы мәлімделген амбицияларына қарамастан, ИИДС-ның екі кезеңі шектеулі нәтижелер көрсетті. Үшінші кезең іске асырылған жоқ, бағдарлама мерзімінен бұрын аяқталды. Нәтижесінде нормативтік және институционалдық салаларда өзгерістер байқалды, алайда олардың өңдеу өнеркәсібінің нақты өсуіне әсері айтарлықтай болған жоқ.

Көптеген индикативтік көрсеткіштер ұзақмерзімді перспективаға есептелгеніне қарамастан, 2015 жылға қарай орындалмады. Атап айтқанда, бюджеттен ірі трансферттер бөлінгеніне қарамастан мұнай-газ химиясын дамыту сияқты толық өндірістік тізбектер іске қосылмады. Кластерлік саясат іске аспады: бизнес кооперацияға дайын болмады, бірыңғай үйлестіруші болмады, ал институционалдық орта жетілмеді. АЭА, индустриялық және технопарктік аймақтарға басымдық берілгенімен, ғылым мен бизнес арасында интеграция болмады.

Экспорттық қолдау да әлсіз жүрді. Экспорт қауіп-қатерінен сақтандыру жөніндегі мемлекеттік корпорация жұмысы тиімді қорғаныс қамтамасыз ете алмады. ИИДС-тағы жүйелі мәселелерге технологиялық тұзақ, сервистік инфрақұрылым тапшылығы, технология трансферінің әлсіздігі, венчурлық бастамалардың жеткіліксіздігі және жеке сектордың төмен қатысуы жатады.

ИИДС-тың толық іске асыра алмауының негізгі себептері стратегиялық жоспарлаудағы теңгерімсіздік, тұрақты бизнес-экожүйе қалыптастырмай инфрақұрылымдық инвестицияларға басымдық беру, мемлекеттік институттар мен ғылыми-технологиялық базаның үйлесімсіздігі болды. Бұлар индустриалды-инновациялық модельге көшуге мүмкіндік бермеді.

Келесі бағдарлама – жеделдетілген индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы – ИИДС-тағы құрылымдық әлсіздіктерді қайталады. Өңдеу өнеркәсібін дамытуға қатысты бес нысаналы индикатордың бірде-бірі орындалған жоқ, бұл бюджет және даму институттары тарапынан ауқымды қолдауға қарамастан тиімділік төмен болғанын көрсетеді.

Бағдарламаның негізгі кемшілігі – көпсалалы тәсіл және салалар арасындағы басымдықтың анықталмауы. Бұл ресурстардың шашырауына, фокустың әлсіреуіне және бюджетке жүктеменің артуына алып келді. Сонымен қатар нысаналы индикаторлар мен бағалау әдіснамасының бағдарламаны іске асыру барысында тұрақсыз өзгеруі мониторинг жүргізуді қиындатты және нәтижелерді бағалаудың ашықтығын төмендетті. Бірыңғай және

интеграцияланған мониторинг жасау жүйесінің болмауы бюджет ресурстарының тиімді пайдаланылуын объективті бағалауға мүмкіндік бермеді.

Жоғары аудиторлық палата дерегіне сәйкес, ЖИИДМБ шеңберінде енгізілген жобалардың шамамен 42% ғана толық жобалық қуатқа шыққан, олардың басым бөлігі дәстүрлі секторларға тиесілі. Бұл жобалық іріктеудің негізділігі мен ресурстарды пайдалану тиімділігіне қатысты сұрақтар туындатады.

Республикалық индустрияландыру картасы географияны кеңейту және белгілі бір салалардың әртараптандырылуына үлес қосқанымен, мемлекеттік және квазимемлекеттік операторлардың қатысуымен жүзеге асырылатын ірі жобаларға шамадан тыс бағдарланды. Жобаларды іріктеу әдіснамасы декларативті және инерциялық сипатқа ие болды; қайталанып енгізілген бастамалар экономика құрылымын өзгертпеді. Аграрлық жобалардың индустрияландыру мақсаттарына сәйкес келмеуі себепті РИК-тен шығарылғаны орынды болғанымен, картаға туристік және сервис инфрақұрылым объектілерінің енуі критерийлердің бұзылғанын көрсетті.

Мемлекеттік қолдау құралдарының ішінде негізгі төрт бағдарлама қарастырылды: БЖК 2020, «Өнімділік 2020», «Экспорттаушы 2020» және «Инвестициялаушы 2020». Негізгі мақсаттарға осы бағдарламалар арқылы қол жеткізу көзделді. Олардың ішінде тұрақты жұмыс істегені БЖК 2020 ғана, ал «Өнімділік 2020» мен «Экспорттаушы 2020» төмен нәтижелер көрсетті, «Инвестициялаушы 2020» іс жүзінде іске қосылмады.

ЖИИДМБ элементтерінің бірі – арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) дамыту, олар индустрияландыруды және шикізаттық емес экспортты ынталандырудың маңызды тетігі ретінде ойластырылды. Алайда іс жүзінде олардың экономиканы әртараптандыруға қосқан үлесі шектеулі болып шықты. Инвестициялардың едәуір бөлігі өнеркәсіптік өндіріске емес, әкімшілік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салуға бағытталды. Бұдан бөлек, АЭА-ға келетін шетелдік инвестициялар деңгейі де төмен – 9%-дан аз, бұл сыртқы технологияларды тарту және жаһандық қосылған құн тізбектеріне интеграциялану міндетін әлсіретті. АЭА-да өндірілген өнім негізінен төмен дәрежеде өңделген тауарлар мен импортталған жинақтаушы бөлшектерден жиналған өнімнен тұрды. Кәсіпорындардың басым бөлігінің технологиялық даму деңгейі төмен болды, ал АЭА-ның экспорттық нәтижелілігі өте әлсіз: елдің жалпы экспорты құрылымындағы үлесі 0,1%-дан аспады, ал АЭА ішіндегі шығарылым құрылымындағы экспорт үлесі шамамен 3,5% деңгейінде ғана қалыптасты.

Негізгі кемшілік – ЖИИДМБ қаржыландыру жүйесінің басым бөлігі мемлекеттік секторға тиесілі болып, жоспарланған көлемдегі жеке инвестициялар тартылмады. Бұл кәсіпорындардың мемлекеттік қаржыға тәуелділігін қалыптастырып, өнеркәсіптік өсудің ұзақ мерзімді тұрақтылығын шектеді.

Көп жобалар өз логикалық соңына жете алмай, не қабылданбады, не кейінге шегеріліп, келесі мемлекеттік бағдарламаларға ауыстырылды. Мысалы, жергілікті вагондар жасау міндеті алғаш ЖИИДМБ аясында болғанымен, бұл бастама әлі күнге дейін жоспарларда сақталып отыр және жергілікті жолаушы вагондарының үлесі 35,2% деңгейіне 2029 жылы жетеді деп көрсетілген.

Теріс факторлардың бірі – өңдеуші сектор кәсіпорындарының салық қайтарымы шикізат секторына қарағанда төмен болуы. Бұл экономика құрылымындағы диспропорциялардың сақталуын және әртараптандыру саясатының экономикалық тиімділігі жеткіліксіз болғанын көрсетеді. Сонымен бірге, 2014 жылғы сыртқы дағдарыс жағдайды одан әрі күрделендірді: мұнайдың әлемдік бағасының күрт төмендеуі және ұлттық валютаның әлсіреуі индустрияландырудың алғашқы кезеңінің нәтижелеріне теріс әсер етті. Нәтижесінде, ауқымды инвестициялар мен мемлекеттік қолдаудың кең спектріне қарамастан, экономиканы құрылымдық трансформациялау толық көлемде жүзеге аспады, ал индустрияландырудың маңызды жобалары елдің экономикалық дамуына күткен үлесін қоса алмады.

2014 жылы ЖИИДМБ іске асырылуы бойынша Үкіметтің есебі қаралған кеңесте Президент былай деді: «Біз индустриялық революцияның басталуына жол ашатын

инновацияларға және қазіргі заманғы технологияларға негізделген индустриялық жобалардың жеткілікті сыни массасын қалыптастыра алмадық¹³.

4. Қорытынды

Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіп 2003 жылдан бастап бірқатар кең ауқымды мемлекеттік бастамалар аясында қолдау көрді. Бұл бастамалар өзара бір бірін толықтырғанымен, көбіне тікелей индустриялық бағдарламаларда қарастырылған шараларды қайталады. Осындай бытыраңқылық, сондай-ақ институционалдық және стратегиялық кемшіліктер өңдеуші өнеркәсіпті қолдауға бағытталған негізгі мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелеріне де әсер етті: ИИДС және ЖИИДМБ іске асырылғаннан кейін қол жеткізілген нәтижелер шектеулі болды және өнеркәсіптік саясаттың тәсілдеріндегі жүйелі проблемалар анықталды. Өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға тікелей байланысты негізгі мақсатты көрсеткіштердің бірде-біреуі орындалмады. Индустрияландыру әкімшілік тәсілдер арқылы, мемлекеттік қаржыландыруға жоғары тәуелділікпен және тиімділігі төмен болған квазимемлекеттік сектордың қатысуымен жүзеге асты. Экономикадағы құрылымдық диспропорциялар, технологиялық кооперацияның жеткіліксіздігі және жеке инвестициялардың төмен үлесі айтарлықтай бюджет шығындары жасалғанына қарамастан сол күйі сақталды. Соған қарамастан, ЖИИДМБ индустрияландырудың ауқымды алғашқы тәжірибесі ретінде жүйелі қателіктерді айқындауға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік қолдаудың екінші кезеңіне арналған кешенді талдаудың келесі бөлігінде, 2015-2019 және 2020-2025 жылдары іске асырылған Индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламалары аясында индустрияландыру архитектурасының трансформациясы бағаланады. БЖК 2020 бағдарламасының екінші фазасына ерекше назар аударылады, себебі осы кезеңде қолдау құралдары кеңейгенімен, ресурстардың мақсатсыз пайдаланылуы және бюджеттік жүктеменің өсуі күшейе түсті. Сонымен бірге «Қарапайым заттар экономикасы» бастамасына және «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу» ұлттық жобасына да талдау жүргізіледі.

Әдебиет

1. Evenett, S.J., Jakubik, A., Martin, F., & Ruta, M. (2024). *The return of industrial policy in data*. IMF Working Paper No. WP/24/1.
2. Jiang Cailou, Ying Zhang, Maoliang Bu & Weishu Liu, (2018). *The effectiveness of Government Subsidies on manufacturing Innovation: Evidence from the New Energy Vehicle Industry in China*, MDPL. vol.10(6). Pages 1-11. May
3. Lane N., (2019). *Manufacturing revolutions: Industrial policy and Industrialization in South Korea*
4. Pineli, A., & Narula, R. (2023). Industrial policy matters: the co-evolution of economic structure, trade, and FDI in Brazil and Mexico, 2000-2015. *Journal of Industrial and Business Economics*, 50, 399-444.
5. Rodrik, D., (2004). *Industrial policy for the twenty-first century*. John F. Kennedy School of Government, Harvard University.
6. Simachev, Yu., Kuzyk M., Kuznetsov, B., & Pogrebniak, E. (2014). *Industrial policy in Russia in 2000–2013: institutional features and key lessons*. Russian Economy in 2013: Trends and Outlooks (Issue 35, pp. 395-428). Moscow: Gaidar Institute Publishers.
7. UNIDO, (2024). «Өнеркәсіптік дамуға арналған есеп – Индустриялық саясаттың жаңа дәуірі»
8. World Bank, (2023-2024). *Shaping the future: Reforms for long-term prosperity*.

¹³https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/soveshchanie-po-otchetu-pravitelstva-o-rabote-po-realizacii-programmy-industrialno-innovacionnogo-razvitiya-strany

9. Абилкасымов Т., Шунеев Ш. «Қазақстан экономикасындағы Ұлттық қордың дағдарысқа қарсы рөлі: эмпирикалық бағалау». Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, 2021.

10. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі. Елдің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі Үкіметтің есебі бойынша кеңес. (Akorda.kz).

11. Қазақстан Республикасының 2003–2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру барысы туралы аналитикалық ақпарат (ҚР ИЖТМ).

12. «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ, 2017. «Қазақстан Республикасының өнеркәсібінің негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық бюллетень».

13. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, 2022. «Қазақстан және ТМД елдеріндегі өңдеуші өнеркәсіптің жағдайы туралы аналитикалық шолу».

14. Каримбаева Г.Ж., Токсанова А.Н., Сабирова Р.К., 2020. «Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі құрылымдық жылжулар».

15. Дуламбаева Р.Т., 2015. «Қазақстан Республикасының индустриялық саясаты: іске асыру тәжірибесі». ҚазҰУ Бюллетені. Экономикалық серия. №6 (112).

16. Қазақстан Республикасының 2003–2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру барысы туралы өңірлік бөліністегі ақпарат, 2006.

17. ҚазГЮУ, 2022. «Импортты алмастыру және әртараптандыру шараларының нәтижелілігіне талдау» зерттеуі (Ұлттық Банктің тапсырысы бойынша).

18. Қазақстан Республикасының өнеркәсібінің жай-күйі туралы ұлттық есеп. 2023.

19. «Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған жедел индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштері» статистикалық бюллетені.

20. Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы (Қазақстан Республикасы Президентінің 02.07.2008 ж. № 627 Жарлығымен берілген мәтін).

Заңдар, жарлықтар және қаулылар:

1. Қазақстан Республикасының 27.12.21 ж. №86-VII ҚРЗ Заңы
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17.07.03 ж. №712-1 қаулысы
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 01.03.04 ж. №256 қаулысы
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25.06.05 ж. №633 қаулысы
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.04.10 ж. №301 қаулысы
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.04.10 ж. №303 қаулысы
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.04.10 ж. №304 қаулысы
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 05.12.14 ж. №1276 қаулысы
9. Қазақстан Республикасы Президентінің 17.05.03 ж. №1096 Жарлығы
10. Қазақстан Республикасы Президентінің 19.03.10 ж. №958 Жарлығы

ЖАП аудиторлық қорытындысы:

1. «Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға берілген қорытынды бағасы, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражатты пайдалану тиімділігіне аудит» бойынша аудиторлық қорытынды.

2. «Республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген жобаларды іске асыру тиімділігін бағалау, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің активтерін басқаруды талдау» бойынша аудиторлық қорытынды.

3. «Арнайы экономикалық аймақтар қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит» бойынша аудиторлық қорытынды, 2021.

4. 2010 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Есеп комитетінің есебі.

5. 2014 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Есеп комитетінің есебі.

Квазимемлекеттік сектордың жылдық және қаржылық есептері:

1. 2010 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңдегі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның жылдық есебі.

2. 2007 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңдегі «БРК-Лизинг» АҚ («Қазақстан Даму Банкі» АҚ еншілес ұйымы) жылдық есебі.

3. «Қазақстанда және оның өңірлерінде ШОБ дамуының жай-күйі туралы есеп», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, 2013.

4. «Қазақстан Даму Банкі» АҚ. Баспасөз хабарламасы: 2005 ж. қызметінің алдын ала қорытындылары, 31 қаңтар 2006 жыл.

URL:<https://kase.kz/ru/information/news/show/187218>

5. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ. 2013 жылдың 31 желтоқсанымен аяқталған жылға арналған консолидациялық қаржылық есеп және тәуелсіз аудиторлардың есебі.

Тікелей шетел инвестицияларын салыстырмалы талдау: Қазақстан мен басқа елдер кейсі

Д. Н. Амантай – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем балансы департаменті сыртқы секторды талдау басқармасының бас маманы

Мақалада Қазақстандағы және экономикалық даму деңгейі мен экономикадағы мұнай секторының рөлі бойынша топтастырылған бірқатар басқа елдердегі таза тікелей шетелдік инвестициялар ағынына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Зерттеуде қайта инвестициялау есепке алынып әрі есепке алынбай есептелген тікелей шетелдік инвестициялардың таза әкеліну динамикасына назар аударылады. Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялардың таза әкелінуінің теріс динамикасына және оның шикізат секторына тәуелділігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Мақалада негізінен жаңа инвесторларды тартуды шектейтін факторлар анықталып, Қазақстандағы инвестициялар динамикасы басқа елдермен салыстырылады. Зерттеудің жаңалығы – қайта инвестициялауды және оларды сала бойынша бөлуді жан-жақты талдау, бұл тікелей шетелдік инвестициялардың құрылымын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері экономиканы әртараптандыру, бизнес ортасын жақсарту және жаңа инвестицияларды тарту үшін ынталандыруды дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Негізгі сөздер: тікелей шетелдік инвестициялар, ТШИ таза әкелінуі, қайта инвестициялау.

JEL жіктеуіші: F21, O16, O57.

1. Кіріспе

Тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) – бұл бір ел резиденті басқа ел резиденті болатын кәсіпорынның жарғылық капиталындағы 10% немесе одан да көп үлесті алатын, сол арқылы бақылауға алатын немесе осы кәсіпорынды басқаруға айтарлықтай әсер ететін трансшекаралық инвестициялар санаты. ТШИ-ға капиталға салыныатын алғашқы салымдар ғана емес, байланысты тараптар арасындағы кейінгі инвестиция ағыны, оған қоса қайта инвестицияланған кіріс пен топ ішіндегі борыштық операциялар кіреді. Макроэкономикалық тұрғыдан ТШИ көбінесе капитал көзі ретінде қарастырылса да, олардың мағынасы қаржы ағыны ұғымының шегінен шығады, олар жұмыс орындарын құруға, технологияларды беруге, экспорттау мүмкіндіктерін кеңейтуге және қабылдаушы елдің инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді.

Елге қанша шетелдік капитал келетінін нақты түсіну үшін көрсеткіштердің екі түрін, атап айтқанда ТШИ-дің жалпы ағынын және таза ағынын ажырата білу маңызды. ТШИ-дің жалпы әкелінуі түскен қаражаттың бүкіл көлемін көрсетеді, бірақ, шетелдік инвесторларға қарызды өтеу, пайданы репатриациялау немесе шетелдік қатысушылардың үлестері мен активтерін сату арқылы елден қанша капиталдың әкетілгенін көрсетпейді. Сондықтан, жалпы көрсеткіштер жаңа шетелдік капиталдың нақты кірісін бағалау көрсеткіші бола алмайды: жалпы ағындағы үлкен цифрлар экономикаға деген қызығушылық өскенін білдіре бермейді. Керісінше, ТШИ-дің таза ағынында экономикадағы капиталдың нақты өсімі көрсетіле отырып, инвестициялардың түсуі де, кетуі де ескеріледі. Іс жүзінде Халықаралық валюта қорының төлем балансы жөніндегі нұсқаулығының әртүрлі нұсқаларына негізделген ТШИ-дің таза ағынын есепке алудың мынадай екі әдісі бар: бесінші басылым (ТБН5) және алтыншы басылым (ТБН6). Екі тәсілге де мынадай үш компонент кіреді, олар: капиталға қатысу, қайта инвестицияланған пайда және борыш құралдары (қаржылай қарыздар, сауда кредиттері және басқа да берешек). Олардың басты

айырмашылығы – кері инвестицияларды, яғни резидент-еншілес компаниялардың өздерінің шетелдік бас компанияларына салатын салымдарын есепке алу. ТБН5-те бұл сома ТШИ-дің жалпы әкелінуінен шегеріледі, ал ТБН6-да резиденттердің шет елдегі инвестициялары бөлімінде жеке есепке алынады. ТБН5 әдіснамасы есепті кезеңнің қорытындысы бойынша экономикада қалған шетелдік капиталды талдау тұрғысынан қисынды болып көрінеді. Егер басқаша көрсетілмесе, БҰҰ-ның сауда және даму жөніндегі конференциясы (UNCTAD) ТБН5 әдіснамасы бойынша ТШИ-дің әкелінуі туралы деректерді жариялайды.

Инвестициялық белсенділікті талдау кезінде қайта инвестицияланған пайда есепке алынбай есептелген ТШИ-дің таза әкелінуі ерекше маңызға ие. Бұл көрсеткіш ел экономикасына жаңа инвестицияларды, яғни шетелдік инвесторлардың нарыққа қаншалықты белсенді түрде еніп жатқанын немесе қолданыстағы бизнесті қаншалықты кеңейтетінін көрсетеді. Қайта инвестициялау ТШИ таза әкелінуінің маңызды құрамдас бөлігіне жатады, бірақ олар «жаңа» капиталдың әкелінуінен гөрі ағымдағы операцияларды қолдауды білдіреді.

Бұл мақалада мынадай зерттеу мәселесі қарастырылады: таза ТШИ ағынының және қайта инвестициялаусыз таза ТШИ ағынының динамикасы жаһандық үрдістермен салыстырғанда Қазақстанда қалай өзгерді және Қазақстанға жаңа ТШИ әкелінуін қандай факторлар шектейді. Осылайша, мақаланың негізгі мақсаты – таза ТШИ ағынындағы жаһандық үрдістер мен Қазақстандағы жағдай арасындағы айырмашылықтарды анықтау, сондай-ақ қайта инвестициялаусыз таза әкелінудің динамикасы қандай екенін айқындау.

Зерттеудің өзектілігі ТШИ-дің экономикалық дамуға, стратегиялық жоспарлауға және халықаралық қатынастарға әсері арқылы анықталады. Талдау шеңберінде Қазақстандағы таза ТШИ ағыны динамикасы негізінен мұнай-газ секторындағы ірі жобалық циклдармен айқындалатындықтан жаңа шетел капиталы (қайта инвестициялаусыз ТШИ) ағынының көрсеткіштері жалпы жаһандық динамикадан алшақтауы мүмкін деген гипотеза тексеріледі.

2. Таза ТШИ ағыны: әлемдік үрдістер

Кейінгі онжылдықтағы ТШИ динамикасын сипаттайтын бірнеше негізгі үрдістерді бөліп көрсетуге болады. UNCTAD конференциясының «Жаһандық экономикалық алшақтық және өзгермелі инвестициялық үрдістер» атты баяндамасына сәйкес ТШИ-дің жаһандық ағынының ұзақ мерзімге тоқырауы маңызды үрдістердің бірі болды. 2010 жылдан бастап олардың өсуі біраз бәсеңдеп, әлемдік сауда мен ЖІӨ-нің өсу қарқынына ілесе алмады (1-кесте). Бұл құбылыс жаһандық қосылған құн тізбегіндегі (ЖҚҚТ) белсенділіктің төмендеуіне байланысты болды.


1-кесте

ТШИ, сауда және ЖІӨ-нің әлемдік көрсеткіштерінің өсу қарқыны

Көрсеткіш	1990-шы	2000-шы	2010-шы	2020-шы
ТШИ	16%	8%	0%	2%
Сауда	6%	9%	3%	8%
ЖІӨ	4%	7%	3%	5%

Дереккөзі: UNCTAD

ТШИ әкелінуі бойынша әлемдік үрдістер



Дереккөзі: UNCTAD, World Investment Report 2024

Жаһандық өзгерістер арасында ТШИ үлесін дамыған және дамушы елдер арасында қайта бөлу де ерекшеленеді. Кейінгі жиырма жылда ТШИ тартудағы дамушы елдердің үлесі айтарлықтай ұлғайды, ол 2020 жылдан бастап 2023 жылы 65%-ға жетіп, дамыған елдердің үлесінен асып түсті (1-сурет). Бұл дамыған елдердің салыстырмалы түрде тұрақты және дамыған экономикаларына қарағанда, дамушы экономикалар инвесторларға неғұрлым жоғары өсім қарқыны мен ұзақ мерзімді салымдар үшін кең мүмкіндіктер ұсынатындығымен түсіндіріледі.

ТШИ тұрғысынан өндірісті деглобализациялау – тағы бір маңызды үрдіс. Өндірістік ТШИ тұралап тұр, ал COVID-19 пандемиясы басталғанда, олардың динамикасы теріс болды. Жаһандық өндірістік белсенділік пен инвестициялар тұрақты болып қалғанымен, олардың халықаралық компоненті қысқарып отыр, бұл деглобализация үрдісін білдіреді.

Бұдан басқа, құнды құрудың жаһандық тізбегін трансформациялау ТШИ назарын орталық өндірістік процестерден көрсетілетін қызметтерге аударады. UNCTAD деректері бойынша 2020-2023 жылдары «жаңадан басталған» трансшекаралық жобалардағы әлемдік ТШИ-дің 81%-ы көрсетілетін қызметтер секторына бағытталды. Инвестициялар көбінесе бизнес-қызметтер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) және маркетингтік қызметтер сияқты салаларға жиі бағытталады. Демек, қызмет көрсету секторын дамыту инвестициялардың қазіргі заманғы түрлерін тартуы және ЖҚҚТ-ның жаңа кезеңдеріне ықпалдасуға әсер етуі мүмкін.

Алайда инвестициялар тарту өсіп келе жатқан геосаяси шиеленіспен күрделене түсті. Ол әр түрлі саяси ұстанымдағы елдер арасындағы инвестициялар қысқаруына әкеледі, бұл елдерді өзінің капиталын тарту стратегияларын бейімдеуге мәжбүрлейді. Жаһандық инвестициялық байланыстардың өсіп келе жатқан тұрақсыздығы да қаржыландыру көздерін әртараптандыру үшін мүмкіндіктерді шектеп, қазіргі инвесторларды жоғалту тәуекелдерін ұлғайтады.

Осылайша, ТШИ динамикасындағы әлемдік үрдістерді талдау жаһандық факторлармен қатар, ел экономикаларының ерекшеліктерін де есепке алу қажеттілігінің маңыздылығын білдіреді. Қазақстанда ТШИ динамикасын тереңірек түсіну үшін Қазақстан мен бірқатар елдерге экономиканың даму деңгейі мен мұнай құрамдас бөлігінің маңыздылығы өлшемдеріне негізделген салыстырмалы талдау жүргізілді.

3. Әдістемесі

Талдауда 2007 жылдан бастап 2023 жыл аралығында 19 елдің таза ТШИ тартуы бойынша деректері берілген. Бұл кезең 2008-2009 жылдардағы дағдарысты, 2014-2016 жылдардағы мұнай бағасының төмендеуін және COVID-19 пандемиясын қоса алғанда, ТШИ динамикасына әсер ететін жаһандық және өңірлік экономикадағы елеулі өзгерістерді қамтиды. Қазақстан мен басқа да елдерде ТШИ динамикасына салыстырмалы талдау жүргізу үшін елдерді таңдау кезінде екі негізгі өлшемшарт – экономиканың даму деңгейі

мен экономикадағы мұнай компоненттерінің маңыздылық дәрежесі айқындалды. Елдер экономикалық даму деңгейіне байланысты инвестициялық үрдістердегі айырмашылықтарды анықтау үшін дамыған немесе дамушы елдер ретінде жіктелді. Бұл бөлу табыс деңгейі жоғары және төмен елдерде шетелдік инвестициялар үшін шарттар мен мотивация қаншалықты ерекшеленетінін анықтауға көмектеседі. Елдерді дамыған және дамушы елдерге бөлу кезінде ХВҚ World Economic Outlook жіктемесі пайдаланылды.

Екінші өлшемшарт – экономикадағы мұнай компоненттерінің маңыздылық дәрежесі. Мұнай өндіруге және экспортына тәуелді елдер мұнай бағасының құбылмалылығына және жаһандық энергетикалық үрдістерге байланысты ТШИ-дің ерекше динамикасын көрсете алады. Energy Institute, KPMG және Kearney деректерінің негізіндегі «Әлемдік энергетикаға статистикалық шолуда» мұнайды нетто-экспорттаушылар, яғни мұнай өндіруі оны тұтынуынан асып түсетін елдер, сондай-ақ мұнайды нетто-импорттаушы ірі елдер таңдалды. Бұлай жіктеу мұнай экспортына тәуелді экономикалар мен мұнай секторы аздаған рөлді атқаратын елдер арасында салыстыру жүргізуге және экономика құрылымы мен ТШИ динамикасы арасындағы өзара байланысты зерттеуге мүмкіндік береді.

Талдау үшін таңдалған елдер былайша топтастырылды:

- экономикасында мұнай компоненті едәуір дамыған елдер: Канада, Норвегия, АҚШ;
- экономикасында мұнай компоненті едәуір дамушы елдер: Қазақстан, Кувейт, Нигерия, Бразилия, Оман, Әзірбайжан;
- мұнайды нетто-импорттаушы дамыған экономикалар: Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, Франция, Италия;
- мұнайды нетто-импорттаушы дамушы экономикалар: Үндістан, Түркия, Таиланд, Польша, Филиппин.

Кейбір ірі мұнай импорттаушыларымен қатар, мұнай нарығының кейбір негізгі ойыншылары ТШИ әкелу мен пайданы қайта инвестициялау бойынша қолжетімді деректерінің болмауына байланысты талдауға енгізілмеді.


Зерттеуде деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін UNCTAD статистикасында қолданылатын ТБН5 сәйкес ТШИ есепке алу әдістемесі қолданылады. Бұл ұзақ мерзімді перспективада экономикада қалған шетел капиталының тартылуын бағалауға мүмкіндік береді.

Аналитикалық тәсіл ТШИ динамикасын елдердің топтары бойынша салыстыруды, орташа мәндер мен құрылымдық өзгерістерді талдауды, Қазақстандағы ТШИ мінез-құлқын жаһандық үрдістермен салыстыруды, сондай-ақ қайта инвестицияланған пайданың салалық құрылымын талдауды қамтиды.

4. Елдердің топтары бойынша тікелей шетелдік инвестициялар серпініне шолу жүргізу және талдау


Елдердің топтары арасында ЖІӨ-ге шаққанда таза ТШИ тартуда тұрақты және айқын корреляция байқалмайды. Алайда 2014 жылдан бастап дамыған және дамушы мұнайды нетто-импорттаушы елдер арасында ТШИ таза әкелудің динамикасында белгілі бір ұқсастық барын атап өтуге болады (2 және 3-суреттер). Бұл елдерге ТШИ тарту 2015 жылы мұнай бағасының күрт құлдырауы және 2020 жылы COVID-19 пандемиясы сияқты сыртқы оқиғаларға ұқсас реакцияны көрсетті.

Елдердің топтары бойынша ЖІӨ-ге шаққандағы %-бен ТШИ-дің таза ағыны



Дереккөзі: UNCTAD

Елдердің санаттары бойынша таза орташа ТШИ ағыны



Дереккөзі: UNCTAD

Дамыған нетто-импорттаушы елдерде таза ТШИ ағынының ЖІӨ-ге арақатынасы 0,4% және 1,6% арасында өзгереді. Бұл елдерде ТШИ тартатын секторлардың әртүрлі екені көрінеді. Мысалы, Францияда өңдеу өнеркәсібіне, АКТ-ға, сондай-ақ қаржы секторына елеулі инвестициялар түседі. Германия автомобиль өнеркәсібіне, машина жасау мен технологияға ірі қаржы тартады. Италия өңдеу өнеркәсібіне, әсіресе сәндік заттар өндірісіне, сондай-ақ кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтерге назар аударады. Жапония қаржы мен сақтандыруға, технологиялар мен фармацевтикаға, сондай-ақ автомобиль секторына тартылатын инвестициялармен ерекшеленеді. Оңтүстік Корея ТШИ-ді көбінесе қызмет көрсету секторына және технологиялар мен электроника саласына тартады.

Дамушы нетто-импорттаушы елдерде таза ТШИ ағынының ЖІӨ-ге қатынасы да тұрақты түрде оң және 1,3%-дан 3,1%-ға дейін өзгереді. Бұл елдер ТШИ тартатын салалардың әртүрлі болуымен де сипатталады. Атап айтқанда, Үндістан қызмет көрсету секторына, әсіресе компьютерлік бағдарламалық қамтылым мен жабдыққа, сондай-ақ құрылысқа айтарлықтай инвестициялар алады. Филиппинде инвестициялар көбінесе өндіріс, қаржы және сақтандыру, жылжымайтын мүлік және АКТ секторларында алынады. Польша ТШИ-ді негізінен өндіріске, әсіресе автомобиль саласына және АТ қызметтеріне тартады. Таиланд өндіріс, туризм мен электроникаға назар аударады. Ал Түркия ТШИ-ді тоқыма өнеркәсібі мен құрылысқа тартады.

Мұнайды нетто-экспорттаушы дамыған және дамушы елдерге ТШИ-дің таза әкелінуінің динамикасы айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, 2016 жылы мұнай экспорттаушы дамыған елдерге ТШИ-дің таза әкелінуі қысқарды, бұл мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуіне байланысты болды. Сонымен қатар, мұнай экспорттаушы дамушы елдерде қолайсыз баға жағдайларына қарамастан ТШИ әкелінуінің өсімі байқалды. Бұл өсімге Қазақстан мен Әзірбайжан негізгі үлес қосты, оларда ЖІӨ-ге %-бен таза ТШИ-дің тартылуы тиісінше 2,2%-дан 6,2%-ға дейін және 7,6%-дан 11,9%-ға дейін өсті. Бұл ретте Әзірбайжанда бұл көрсеткіш көбінесе ЖІӨ-нің төмендеуі есебінен өсті, ал Қазақстанда таза ТШИ-дің тартылуы 8,5 млрд АҚШ долларына дейін екі есе ұлғайды. Мұнда Қашаған кен орнындағы инфрақұрылымды апаттың салдарынан ұзақ уақыт бойы тоқтап тұрғаннан кейін қалпына келтіруге салынған инвестициялар маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, 2016 жылы ТШО әріптестері Теңіз кен орнында болашақ кеңейту жобасын қаржыландыру туралы түпкілікті шешім қабылдағаны да ТШИ ағынының өсуіне себеп болды.

Жалпы алғанда, мұнайды нетто-экспорттаушы дамушы елдерге таза ТШИ-дің тартылуы ЖІӨ-ге қатысты пайызбен дамыған нетто-экспорттаушы елдерге қарағанда жоғары қалыптасып отыр. Бұл дамыған елдердің инвестицияларды шикізатқа бай дамушы нарықтарға бағыттауына негізделуі мүмкін.

Кейінгі 10 жылдағы мұнай бағасы мен мұнайды нетто-импорттаушы дамыған және дамушы елдерге ТШИ-дің тартылуы арасында байланыс жоқ: 2014–2023 жылдардағы корреляция коэффициенті тиісінше небары 28% және 19% болды. Мұнайдың бағасы дамыған нетто-экспорттаушы елдерге ТШИ-дің әкелінуімен бірқалыпты байланысады, мұндағы корреляция коэффициенті – 44%. Алайда, мұнайдың бағасы дамушы мұнай экспорттаушы елдердегі экономикалық жағдайға айтарлықтай әсер етсе де, бұл елдерге ТШИ-дің таза әкелінуінің мұнай бағасымен корреляциясы аз – 25%¹. Мұнай экспорттаушы дамушы елдерде ТШИ-дің көбінесе ұзақ мерзімді жобаларға – өндіруші өнеркәсіпке, инфрақұрылымға және өндіріске бағытталатынымен түсіндірілуі мүмкін. Бұл инвестицияларды қысқа мерзімді перспективада шығару немесе тоқтата тұру қиын әрі қымбат, сондықтан олар ТШИ әкелінуінің салыстырмалы тұрақтылығын тіпті мұнай бағасының төмендеуі кезінде де қамтамасыз етеді. Дамыған елдерде ТШИ көбінесе қызметтер мен технологияларды қоса алғанда, экономиканың неғұрлым


¹ Әзірбайжан жалпы динамиканы бұрмалауы мүмкін уақыт қатарындағы ауытқушылыққа байланысты есептеуден алып тасталды. Әзірбайжанды ескерсек, корреляция теріс болады – (-)38%.

эртаараптандырылған және жетілген секторларына бағдарланған. Бұл секторларға сыртқы экономикалық күтпеген өзгерістер қатты әсер етеді, өйткені инвесторлар белгісіздікке жауап ретінде капитал салуды тезірек қысқарта алады немесе тоқтата алады. Дамыған елдер әлемдік қаржы жүйесімен неғұрлым ықпалдастықта болғандықтан, дағдарыс кезінде немесе сенім төмендеген жағдайда инвесторлар капиталды тезірек қайта бағыттай алады немесе активтерді уақытша шығара алады, бұл ТШИ-дің күрт ауытқуына әкелуі мүмкін.

Қайта инвестицияланған пайданы есептегенде таза ТШИ-дің тартылуы – капиталдың жаңа салымдары тұрғысынан елдің инвестициялық тартымдылығын бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіш. Бұл көрсеткіш, әсіресе экономикасында мұнай компоненті айтарлықтай дәрежедегі дамушы елдердегі, қайта инвестициялауды ескере отырып есептелген таза ТШИ-дің тартылуының төмен қалыптасады (4 және 5-суреттер, 2-кесте).


4-сурет

Елдердің топтары бойынша ЖІӨ-ге %-бен қайта инвестициялаусыз ТШИ-дің таза ағыны



Дереккөзі: UNCTAD

Елдердің санаттары бойынша қайта инвестициялаусыз ТШИ-дің орташа таза ағыны



Дереккөзі: UNCTAD

Елдердің топтары бойынша ЖІӨ-ге қатысты %-бен ТШИ-дің таза ағынын қайта инвестициялауды есепке алып және есепке алмай салыстыру

Елдер	ЖІӨ-ге %-бен ТШИ-дің таза әкелінуі			ЖІӨ-ге %-бен ТШИ-дің таза әкелінуі қайта инвестициялаусыз			Айырмасы (қайта инвестициялауды ескергенде - қайта инвестициялауды есепке алмағанда)		
	2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023
Экономикасында мұнай компоненті едәуір дамыған елдер	1,8%	1,7%	1,7%	0,6%	0,7%	1,0%	1,2%	0,9%	0,7%
Канада	3,0%	2,1%	2,3%	1,6%	0,7%	1,4%	1,4%	1,5%	1,0%
Норвегия	0,8%	1,6%	1,6%	-0,5%	1,1%	1,0%	1,2%	0,5%	0,6%
АҚШ	1,6%	1,3%	1,1%	0,7%	0,5%	0,4%	0,9%	0,8%	0,7%
Мұнайды нетто-импорттаушы дамыған елдер	0,8%	1,4%	0,9%	0,5%	1,0%	0,5%	0,3%	0,4%	0,4%
Франция	1,1%	2,7%	1,4%	0,8%	2,0%	0,7%	0,4%	0,7%	0,7%
Германия	1,2%	0,7%	0,8%	1,0%	0,4%	0,7%	0,2%	0,3%	0,1%
Италия	-0,1%	1,5%	0,8%	-0,3%	1,2%	0,0%	0,2%	0,4%	0,8%
Жапония	0,7%	0,8%	0,5%	0,4%	0,5%	0,2%	0,3%	0,3%	0,3%
Оңтүстік Корея	1,1%	1,4%	0,8%	0,7%	1,0%	0,7%	0,4%	0,4%	0,1%
Экономикасында мұнай компоненті едәуір дамушы елдер	2,1%	1,1%	1,8%	0,8%	-0,2%	1,0%	1,3%	1,2%	0,8%
Әзірбайжан	-3,1%	-5,7%	0,3%	-3,2%	-5,8%	-0,1%	0,1%	0,1%	0,5%
Бразилия	3,0%	3,8%	3,0%	2,0%	2,7%	1,9%	1,0%	1,1%	1,1%
Қазақстан	1,7%	2,9%	1,2%	-3,2%	-1,6%	-1,2%	4,9%	4,5%	2,4%
Кувейт	0,4%	0,4%	1,3%	0,2%	0,2%	1,1%	0,1%	0,2%	0,2%
Нигерия	0,8%	0,2%	0,5%	0,5%	-0,2%	0,0%	0,2%	0,4%	0,5%
Оман	10,1%	5,0%	4,5%	8,6%	3,7%	4,3%	1,5%	1,3%	0,1%


Мұнайды нетто-импорттаушы дамушы елдер	2,6%	2,2%	1,5%	1,6%	1,2%	0,9%	1,0%	1,0%	0,7%
Үндістан	1,4%	1,4%	0,8%	0,8%	0,9%	0,2%	0,6%	0,6%	0,5%
Филиппин	3,0%	1,5%	1,4%	2,8%	1,2%	1,1%	0,3%	0,3%	0,3%
Польша	4,2%	4,5%	3,5%	1,5%	1,9%	1,4%	2,7%	2,6%	2,1%
Таиланд	2,8%	2,2%	0,9%	1,5%	0,7%	0,6%	1,3%	1,5%	0,3%
Түркия	1,4%	1,5%	0,9%	1,4%	1,4%	0,9%	0,0%	0,1%	0,0%


Дереккөзі: UNCTAD

ТШИ жалпы тартылуындағы қайта инвестицияланған пайда үлесі –елдегі шетелдік инвесторлардың мінез-құлқын көрсететін маңызды индикатор. Бұл көрсеткіштің төмен мәні инвесторлардың экономиканың ұзақ мерзімді тұрақтылығына сенімінің жеткіліксіздігін, бизнесті жүргізу үшін қолайсыз жағдайлардың немесе елеулі тәуекелдердің болуын айғақтауы мүмкін. Алайда қайта инвестициялау үлесінің төмендеуі әрдайым сенімнің төмендегенін білдіре бермейді. Бұл сондай-ақ ағымдағы кезеңде, әсіресе бұрын елеулі қаражат дамытуға салынған болса, одан әрі инвестициялау үшін лайықты жобалардың жоқтығының нәтижесі болуы мүмкін. Бұдан басқа, инвестициялық циклдың белгілі бір кезеңінде компаниялар белсенді салымдар кезеңін аяқтап, пайданы репатриациялауды бастауы мүмкін. Сондай-ақ, ТШИ ағынының құрылымын ескеру маңызды: егер негізгі өсім жаңа инвестициялармен қамтамасыз етілсе, ал қайта инвестицияланған пайданың көлемі тұрақты болып қалса немесе баяу өссе, инвесторлардың ел экономикасына қызығушылығының сақталуына немесе тіпті күшеюіне қарамастан, қайта инвестициялардың үлесі төмендейтін болады.

2023 жылы қаралып отырған елдер арасында таза ТШИ ағынындағы қайта инвестициялау үлесінің ең төмен көрсеткіштері Оман мен Түркияда байқалды – екі елде де небары 3% (6-сурет). Бұл Түркиядағы жоғары инфляциямен әрі тұрақсыз саяси ахуалмен және Омандағы экономиканың өсуінің баяулауымен әрі мұнайдың әлемдік бағасына байланысты белгісіздікпен түсіндіріледі. Бұл факторлар инвесторлардың сенімділігіне және олардың елге қайта инвестициялауға дайындығына әсер етуі мүмкін.

6-сурет





Дереккөзі: IMF, LSEG (Thomson Reuters), UNCTAD

Қайта инвестициялаудың жоғары үлесі қазіргі инвесторлардың капиталды репатриацияламайтынын, яғни тапқан пайдасының едәуір бөлігін дивидендтер арқылы алмайтынын, оны кәсіпорынды одан әрі дамытуға бағыттайтынын білдіреді. Бұл ұзақ мерзімді салымдар үшін тартымды саламатты экономиканы, экономикалық тұрақтылықты және ішкі сұраныстың өсуін көрсетуі мүмкін, бұл да жаңа инвестицияларды тартады. 2023 жылы ТШИ жалпы ағынындағы қайта инвестициялаудың жоғары үлесін 60-70% деңгейінде тұрақты экономикалық даму сатысында тұрған АҚШ және Жапония сияқты дамыған елдер, сондай-ақ оң экономикалық көрсеткіштерді сипаттайтын Үндістан және Польша сияқты дамушы елдер көрсетті.

Алайда, егер қайта инвестициялау ТШИ таза ағынының жиынтық көлемінен асып кетсе, бұл жаңа инвесторлардың қызығушылығының төмендігін көрсетеді. Жаңа инвесторлар тәуекелдерге немесе белгісіздікке байланысты экономикаға кіруге дайын емес, ал қазіргі инвесторлар басталған жобаларды аяқтау немесе бұрын салынған қаражаттың орнын толтыруға тырысу үшін пайданы қайта инвестициялауды жалғастыруда. 2023 жылы дамыған елдер арасында ТШИ-дің теріс таза ағыны тек Италияда ғана байқалды: қайта инвестициялау көлемі ТШИ таза әкеліну көлемінен 4%-ға асып түсті (6-сурет). Бұл халықтың және бизнестің қарыз алу құнына әсер етіп жатқан ЕОБ ақша-кредит саясатының тұрақты қатаюына байланысты экономиканың өсуінің баяулауына, сондай-ақ халықтың нақты табысына теріс әсер еткен жалақының баяу өсуіне және жоғары инфляцияға байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, жойылған «супербонус» салық бағдарламасы аясында мақұлданған жобалар санының азаюымен бірге тұрғын үйге деген сұраныстың төмендеуі бұрын экономикалық өсуде шешуші рөл атқарған құрылыс белсенділігінің төмендеуіне әкелді. Бұл факторлар жаңа шетелдік инвестицияларды тежеді, өйткені инвесторлар өз капиталын орналастырудың тұрақты шарттарын іздеді.

Дамушы елдер арасында қайта инвестицияларды есепке алмағандағы ТШИ-дің теріс таза ағыны, негізінен экономикасында айтарлықтай мұнай компоненті бар елдерде: Қазақстан мен Әзірбайжанда байқалды. 2023 жылы Қазақстандағы ТШИ-дің әкелінуінде қайта инвестициялардың үлесі барлық қарастырылып отырған елдер арасында ең жоғары мәнге жетті: қайта инвестициялар ТШИ-дің таза ағынының жалпы көлемінен 1,8 есе асып түсті. Қысқа мерзімді кезеңде бұл өндірістік базаны және ағымдағы қызмет көлемін сақтауға мүмкіндік береді, алайда ұзақ мерзімді перспективада инвестициялық модельдің

сыртқы күйзелістерге осалдығын арттырады және технологиялық жаңару әлеуетін төмендетеді.

Әзірбайжанда да соңғы үш жылда қайта инвестициялауды қоспағандағы ТШИ-дің таза ағыны теріс болды. 2023 жылы бұл елге қайта инвестициялау ТШИ-дің ағынынан 1,3 есе асып түсті. Бұл ретте 2022 жылы Әзірбайжандағы ТШИ таза әкелінуінде қайта инвестицияланған пайданың үлесі теріс болып шықты. Бұл ТШИ-дің жалпы таза ағыны оң инвестиция көлеміне қарамастан теріс болғанына байланысты болды. Бұл жағдай басқа компоненттер бойынша (капиталға қатысу және/немесе борыштық құралдар) таза қаражат әкетілгені байқалған кезде пайда болады. Капиталға қатысудың теріс мәні бейрезиденттердің жергілікті компаниялардағы активтерді немесе үлестерді сатқанын, жарғылық капиталға қатысуды қысқартқанын немесе тарату немесе қайта құру нәтижесінде қаражатты әкеткенін білдіруі мүмкін. Өз кезегінде, борыштық құралдардың теріс сальдосы шетелдік инвесторлар алдындағы қарыздар мен кредиттерді өтеудің оларды жаңадан тартудан асып кеткенін көрсетеді.


Қарастырылып отырған елдердегі пайданы қайта инвестициялау үрдістеріне сүйене отырып, ТШИ және қайта инвестициялау динамикасына әсер ететін бірнеше факторларды бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, бұл ЖІӨ-нің тұрақты өсуін және инфляцияны бақылауды қамтитын макроэкономикалық тұрақтылық. Мысалы, Норвегияның тұрақты экономикалық саясаты, кронның орнықты бағамымен бірге, ұзақ мерзімді инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасайды. Нигерияда жоғары инфляция және валюта бағамының тұрақсыздығы инвесторлардың сеніміне теріс әсер етеді, бұл шикізаттық емес салаларға құйылатын инвестицияларды шектейді.

Екіншіден, саяси тұрақтылық ТШИ тартудың маңызды шарты саналады. Мысалы, Түркия саяси тұрақсыздық пен ішкі және сыртқы саясаттағы өзгерістерге байланысты қайта инвестициялаудың едәуір бөлігін жоғалтты. Керісінше, Канададағы тұрақты саяси жағдай елді халықаралық инвесторларға тартымды етеді. Үндістанда да экономиканы ырықтандыруға және іскерлік ахуалды жақсартуға бағытталған ауқымды реформалар арқылы шетелдік капиталды тартудың оң динамикасы байқалады.

Үшіншіден, бизнес ортасының сапасы, оның ішінде бизнесті жүргізудің жеңілдігі де ТШИ деңгейін анықтайды. Польша әкімшілік рәсімдерді белсенді түрде жетілдіріп, салықтық ынталандыруды енгізе отырып, инвестициялар тарту бойынша Орталық Еуропадағы көшбасшылардың біріне айналды. Таиландта үкіметтің бизнесті, әсіресе туристік саланы қолдау бағдарламалары ТШИ-дің өсуіне айтарлықтай ықпал етті. Цифрлық инфрақұрылым да маңызды болып отыр. Оңтүстік Корея сияқты АКТ инфрақұрылымы дамыған елдерде технологиялық және сервистік секторларға салынған инвестициялардың ұлғаюы байқалды.

Инвесторлар алдындағы міндеттемелердің құрылымы экономиканың даму дәрежесіне байланысты әр түрлі болатыны назар аудартады. Дамыған елдер арасында портфельдік инвестициялар басым, ал дамушы елдер арасында шетелдік инвесторлар алдындағы міндеттемелердің ең көп үлесі ТШИ-де болды (7-сурет). Мысалы, Қазақстанның шетелдік инвестициялар құрылымында ТШИ – 68%, басқа инвестициялар – 23% және портфельдік инвестициялар – 9%, Оңтүстік Кореяда ТШИ үлесі – небары 19%, басқа инвестициялар – 15%, ал портфельдік инвестициялар – 63%. Бұл портфельдік инвестициялардың негізінен дамыған елдерге бағытталуымен түсіндірілуі мүмкін, өйткені олар салыстырмалы түрде төмен тәуекел деңгейімен және қаржы нарықтарының тұрақтылығымен сипатталады. Инвесторлар экономикалық жағдайы болжамды және инвесторлардың құқықтары жоғары қорғалған елдерге инвестиция салуды жөн көреді.

2023 жылғы елдер бойынша инвесторлар алдындағы міндеттемелердің құрылымы



Дереккөзі: IMF

Дамушы елдерде инвесторлар аса жоғары тәуекелге тап болады. Бұл ТШИ-дің маңызын арттырады, себебі ТШИ ұзақ мерзімді қатынастар орнатуға және активтерді бақылауға мүмкіндік береді. Дамушы елдер көбінесе ТШИ шешуші рөл атқаратын физикалық инфрақұрылымға, тау-кен өндіру өнеркәсібіне және өндіріске айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді. ТШИ тек капиталды ғана емес, сонымен қатар технологиялар мен басқару тәжірибесін беруді де қамтиды.

Дамыған елдерде қазірдің өзінде қалыптасқан инфрақұрылым және дамыған экономика бар, сондықтан портфельдік инвестициялар арқылы капитал әкелінуі қолданыстағы қаржы активтерін кеңейтуге және әртарапандыруға көбірек бағытталған.

5. Қазақстан мен әлемдегі ТШИ-ді салыстыру

Қазақстандағы ТШИ динамикасы жаһандық үрдістерден айтарлықтай ерекшеленеді. Қазақстанның негізгі сипаттамаларының бірі – қайта инвестициялауды есептемегендегі ТШИ-дің теріс таза ағыны. Қарастырылып отырған елдердің көпшілігінен айырмашылығы, Қазақстанда 2018 жылдан бастап құйылған жаңа инвестицияға қарағанда қаражаттың кері қайтарылуы байқалады. Бұл елдің инвестициялық саясатының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы сұрақтар туғызады. Салыстыру мақсатында алып қарағанда, Польша, Филиппин және Үндістан сияқты елдерге жаңа инвесторлардың тұрақты түрде келіп отыр. Бұл бәсекеге қабілетті жобалардың болуына да, капиталды әр түрлі секторларға тартатын әртарапандырылған экономикаға да байланысты.

Қазақстандағы ТШИ-дің теріс таза ағыны динамикасы бірнеше факторларға байланысты. Олардың ішінде инвесторлар үшін үлкен қызығушылық тудыратын жаңа ауқымды жобалардың шектеулі санын және шикізат секторына тәуелділіктің жоғары деңгейін атап өтуге болады. Бұл оң тенденцияларды көрсететін елдердегі ТШИ-дің негізгі драйверлері саналатын шикізаттық емес салаларға инвестиция тарту мүмкіндігін шектейді.

Қазақстандағы салалар бойынша реинвестициялардың құрылымы барлық реинвестициялардың шамамен 48%-ын тартқан тау-кен өндіру өнеркәсібі мен өңдеу өнеркәсібінде айқын шоғырланғанын көрсетеді (8-сурет). Бұл елдің инвестициялық белсенділігінде шикізат секторының үстемдігін растайды. Тау-кен өндіру өнеркәсібі мұнай, газ және металдар сияқты табиғи ресурстарды өндірумен тікелей байланысты және шикізат экономикасының өзегі болып табылады. Бұл ретте Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібінің кейбір бөлігі шындығында шикізат, өйткені ол айтарлықтай қосылған құны жоқ бастапқы

өңделген табиғи ресурстардан тұрады. Осылайша, өңдеу секторына инвестициялардың тартылуы шикізат моделін айтарлықтай қолдайды.

Сонымен қатар, көтерме және бөлшек сауда, көлік және қоймалау, қаржылық қызмет, сондай-ақ құрылыс секторлары қайта инвестициялаудың шамамен 45% қамтамасыз етеді. Көлік және сауда сияқты секторларда мұнай мен газ да бар екенін атап өткен жөн. Бұл инвестициялық белсенділіктің шикізат ағындарына тәуелділігін одан әрі арттырады.

Қалған салалардың, оның ішінде ақпараттық технологиялар, жылжымайтын мүлік операциялары, кәсіби және ғылыми қызметтің, әрқайсысының үлесі 5%-дан аз, ал әлеуметтік қызмет, білім беру және өнермен байланысты секторлар шетел капиталын қайта инвестициялау процесіне іс жүзінде қатыспайды. Бұл, әсіресе цифрлық экономикаға жаһандық көшу жағдайында, адам капиталы мен технологияға инвестицияларды ынталандыру қажет екенін көрсетеді.

8-сурет

2023 жылғы Қазақстандағы салалар бойынша қайта инвестицияланған пайданың құрылымы



Дереккөзі: ҚРҰБ

Қазақстанда пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты ТШИ-дің үлесі жоғары, бұл экономиканы шикізат тауарлары бағасының ауытқуына осал етеді. Қазақстаннан айырмашылығы, Норвегия және Канада сияқты елдер мұнай секторына біршама тәуелді болғанына қарамастан, инновациялар мен «жасыл» технологияларды дамыту арқылы өз экономикаларын әртараптандыруда табысқа жетті. Бұл оларға тіпті шикізат нарығының құбылмалылығы жағдайында да капиталдың тұрақты келуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Үндістан, Филиппин және Таиланд сияқты дамушы елдер басқа тәсілді қолданып отыр: олар өсіп келе жатқан ішкі нарыққа, жұмыс күшінің төмен құнына және салықтық ынталандыруға сүйене отырып, өндіріс пен қызмет көрсетуге инвестицияларды белсенді түрде тартады. Қазақстан, керісінше, өз экономикасын әртараптандырудағы сын-қатерлерге тап болуды жалғастыруда, бұл шикізаттық емес секторларға капитал әкелінуі үшін мүмкіндіктерді шектейді. Бұл ТШИ тартудағы әлеует пен нақты нәтижелер арасында алшақтық тудырады.

Экономиканың құрылымдық ерекшеліктерімен қатар, Қазақстандағы ТШИ-дің таза әкелінуі динамикасындағы анықталған үрдістер бірқатар балама факторлармен түсіндірілуі мүмкін. Оларға инвестициялық ағындарды жаһандық бөлудегі өзгерістер, геосаяси фрагментацияның күшеюі және трансұлттық компаниялардың шешімдеріне әсер ететін әлемдік нарықтардағы белгісіздіктің өсуі жатады. Қазақстанның Ресей, Қытай және ЕО елдері сияқты негізгі серіктестерімен саяси және экономикалық қатынастары да маңызды рөл атқарады. Санкциялар, сауда шектеулері және халықаралық жанжалдар инвестициялық ахуалға айтарлықтай әсер етеді.

6. Қорытынды

Қазақстан ТШИ тарту кезінде бірқатар құрылымдық шектеулерге тап болады. Шикізат секторына жоғары тәуелділік, экономиканың шектеулі әртараптануы және ЖҚҚТ-ға әлсіз интеграция жаңа инвесторлардың қызығушылығын тежейді.

2018 жылдан бастап Қазақстанға ТШИ-дің оң таза тартылуы негізінен қазіргі инвесторлардың кірістерін қайта инвестициялау есебінен қамтамасыз етілді. Алайда, 2024 жылы, тіпті қайта инвестицияларды ескере отырып, таза ағын теріс болды, бұл бұрын салынған капиталды белсенді репатриациялаудың басталғанын көрсетеді, әсіресе бұл шикізат секторындағы ірі инвестициялық жобаларға қатысты. Бұл бұрынғы инвестициялық серпіннің сарқылғанын және өсімнің жаңа көздерінің жоқтығын көрсетеді.

Осының аясында қосылған құны жоғары шикізаттық емес секторларға сапалы капитал салымдарын тартуға бағдарланған жаңа инвестициялық модельді құру қажет екені айқын байқалып отыр. Онсыз ел инвестициялық белсенділіктің одан әрі әлсіреуіне және халықаралық капитал үшін күресте бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуына тап болу қаупі бар.

Халықаралық тәжірибемен салыстыру олардағы ТШИ-дің орнықты өсуі шикізаттық емес өндірістерді дамыту, ЖҚҚТ-ға ықпалдасу және инновациялар мен орнықты технологияларға инвестициялар есебінен қамтамасыз етілетінін көрсетеді. Бұл ТШИ түсімдерінің неғұрлым теңгерімді құрылымын құруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдауға сүйене отырып, мынадай түйінді қорытындыларды бөліп көрсетуге болады:

1. Шектеулі жаңа салымдар ағыныны жаңа инвесторларды тұрақты тарту үшін құрылымдық жағдай жасау қажеттігін көрсетеді.

2. Экономиканы әртараптандыру және шикізаттық емес салаларды дамыту мұнай-газ секторына тәуелділікті төмендету және сыртқы күтпеген өзгерістерге төзімділікті арттыру үшін аса маңызды.

3. Меншік құқықтарын қорғауды, реттеудің ашықтығын және инфрақұрылымды дамытуды қоса алғанда, институционалдық органы жақсарту және жаһандық өндірістік тізбектерге кірігу Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын едәуір арттыруы мүмкін.

4. Жоғары ғылыми және «жасыл» технологияларға, сондай-ақ адам капиталына инвестиция құюға ынталандыру жаһандық үрдістер мен сын-қатерлерге сәйкес келетін ТШИ-дің ұзақ мерзімді стратегиясының бір бөлігі болуға тиіс.

Бұл талдау салыстыру мен объективтілікті қамтамасыз ететін халықаралық статистикаға негізделген, алайда оның кейбір шектеулері бар. Аналитикалық тәсіл себеп-салдарлық байланыстарды статистикалық тестілеудің эконометрикалық әдістерін қолданбай, елдер топтары арасындағы тенденциялар мен құрылымдық айырмашылықтарды салыстыруға бағытталған. Бұл ұсынылған интерпретацияларды қатаң эмпирикалық тексерудің мүмкіндіктерін шектейді, бірақ заңдылықтарды анықтауға және динамиканы сәйкестендіруге бағытталған еларалық талдаудың табиғи ерекшелігі саналады. Осыған байланысты келесі зерттеулер эконометрикалық әдістерді қолдана отырып, ТШИ ағынына әсер ететін факторларды сандық бағалауға бағытталуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. United Nations Conference on Trade and Development, *Global Economic Fracturing and Shifting Investment Patterns*. Geneva, Switzerland: United Nations, 2024. [Online]. Available: <https://unctad.org/publication/global-economic-fracturing-and-shifting-investment-patterns>.

2. United Nations Conference on Trade and Development, *World Investment Report 2024: Investment Facilitation and Digital Government*, Geneva, Switzerland: UNCTAD, Jun. 20, 2024. [Online]. Available: <https://unctad.org/publication/world-investment-report-2024>.

3. UNCTADStat, “UNCTADStat Data Centre,” [Online]. Available: <https://unctadstat.unctad.org/datacentre/dataviewer/US.GDPTotal>. [Accessed: Dec. 5, 2024].

4. International Monetary Fund, World Economic Outlook Database, April 2023: Groups and Aggregates. [Online]. Available: <https://www.imf.org/en/Publications/WEO/weo-database/2023/April/groups-and-aggregates>. [Accessed: Dec. 5, 2024].

5. Energy Institute, Statistical Review of World Energy: 73rd Edition, 2024. [Online]. Available: <https://www.energyinst.org/statistical-review>. [Accessed: Dec. 5, 2024].

6. International Monetary Fund, "IMF Data Portal," [Online]. Available: <https://data.imf.org/en>. [Accessed: Oct. 16, 2024].

United Nations Conference on Trade and Development (UNCTAD), "Foreign direct investment: Inward and outward flows and stock, annual," UNCTADstat, [Online]. Available: <https://unctadstat.unctad.org/datacentre/reportInfo/US.FdiFlowsStock>. [Accessed: Jun. 2, 2025].

Шикізат өндіруші елдердің макроэкономикалық ахуалы: деректерге негізделген пікірлер

А. А. Құратова – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем балансы департаменті сыртқы секторды талдау басқармасының бас маманы

Мақала қазіргі монетарлық саясат пен фискалдық саясаттың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау мақсатында Қазақстанның және бірқатар шикізат өндіруші елдердің макроэкономикалық көрсеткіштерін салыстырмалы түрде талдауға арналған. Осы еңбек аясында сыртқы активтердің деңгейі мен динамикасы, төлем балансының көрсеткіштері, сондай-ақ экономиканы әртараптандыру дәрежесі, шикізат тауарларын экспорттаушы елдер тобының монетарлық және фискалдық саясатының режимдері талданды.

Талдауда айырбастау бағамы режимін таңдау экономиканың даму деңгейімен ғана емес, сыртқы активтердің көлемі арқылы айқындалатыны көрінеді. Мәселен, көлемді резервтер интервенциялар жүргізуге және белгіленген айырбастау бағамы режимін сақтауға мүмкіндік береді, ал жинақтары шектеулі елдер өзгермелі айырбастау бағамы режимін таңдайды.

Шикізатқа жатпайтын секторларды дамыту – шикізаттан түсетін қаржыға тәуелділікті азайтудың және сыртқы күйзелістерге төзімділікті арттырудың негізгі тетігі. Фискалдық саясатта әртүрлі ерекшеліктер байқалады: кейбір елдер бюджетке түсетін түсімдерді әртараптандыруға және бюджет ережелерін енгізуге бет бұрып жатса, ал басқа елдер мұнай-газ қорынан түсетін кіріске тәуелді болып отыр. Жалпы алғанда, қатаң фискалдық тәртіп аясында инфляциялық таргеттеу режимі мен өзгермелі бағамды біріктіретін модельдер тұрақты саналады.

Негізгі сөздер: шикізат елдері, голланд ауруы, монетарлық саясат, фискалдық саясат, айырбас бағамы режимдері.

JEL-сыныптау: E50, E61, E63.

1. Кіріспе

Көптеген шикізат өндіруші елдерде шикізат секторынан түсетін экспорттық кірістің өсуі шикізатқа жатпайтын секторды ығыстырып, макроэкономикалық теңсіздіктер тудыратын («голланд ауруы») келеңсіз жағдайларға ұласып жатады. Мұндай жағдайларда фискалдық және монетарлық саясат сыртқы экономикалық күйзелістерді реттеуде және тұрақты дамуды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Халықаралық тәжірибеде Норвегиядағы сияқты сәтті шыққан модельдерден бастап, шикізат бағасының күрт өсуінен макроэкономикалық көрсеткіштер нашарлаған жағдайларға дейін көптеген тәсілдер көрінеді. Бұл ретте шикізаттан түсетін қаражатқа барынша тәуелді елдерде әмбебап орнықты даму формуласы жоқ, себебі экономикалық саясаттың тиімділігі көп жағдайда институционалдық ортада, экономиканы әртараптандыру деңгейі мен валюталық және фискалдық ағындарды басқару стратегиясында айқындалады.

Экономикасы негізінен мұнай мен металл экспортына тәуелді Қазақстанда сыртқы экономикалық жағдайлардың құбылмалы болуы мен экономиканы әртараптандырудың төмендігі ұзақ мерзімді дамуда белгілі бір проблема бар екенін көрсетеді. Бұл тұрғыда «шикізат өндіруші елдердің портретін» жасау үшін макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып, экспорт себетінің құрылымы бойынша ұқсас елдердің тәжірибесін талдауға назар аударылады.

Жұмыстың мақсаты – Қазақстан мен басқа ресурстарға тәуелді бірқатар елдер арасындағы макроэкономикалық саясат тәсілдерінің ұқсастықтары мен

айырмашылықтарын анықтау. Атап айтқанда, сыртқы активтердің құрылымы мен динамикасы, экономиканы әртараптандыру дәрежесі, төлем балансының жай-күйі, сондай-ақ қаралып отырған елдердің фискалдық балансы зерделенетін болады, бұл шикізат түсімдерінің құбылмалы болуы аясында макроэкономикалық басқарудың ұлттық модельдерінің орнықтылығын талдау үшін негіз болады.

2. Әдебиетке шолу

Көптеген әдебиетте табиғи ресурстарға бай елдердің экономикасы және олар жүргізетін макроэкономикалық саясат зерттелген. Жұмыстың біршама бөлігінде «голланд ауруы» шикізат экономикасындағы маңызды мәселелердің бірі ретінде сипатталады. «Голланд ауруы» термині – табиғи ресурстардан түсетін қаражаттың ұлғаюы экономиканың басқа секторларына кері әсер ететінін білдіретін ұғым. Бұған Нидерланд елі айқын мысал бола алады, бұл елде ірі газ кен орындарының ашылуы нәтижесінде валютаның ағылып келуі ұлттық валютаның нығаюына (The Economist, 1977) және соның нәтижесінде өңдеу өнеркәсібінің баға жағынан бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне алып келді.

Мұндай қауіпті азайту үшін экспорттаушы елдер шикізат бағасының күрт өзгеруінің жағымсыз әсерін азайтуға мүмкіндік беретін макроэкономикалық саясаттың әртүрлі құралдарын қолданады. Bevan et al. (1999) шикізаттан түсетін қаражат есебінен мемлекеттік шығыстың ұлғаюы инфляциялық процестерді күшейтіп, саудаланбайтын тауарлар мен қызметтерге сұранысты арттыруы мүмкін екенін және оның нақты айырбастау бағамының нығаюына және экономикадағы құрылымдық теңгерімсіздіктердің күшеюіне ықпал ететінін көрсетеді. Berg et al. (2012) шетел валютасы ағынын қысқартуға бағытталған тежеуші монетарлық саясат ақша массасының өсуін шектеуге және инфляциялық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретінін атап көрсетті. Осылайша, табиғи ресурстарға бай елдердің ақша-кредит саясаты «голланд ауруының» инфляция мен валюта бағамына әсерін жеңілдететін тұрақтандырушы фактор бола алады.

Әдебиетте Норвегия моделі әдебиетте «голланд ауруының» жағымсыз салдарын жеңудің сәтті моделі ретінде жиі қарастырылады. Torvik (2009) мемлекеттік мұнай қорын (Government Pension Fund Global) құру, шетелдегі мұнай кірісінің едәуір бөлігін инвестициялау, сондай-ақ экономиканың бақылаудан шығуына жол бермеуге бағытталған қатаң бюджеттік тәртіп Норвегия стратегиясының негізгі элементтері болғанын атап көрсетеді. Бұл нақты айырбастау бағамына қысымды азайтуға және өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік берді.

Бірқатар авторлар табиғи байлықтың болуы қаражатты жұмсаудың тиімді стратегиясын әзірлеуді қиындатып, экстрактивті үкіметтің қалыптасуына ықпал ететінін атап көрсетеді. Мұнайды экспорттаушы елдерде экономикалық цикл мен фискалдық шығыс әлемдегі мұнай бағасымен байланысты болуы осының айқын дәлелі болады (Husain et al., 2008; Aliyev, 2012).

Жалпы фискалдық саясат рөлі ерекше теңдестірілген макроэкономикалық стратегия іске асырылған жағдайда «шикізат тығырығынан» ұзақ мерзімді және тұрақты дамуға өтуге мүмкіндік болады. Атап айтқанда, қарқынды кезеңдерде мемлекеттік шығысты шектеу, бюджеттің құбылмалы кіріске тәуелділігін азайту, сондай-ақ экспорттық түсімнің бір бөлігін шетелдік активтерге инвестициялау дағдарысқа қарсы стратегияның маңызды элементтері ретінде қарастырылады (van der Ploeg & Venables, 2011; Gelb, 1988).

Дегенмен, ресурсқа тәуелді кез келген экономикаға қолдануға болатын әмбебап шешім жоқ. Baunsgaard et al. (2012) и Venables (2016) шикізаттан түсетін қаражатты тиімді басқару әр елдің институционалдық ерекшеліктерін, қаржы нарықтарының даму деңгейін және экспорт құрылымын ескеруді талап ететінін атап көрсетеді. Бұл тұрғыда экономикалық саясаттың бейімделуі барынша маңызды болады, өйткені ол сыртқы күтпеген өзгерістерге ден қою тетіктерін таңдауда әр елдің ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Мұндай жағдайларда ресурстарға тәуелділіктің салдарын азайтуға және тұрақты өсуді қолдауға қабілетті фискалдық және монетарлық саясаттың бағыты мен тиімділігі шешуші мәнге ие болады. Бірқатар елдердің тәжірибесі ресурстағы тосын өзгерістерді азайтуға және шикізаттық кірістерді тиімді басқаруға бағытталған институционалдық тәсілдерді әзірлеу макроэкономикалық теңгерімсіздікті төмендетуге ықпал ететінін көрсетеді.

3. Шикізатқа бай елдердің макроэкономикалық көрсеткіштерін салыстыра талдау

Бұл жұмыста макроэкономикалық көрсеткіштерге салыстырмалы талдау жүргізу үшін шикізат тауарларын таза экспорттаушы елдер таңдалды: Сауд Арабиясы, БАӘ, Ресей, Норвегия, Қазақстан, Ангола, Әзербайжан, Қатар, Нигерия, Алжир (мұнай және табиғи газ экспорттаушылар), Канада (мұнай және металл), Мексика (мұнай), Аустралия (металдар мен көмір) және Перу (металдар).


Таңдау экономиканың шикізаттық бағытын ғана емес, сонымен қатар фискалдық (бюджеттік ереженің болуы, салық жүктемесінің деңгейі, бюджетке түсетін түсімдердің әртараптандыру дәрежесі және т.б.) және монетарлық тәсілдерді (ақша-кредит саясаты мен айырбастау бағамының әртүрлі режимдері) қоса алғанда, макроэкономикалық саясат модельдерінің әртүрлілігін, сондай-ақ елдердің кіріс деңгейлеріндегі (жоғары, орташа және төмен деңгейлер) айырмашылықтарды ескере отырып жүзеге асырылды. Іріктеудің 14 елмен шектелуі аналитикалық құндылықты сақтау және макроэкономикалық көрсеткіштердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болды. Көп елді іріктеп алу дұрыс салыстырмалы талдау жүргізуді қиындатады.

3.1 Сыртқы активтер

Макроэкономикалық саясат шетел валютасының көп және тұрақсыз ағынының жағымсыз салдарымен күресуде маңызды рөл атқарады (Adam et al., 2009; Prati and Tressel, 2006). Макроэкономикалық саясат құралдарының бірі халықаралық резервтерді саналады. Себебі резервтерді жинақтау немесе жұмсау валюталық түсімдердің құбылмалылығына және «голланд сырқатының» салдарына байланысты тәуекелдерді азайтуға көмектеседі.

1-сурет

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша алтын-валюта резервтері,
млрд АҚШ доллары



Дереккөзі: ХВҚ.

*Ескертпе. Ресейдің халықаралық резервтері Ұлттық әл-ауқат қорының өтімді бөлігін ескереді, оның мөлшері ашық көздерден алынған деректерге сәйкес (ratestats.com, tadviser.ru), Қор активтерінің 32%-ын немесе 37,8 млрд АҚШ долларын құрайды.

Бір қарағанда, Ресей – халықаралық резерв көлемі бойынша абсолют көшбасшы (1-сурет). Алайда, бұл көлемге егеменді қордың өтімді бөлігі – Ресейдің ұлттық әл-ауқат қоры


кірегінің ескеру қажет. Сонымен қатар, батыс елдері енгізген санкциялардың салдарынан резервтердің жартысына жуығы бұғатталған.

Сауд Арабиясында алтын-валюта резервтерінің үлкен қоры бар, ол мұнайдың бағасы жоғары болған кезеңде, яғни 2013-2014 жылдары 732 млрд АҚШ долларына жетті және резервтер көлемі бойынша озық елдердің қатарында тұр.

Бір қызығы, Мексика мұнай қоры бойынша тек 17-ші орында тұрса да, оның алтын-валюта резервтері Канадаға (мұнай қоры бойынша елдердің әлемдік рейтингінде № 2), БАӘ (№ 7), Нигерия (№ 10), Қазақстан (№ 12) және Қатарға (№ 13) қарағанда жоғары. Елде іс жүзінде перманентті теріс сауда балансы қалыптасса да, АҚШ, Канада, Испания және басқа елдерден мексикалықтардың пайдасына түскен ақша аударымдары елдің валютасына қолдау көрсетеді. Бұл еркін құбылмалы айырбастау бағамы режимімен үйлескенде, мұнай бағасының төмен кезеңінде Мексика резервтерінің аздап төмендеуіне әкелді – 2015-2017 жылдары орта есеппен 3,5%-ға төмендеді.

2-сурет

2011-2024 жылдары кіріс деңгейі әртүрлі елдердегі алтын-валюта резервтерінің орташа өсу қарқыны*



Источник: МВФ, расчеты автора.

*Примечание: Классификация стран по уровню доходов по данным Всемирного Банка.

Орташа алғанда, кірісі жоғары елдерде соңғы 15 жылда БАӘ-де (16%) және Қатарда (15%) резервтердің жыл сайын өскені байқалды (2-сурет). БАӘ әлемдегі шикізат бағасының құбылмалылығына, экономикалық және саяси күтпеген өзгерістерге қарамастан резервтері өсе беретін санаулы елдердің бірі. Бұл экономиканы кезең-кезеңімен әртараптандыруға, дамыған қаржы жүйесіне және инвестицияларды белсенді түрде тартуға (арнайы экономикалық аймақтардың, ірі қаржы орталықтарының, икемді салық салу жүйесінің болуы) байланысты.

Қатар резервтері 2017 жылы араб елдерімен қақтығыс нәтижесінде 15 миллиард долларға дейін күрт төмендегеннен кейін 2018 жылы екі есе өсті. АҚШ. Осы қақтығыс жағдайында Қатар үшін сауда мен әуе қатынасы шектеулі болды, бұл елдің сыртқы активтеріне қысым жасады. Алайда, газ бағасының өсуі (бұл экспорттың шамамен 80%-ын құрайды), Түркия мен басқа елдердің қолдауы және ішкі экономиканы ынталандыруға бағытталған саясаттың арқасында елдің резервтері қысқа мерзімде қалпына келді.

Әзербайжан резервтері жыл сайын 9%-ға өсті, бұл кірісі орташа елдердің ішінде ең жоғары көрсеткіш. Резервтердің ұлғаюы шетелдік қатысуы бар ірі мұнай-газ жобаларының болуы, басқа елдерден келген әзербайжандардың пайдасына жеке аударымдарға, сондай-ақ шетел валютасының тұрақты әкелінуін қамтамасыз ететін тасымалдау саласының (Оңтүстік газ дәлізі, «Солтүстік-Оңтүстік» және «Батыс-Шығыс» көлік дәліздері, Бакудегі теңіз порты, Баку – Тбилиси – Джейхан және Баку – Супса мұнай құбырлары) дамуына

байланысты сауда балансының тұрақты профицитімен қамтамасыз етілді. Алайда, резервтер 2014 жылғы деңгейге жетпеді, бұл көрсеткіш 15 миллиард АҚШ долларына жетті.


Қазақстанда резервтер 2010-2024 жылдар аралығында жыл сайын орта есеппен 5%-ға өсті. Бұған ҚР Ұлттық Банкінің 2011 жылдан бастап алтын сатып алуға басым құқық алуы, сондай-ақ алтын бағасының өсуіне байланысты резерв құрамындағы монетарлық алтынның ұлғаюы себеп болды. Резервтердегі алтынның үлесі 2010 жылғы 11%-дан 2024 жылы 52%-ға дейін өсті.

Алжирдің резервтері жыл сайын 4%-ға қысқарып отырды. Тарихи рекордтық деңгейден кейін 2013 жылы 192 миллиард АҚШ доллары, Алжирдің резерві 2024 жылы 68 миллиард АҚШ долларға дейін төмендеді. Бұл динардың айырбастау бағамының бірнеше рет құнсыздануына, айырбастау операцияларына қойылған шектеулерге және валюта нарығын тұрақтандыруға және елдің резервтерін сақтауға арналған валюта ағындарын бақылауға қарамастан болды.

Қарастырылып отырған табысы төмен елдерде 2015-2017 жылдары мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде резервтердің қысқаруы байқалды. Бірақ, Анголаға қарағанда Нигерия 2024 жылдың қорытындысы бойынша дағдарысқа дейінгі резерв деңгейіне жетті. Қатаң монетарлық саясатты жүргізу, халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз алу Нигерияға резервтер қорын қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

3-сурет

Алтын-валюта резервтерінің ЖІӨ-ге қатынасы 2011-2024 жылдардағы орташа есеппен



Дереккөзі: ХВҚ, автордың есептеулері.

Сауд Арабиясының алтын-валюта резервтері 2011-2024 жылдардағы ЖІӨ-нің орта есеппен 67%-ы болады (3-сурет). Бұл Сауд Арабиясының резервтері мұнай түсімдерінің күрт төмендеуі жағдайында дағдарыстың жағымсыз әсерлерін жою үшін жеткілікті болады дегенді білдіреді. Канада мен Австралия сияқты дамыған елдердің экономикаларының көлемімен салыстырғанда резервтері (4-5%) төмен. Қазақстанда резервтердің ЖІӨ-ге қатынасы Әзербайжан, Норвегия және Мексика сияқты елдермен салыстырылады – 4-17%.

Алтын-валюта резервтерінің ЖІӨ-ге пайызбен жеткіліктілігін бағалау үшін әмбебап шекті мән жоқ екенін айта кету керек. ХВҚ дамушы елдердің резервтерінің жеткіліктілігін әртүрлі көрсеткіштер бойынша бағалайды: импорт айлары бойынша өтеу (min. – 3 ай), қысқа мерзімді сыртқы қарызды (min. – 100%) және барлық ақша массасын (min. – 20%),

сондай-ақ АРА¹ (100% -150% диапазонында) композиттік метрикасы бойынша өтеу. Көрсетілген метрикалар бойынша резервтердің жеткіліктілік көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген. Дамыған елдерге бұл көрсеткіштер әлдеқайда аз қолданылады немесе онша маңызды емес деп саналады. Себебі мұндай елдердің валюталары еркін айырбасталады, қаржы нарықтары дамыған, ал инвесторлардың сенімі жоғары. Осылайша, бұл елдерге резерв жинақтаудың қажетті жоқ.

1-кесте

2024 жылдың соңындағы алтын-валюта резервтерінің жеткіліктілік көрсеткіштері*

Ел/көрсеткіш	Мына төмендегілерге қатысты алтын-валюта резервтері			
	импортқа (>3 ай)	қысқа мерзімді сыртқы қарызға (>100%)	ақша массасына (>20%)	АРА (100%-150%)
Әзербайжан	5,4	155%	37%	NA
Алжир	16,8	4556%	40%	NA
Ангола	7,5	204%	85%	91%
Қазақстан	7,4	121%	53%	171%
Мексика	4,1	447%	30%	128%
Перу	13,6	575%	59%	248%
Ресей	19,3	65%	46%	331%
БАӘ	5,1	299%	36%	NA


Дереккөзі: ХВҚ, ҚРҰБ.

*Ескертпе: ХВҚ қарастырылып отырған үлгіде қалған елдер бойынша аталған көрсеткіштердің есептеулерін жарияламайды.

Көптеген елдерде мұнай мен газ экспортынан түсетін түсімдер негізінен алтын-валюта резервтерінде емес, егеменді қорларда жинақталады. Нәтижесінде егеменді қорлардың резервтері мен активтерін қамтитын жиынтық сыртқы активтер ресми резервтерге қарағанда айтарлықтай жоғары болады. Егеменді қорлар экономикалық ауытқуларды реттеуде, шикізат бағасы төмендеген жағдайда «қауіпсіздік қорын» құруда және болашақ ұрпақ үшін жинақ жинауда маңызды рөл атқарады (4-сурет).

4-сурет

2024 жылғы тәуелсіз қорлардың активтері, млрд АҚШ доллары

Дереккөзі: [International Forum of Sovereign Wealth Funds](https://www.ifswf.com/)

*Ескертпе: 1. Мексика мен Алжирдің тәуелсіз қорлары бойынша 2023 жылға мәліметтері қолжетімді. 2. Катар мен Перудың тәуелсіз қорлары бойынша мәліметтерге қол жеткізе алмаймыз. Канадада тек жергілікті

¹ Assessing Reserve Adequacy

қорлар ғана бар. Ресейдің егеменді қорының активтері халықаралық резервтер статистикасында ескерілген ұлттық әл-ауқат қорының өтімді бөлігі ескеріле отырып ұсынылған.

БАӘ мен Норвегияның сыртқы активтері (резервтер мен егеменді қорлар) олардың ЖІӨ көлемінен едәуір асып түседі, ал Сауд Арабиясы мен Әзербайжанда олар салыстырмалы деңгейде (5-сурет). Аталған елдердің үшеуі бекітілген айырбас бағамы режимін ұстанады, бұл олардың сыртқы буферінің көлемі ескеріле отырып, негізделген болып көрінеді. Норвегия өзгермелі айырбастау бағамы режиміне қарамастан, мұнай кірісін «сақтау» саясатын («3% ереже²») іске асыру, қатаң қадағалау және егеменді қордың институционалдық тәуелсіздігі арқылы мұнай долларын жинады.

5-сурет



Источник: расчеты автора.

*Примечание: Данные по внешним активам Мексики и Алжира представлены за 2023 год.

Сыртқы активтердің көлемінің ауқымды болуы ел экономикасына тигізетін теріс әсерін азайта отырып, түрлі күтпеген өзгерістер туындаған кезде валюта нарығында интервенция жүргізуге елдерге мүмкіндік береді. Сонымен қатар еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимі валюта нарығындағы сәйкессіздікті жоя отырып, сыртқы жинақтары неғұрлым қарапайым елдер үшін неғұрлым қолайлы саналады.

3.2 Экономиканы әртараптандыру дәрежесі

Шикізат тауарлары бағасының ауытқуына байланысты экономиканың сыртқы күтпеген өзгерістерге төзімділігін бағалауға мүмкіндік беретін негізгі көрсеткіштердің бірі – экономиканы әртараптандыру дәрежесі.

Осы жұмыста қарастырылып отырған елдер тобының экономикасын әртараптандыру деңгейін талдау 2020 жылы Мұхаммед бин Рашид атындағы басқару мектебі³ (MBRSG) әзірлеген экономикалық әртараптандыру индексінің (Economic Diversification Index, EDI) деректеріне негізделген. EDI үш негізгі аспектіні қамтиды: елдердің өндірісін, саудасын және мемлекеттік кірісін әртараптандыру (әдепкі бойынша әрбір көрсеткіштің үлес салмағы – 33,3%).

EDI есептеу үшін 2000–2023 жылдардағы 115 ел деректерінің панельдік жинағы пайдаланылады. Есептеудің бірінші кезеңінде үш кіші индексті алу үшін индикаторлардың әрбір блогына басты компонент (PCA) әдісі қолданылады. Екінші кезеңде кіші индекстер жай орташа арифметикалық мәнді есептеу арқылы EDI жалпы индексіне біріктіріледі.

² Норвегия Үкіметі мемлекеттік бюджет шеңберінде Мемлекеттік мұнай қорының жалпы көлемінің 3%-дан аспайтын қаражатын жұмсай алады, бұл қордың күтілетін ұзақ мерзімді нақты кірістілігіне сәйкес келеді.

³ БАӘ-де 2005 жылы құрылған мемлекеттік оқу-зерттеу мекемесі.

Әртараптандырудың үш бағытының әрқайсысы көрсеткіштердің мынадай жинағы негізінде бағаланады:


1. Өндірісті әртараптандыру дәрежесі секторлар бойынша қосылған құн үлесі (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қызметтер), жан басына шаққандағы өндеуші өнеркәсіптегі қосылған құн, жоғары технологиялық өндірістің үлесі сияқты 9 көрсеткіш негізінде есептеледі.

2. Сауданы әртараптандыру дәрежесі тауарлар мен қызметтер экспортының және импортының құндық көлемі, тауарлар экспортындағы шикізат тауарларының үлесі, экспорттағы өнеркәсіп және жоғары технологиялық өнеркәсіп тауарларының үлесі, ЖІӨ-ге тауарлар экспорты, сондай-ақ экспорттық және импорттық тауарлар мен нарықтардың шоғырлану индекстері сияқты 10 көрсеткіш негізінде есептеледі.

3. Мемлекеттік кірісті әртараптандыру дәрежесін бағалау ЖІӨ-ден пайызбен мынадай 6 көрсеткішті қамтиды: акциздерден түсетін түсімдер, табыс салығынан түсетін түсімдер, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге салынатын салықтан түсетін кіріс, салық түсімдерінің жалпы көлемі, жиынтық мемлекеттік кіріс, сыртқы саудадан түсетін кіріс.

Осылайша, бұл индекс экономиканың мұнай, газ және металдар сияқты секторлардың немесе ресурстардың шектеулі санына тәуелділік дәрежесін анықтайды және оның сыртқы күтпеген өзгерістерге төзімділігін бағалауға мүмкіндік береді. 100-ден жоғары EDI мәні 2000 жылға белгіленген базалық деңгеймен салыстырғанда экономиканы әртараптандырудың жоғары деңгейін көрсетеді. Индекс 100 мәні 2000 жылы базалық есептеу нүктесі ретінде қабылданған әлем елдерін әртараптандырудың орташа деңгейіне сәйкес келетіндей нормаланған. Осылайша, 100-ден жоғары мәндер ел экономикасының базалық кезеңдегі әлем бойынша орташа көрсеткіштен едәуір әртараптандырылғанын білдіреді (6-сурет).

6-сурет
Экономиканы әртараптандыру дәрежесі бойынша елдердің 2023 жылғы рейтингі



Источник: economicdiversification.com

Индекстері неғұрлым жоғары елдер (Канада, Мексика, Аустралия) едәуір дәрежеде бюджет кірісінің көздерін әртараптандыра алды және экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыта алды.

Сонымен қатар әртараптандыру индекстері төмен елдерде (Ангола, Алжир, Нигерия) мұнай-газдан түсетін түсімдерге деген тәуелділік әлі бар, ал олардың макроэкономикалық саясаты жиі проциклды сипатта болады. Кіріс және салық базасының шектеулі мүмкіндіктері, шикізатқа жатпайтын сектордың нашар дамуы және импортқа тәуелділік әсіресе осындай экономиканы осал етеді. EDI төмен мәндерімен сипатталатын Әзербайжан жағдайында соңғы жылдары фискалды тәртіптің күшеюі байқалады, бұл бюджеттік қағиданы енгізуден, шығысты қайта құрылымдаудан және мұнайға жатпайтын кірісті біртіндеп ұлғайтудан көрінеді. Бұл шаралар неғұрлым теңдестірілген

макроэкономикалық саясаттың және сыртқы бағаның күтпеген өзгерістеріне осалдықты төмендетудің негізін қалыптастырады.

Аралық аймақта орналасқан елдерде (мысалы, Ресей, БАӘ, Норвегия) макроэкономикалық саясат тиімділіктің әртүрлі дәрежесін көрсетті. Норвегия жағдайында бұл – қатаң фискалдық тәртіп және болашақ ұрпақ қоры; БАӘ жағдайында – белсенді инвестициялық саясат және экономиканың шикізаттық емес секторларын ынталандыру әрекеттері.


Осылайша, әртараптандырудың жоғары деңгейі, әдетте, шикізатқа тәуелділікті төмендетуге, табыстың орнықты көздерін қалыптастыруға және ішкі өндіріс пен экспортты дамытуға бағытталған тиімді макроэкономикалық стратегияның нәтижесі. Бұл «шикізат парадоксы» салдарын еңсеруге ұмтылатын елдерге кешенді және ұзақ мерзімді экономикалық саясат қажет екенін көрсетеді.

3.3 Төлем балансының жай-күйі

Төлем балансының ағымдағы шоты, атап айтқанда ресурстарға тәуелді экономикаларда сыртқы экономикалық тұрақтылықтың жай-күйі мен құрылымдық теңгерімсіздіктің сипатын білдіретін макроэкономикалық индикаторлардың бірі саналады. Профицитті ағымдағы шот, әдетте, қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктура туралы белгі береді және сыртқы активтердің жинақталуына ықпал етеді. Алайда экспортты шамалы әртараптандыру жағдайында орнықты профицит шикізат бағасына құрылымдық тәуелділікті және сыртқы күтпеген өзгерістерге осалдықты көрсетуі мүмкін. Ағымдағы шоттың тапшылығы экономикаға қысымның өсуін және сыртқы қаржыландырудың қажеттілігін көрсетуі мүмкін.

7-сурет

2014 – 2023 жылдардағы ЖІӨ-ге шаққандағы ағымдағы шот, %



Дереккөзі: ХВҚ

Сыртқы позициядағы ұқсастық пен құрылымдық айырмашылықтарды анықтау мақсатында қарастырылып отырған елдер топқа жіктелді. Бірінші топ – ағымдағы шоты профицитті экономикалар (2014-2023 жылдары ЖІӨ-ге шаққандағы ағымдағы шоттың орташа мәні 2%-дан жоғары): Ангола, Сауд Арабиясы, Ресей, БАӘ, Әзербайжан, Қатар, Норвегия (7-сурет). Ағымдағы шоттың ұзақ уақыт ішіндегі оң сальдосы, әдетте, шектелген ішкі сұраныс кезіндегі тұрақты сауда теңгеріміне, сондай-ақ ел экономикасына шетелдік капиталдың қатысу деңгейі төмен болуына негізделді. Ангола, Сауд Арабиясы, Әзербайжан және Қатар жағдайында ағымдағы шоты профициті Ресей мен Норвегиямен салыстырғанда тұрақты емес деп бағаланды. Бұл соңғылардың экономикасы неғұрлым әртараптандырылуына (EDI мәні 100-ден астам) байланысты, қызметтер теңгерімінің тапшылығы салыстырмалы түрде төмен (2014 – 2023 жылдары елдердің осы кіші тобындағы қалған елдердегі (-) 9%-ға қарсы Норвегияда (-)1,6% және Ресейде (-)1,8%),

бюджеттік қағидалар іске асырылуда, ұлттық валютаның айырбастау бағамының режимі – еркін өзгермелі.

Екінші топ – ағымдағы шоты теңгерімді экономикалар (ЖІӨ-ге қатысты $\pm 2\%$ шегіндегі ағымдағы шот), олар көбінесе сыртқы сауда ағындарының барынша әртараптандырылған құрылымымен сипатталады. Оларға Канада, Мексика және Аустралия жатады. Сонымен қатар, Перу мен Нигерия сияқты елдерде ағымдағы шоттың аздаған тапшылығы экономиканың жай-күйін толық сипаттамайды. Бұл шикізатқа жоғары тәуелді, айырбастау бағамдарына айтарлықтай қысымы мен соның салдарынан жиі валюталық интервенциялары бар дамушы елдер. Бұдан басқа, Перу мен Нигерияда қайталама кіріс балансы оң (орташа алғанда тиісінше 2,5% және 5%), бұл олардың шетелдік трансферттерге тәуелділігін көрсетеді.

Үшінші топ – ағымдағы шоты орташа тапшы (ағымдағы шоты ЖІӨ-ге қатысты $(-2\%$ -дан $(-5\%$ -ға дейінгі аралықта), сыртқы қаржыландыруға тәуелді елдер. Бұл топқа Қазақстан да кіреді, ол тарихи тұрғыдан ағымдағы шоттың тапшылығымен сипатталады. Ол шектелген ішкі ұсыныс жағдайында импортқа деген тұрақты жоғары сұраныс (2014 – 2023 жылдары ЖІӨ-дегі тауар импортының үлесі орташа есеппен 21%-ды құрайды), сондай-ақ шетелдік инвесторларға төленетін жоғары кіріс (тауарлар экспорты бойынша төленетін табыстың 36%-дан астам арақатынасы) орын алуына байланысты.

Төртінші санат – ағымдағы шот тапшылығы жоғары елдер (ағымдағы шоттың тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты 5%-дан артық). Олар сыртқы позициядағы құрылымдық теңгерімсіздігімен және экономикалық саясатты ұзақ мерзімді түзету қажеттілігімен сипатталады. Бұл топқа Алжир жатады, оның қаралып отырған елдердің іріктемесінде ЖІӨ-ге қатысты орта есеппен $(-)$ 2,7% теріс сауда балансы бар. Бұл ішкі өндіріс жеткіліксіз болуына байланысты экспорттық кірістің біршама бөлігі импортты сатып алуға бағытталатынын көрсетуі мүмкін.

Осылайша, ағымдағы шоттың мәні елдердің сыртқы экономикалық позицияларындағы құрылымдық айырмашылықтарды әрдайым көрсете бермейді. Айырбастау бағамының өзгермелі бағамы режимі бар елдердің көпшілігінде неғұрлым орнықты сыртқы экономикалық ағындар байқалады. Маңызды фактор – «голланд ауруының» әсерін реттей отырып, ағымдағы шотты теңгерімді ететін бюджет ережелерінің болуы.

3.4 Фискалдық теңгерім

Әдетте, шикізат елдерінің бюджет түсімдері айтарлықтай құбылмалы. Бұл ретте бюджеттің шығыс бөлігінің динамикасын мемлекет айқындайды және ол проциклдік не контрциклдік сипатта болады. Тұтастай алғанда, қаралып отырған елдердің ішінде тек төртеуінің ғана – Норвегия, Қатар, Әзербайжан және БАӘ-нің соңғы 10 жылда орта есеппен алғандағы фискалдық балансы оң болды.

Норвегияның фискалдық балансы шикізат секторы дамыған елдер арасында неғұрлым орнықты. 2023 жылдың қорытындысы бойынша елдегі салық жүктемесі⁴ ЖІӨ-нің 40%-на жуығын құрады. Норвегия жағдайында мұндай салықтық жүктеме бюджет жүйесі арқылы кірісті қайта бөлудің жоғары дәрежесін көрсетеді, бұл ретте салық пен әлеуметтік жарналар түрінде жинақталған қаражаттың едәуір бөлігі әлеуметтік жәрдемақылар мен зейнетақыларды төлеуге (бюджеттің жалпы шығысының 40%-ға жуығы), денсаулық сақтау (17%) мен білім беру (10%) жүйелерін қаржыландыруға бағытталады. Салықтық түсімдердің құрылымында әлеуметтік жарналар маңызды рөл

⁴ Салық жүктемесі – бұл елдің ЖІӨ-ге қатысты барлық салық түсімдерінің арақатынасын білдіретін көрсеткіш. Ол экономикада құрылатын қосылған құнның қандай үлесін мемлекет салықтар мен міндетті жарналар арқылы алып қоятынын бағалауға мүмкіндік береді. Салық жүктемесі біржақты оң немесе теріс құбылыс болып табылмайды: тиімді институттары мен қоғамның жоғары деңгейдегі сенімі бар елдерде (мысалы, Норвегия) ол сапалы мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару шамалы дамыған экономикаларда шамадан тыс салық жүктемесі іскерлік белсенділікті тежеп, көлеңкелі экономиканы күшейтуі мүмкін.

атқарады, оларға барлық салық кірістің шамамен 25%-ы тиесілі. Мұнай-газ секторындағы пайдаға салынатын корпоративтік салық 78%-ға жеткеніне қарамастан (қалған бизнес үшін 22%-дық мөлшерлеме қолданылады), бюджетке жолданатын мұнай-газ түсімдерінің үлесі басқа шикізат елдерімен салыстырғанда салыстырмалы түрде төмен (шамамен 15%). Бұл мұнай-газ кірісінің біршама бөлігі тікелей бюджетте емес, Норвегия мемлекеттік мұнай қорында шоғырланатын Норвегияның фискалдық моделінің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Бюджеттік қағидаттар шеңберінде жыл сайын қордың жалпы көлемінен 3% аспайтын қаражат бюджетке жіберіледі, бұл ағымдағы бюджет шығысының шикізат нарықтарының құбылмалылығына тәуелділігін төмендетеді. Осылайша, Норвегияның фискалдық саясаты жеке тұлғалардың табыстарына салық салудың прогрессивті жүйесінің, мұнай-газ секторына тиімді салық салудың және Мемлекеттік зейнетақы қорында резервтер бір мезгілде жинақталған кезде әлеуметтік қамсыздандырудың дамыған жүйесінің үйлесімімен сипатталады. Бұл бюджеттің ұзақ мерзімді орнықтылығын қамтамасыз етіп, энергия ресурстарының бағасы ауытқуына байланысты сыртқы күтпеген өзгерістер алдындағы осалдықты төмендетеді.

Қатар фискалдық баланстың ұзақ профицитіне қарамастан, бюджет кірістерінің 80%-ын құрайтын мұнай түсімдеріне тәуелді болып отыр. Қатар ҚҚС, міндетті әлеуметтік жарналар және резиденттерге де, резидент еместерге де жеке тұлғаларға салынатын салықтың жоқтығымен ерекшеленеді. Бұдан басқа резидент еместерге ғана 10% мөлшерінде корпоративтік салық салынады. Қатардың фискалдық саясаты инфрақұрылым, денсаулық сақтау және білім беруді қоса алғанда, мемлекеттік шығындардың жоғары деңгейін сақтай отырып, бизнес пен халық үшін қолайлы салық режимін болжайды. Осылайша, фискалдық тұрақтылық ел ішіндегі кең салық базасы есебінен емес, негізінен қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктура есебінен қамтамасыз етіледі.

БАӘ сондай-ақ үй шаруашылықтары мен корпоративтік сектор үшін қолайлы салық режимімен сипатталады. Мысалы, жеке тұлғалардан да резиденттерден де, резидент еместерден де табыс салығы, сондай-ақ дивидендтерге, пайыздарға және капитал өсіміне салынатын салықтар алынбайды. Жұмыс беруші зейнетақы қорына аударым жасауға міндетті БАӘ азаматтарын қоспағанда, әлеуметтік жарналар да жоқ. 5% мөлшеріндегі 5% ҚҚС тек 2018 жылы енгізілді және тек 2023 жылдың 1 маусымынан бастап БАӘ-нің 375 мың дирхамынан асатын (шамамен 100 мың АҚШ доллары) салық салынатын пайда кезінде 9% және осы шектен төмен пайда кезінде 0% мөлшерінде корпоративтік салық енгізілді. Салықтарды енгізу мұнай-газ түсімдеріне тәуелділікті азайту мақсатында бюджет кірістерінің көздерін кезең-кезеңмен әртараптандыруды көздейді. Бюджеттің шығыс бөлігі негізінен инфрақұрылымды дамытуға бағытталады (жалпы шығыстардың 30-35%), ол экономикалық өсудің негізгі драйвері болып табылады және экономиканы әртараптандыруға бағытталған. Тұтастай алғанда БАӘ-нің фискалдық бейіні сыртқы күйзелістерді тегістеуге қабілетті тәуелсіз қорлардың болуына, сондай-ақ шектеулі борыштық жүктемеге байланысты тұрақты болып отыр.

Әзербайжанның фискалдық жүйесінде салық жүктемесі қалыпты (18%) және мұнай-газ секторына тәуелділік бар (мемлекеттік бюджеттің 50%). Осыған қарамастан, Әзербайжанда Қатар және БАӘ сияқты барынша либералды салық саясатын жүргізетін елдермен салыстырғанда салық режимі орташа қатаң (ҚҚС мөлшерлемесі – 18%, ТБК – 20%, жеке тұлғалар үшін табыс салығы – 14-25%). Әзербайжанның мемлекеттік шығыстарының негізгі баптары әлеуметтік қорғау (23,6%), денсаулық сақтау (21,5%), сондай-ақ қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік (20,3%) болып табылады, бұл әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мен ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мемлекеттің басым назарын көрсетеді. Әзербайжанның фискалдық моделі Қатар мен БАӘ-ге қарағанда неғұрлым кең салық базасына сүйенеді. Бұл шикізатқа тәуелділік жағдайында бюджет кірістерін біршама теңгерімді қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кіріс деңгейі әртүрлі елдерде шоғырландырылған бюджет тапшылығының сипаты ерекшеленеді. Мысалы, табысы жоғары елдерде – Австралия мен Канадада – шикізаттық түсімдерге тәуелділік төмен (мемлекеттік бюджеттің барлық кірістерінің 10%-ынан кем),

ал салық жүйесі теңдестірілген: осы елдерде табыс салығының үлесі барлық салық түсімдерінің үштен бірінен астамын құрайды. Бұл ретте фискалдық ынталандыру жаһандық дағдарыстар (әлемдік қаржы дағдарысы, пандемия) жағдайында ғана қолданылады. Осылайша, шоғырландырылған бюджет тапшылығының болуы орнықты институттары, жоғары салық базасы және ішкі және сыртқы қарыз алуға қолжетімділігі бар дамыған экономикаларда макроэкономикалық тұрақтылық үшін елеулі қауіп төндірмейді.


Мексика және Перу сияқты кірісі орташа елдер арасында мемлекет кірісінің шикізат түсімдеріне тәуелділігі байқалады: бюджеттің шамамен 20-30%-ы. Бұдан басқа салық түсімдерінің құрылымы жеткілікті әртараптандырылған: негізгі көз – ҚҚС (салықтардың үштен бірі) және корпоративтік салық (шамамен 25-30%). Мексикада фискалдық жауапкершілік туралы заңға байланысты қатаң бюджет тәртібі «бастапқы бюджет теңгерімін» (мемлекеттік қарызға қызмет көрсету бойынша пайыздарды есептегенге дейін) сақтауды көздейді, ал Конгрестің қатаң лимиттеріне байланысты қарыздарды тартудың шектелуі ұзақ мерзімді өсімге назар аудара отырып, салық-бюджет саясатының тежелуіне ықпал етеді. Перу сондай-ақ метал экспортына деген тәуелділікке қарамастан, фискалды жауапты ел болып табылады. Алайда Мексикадан айырмашылығы, Перудің фискалдық саясаты неғұрлым икемді және инвестицияларға, атап айтқанда инфрақұрылымға жұмсалатын шығыстардан туындаған бюджет тапшылығына жол береді.

Қазақстанның фискалдық саясаты негізінен проциклдық сипатқа ие (М. Жақыпова, А. Ханет, 2023). Кіріс бөлігі көбінесе Ұлттық қордан түсетін трансферттер (бюджетке түсетін түсімдерден 2024 жылы 20,4%), сондай-ақ мұнайға экспорттық кеден баждары (2024 жылы 5,8%) есебінен қалыптасады. Бұл ретте мемлекеттік бюджеттің шығыстары борышқа қызмет көрсетуге, әлеуметтік қамсыздандыруға және көмекке, білім беруге, денсаулық сақтауға, инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалатын шығындарға байланысты кеңейтіледі. Мемлекеттік шығыстарды тұрақтандыруға және фискалдық тәртіпті арттыруға бағытталған шығыстардың өсу қарқынын шектеу үшін 2022 жылдан бастап Қазақстанда бюджеттік ереже енгізілді. Бұл ереженің мәні мынада: жыл сайын Үкімет келесі жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде келесі жоспарлы кезеңге арналған бюджетті қалыптастыру кезінде кепілдік берілген трансферттің мөлшерін айқындау үшін пайдаланылатын мұнайдың кесім бағасын белгілейді. Осылайша, бюджеттік ереже – мұнай мен газ сияқты маңызды экспорттық табыс баптарына бағаның ауытқуынан ел бюджетін қорғауға бағытталған сақтандырудың бір түрі. Алайда осы тетіктің тиімділігін бағалау үшін бірнеше жыл бақылау қажет болады.

Фискалдық балансты талдау шикізат елдері әртүрлі дәрежеде мұнай-газ түсімдеріне сүйенетінін көрсетеді. Алайда олардың бір бөлігі салық мөлшерлемелерін ұлғайту/енгізу және бюджеттік ережені енгізу жолымен бюджеттік түсімдерді әртараптандыруға тырысады.

8-сурет

2014-2023 жылдардағы бюджеттің шоғырландырылған түсімдері мен шығыстары ЖІӨ-ге %-бен



а. Монетарлық саясат режимдері

Қарастырылып отырған елдер арасында монетарлық саясаттың ең кең таралған режимі – инфляцияны таргеттеу. Бұл режим 50% жағдайда (14 елдің ішінде 7 ел) көбінесе өзгермелі айырбас бағамымен бірге қолданылады. Бұл бағамды қатаң байланыстырудан бас тарту баға тұрақтылығын қамтамасыз ететін номиналды тұрақтандырудың болуын қажет ететін халықаралық практикаға сәйкес келеді. Мұндай елдерге Канада, Аустралия, Норвегия, Ресей (санкциялар және валюталық бақылау жағдайында) және Мексика мысал бола алады (2-кесте). Бұл елдерде төлем балансының ағымдағы шотының профициті не әлсіз тапшылығы, кең салық базасымен қатар қатаң бюджет тәртібі және ең бастысы, қарастырылып отырған елдер тобындағы экономиканы әртараптандыру деңгейінің ең жоғары индекстері байқалады. Бұл инфляцияны таргеттеуді тиімді қолдануға жағдай жасайды.

Қазақстан инфляцияны таргеттеу режиміне көшуді 2015 жылғы тамыздан бастады. Соңғы 10 жылда бұл экономикаға бірқатар күтпеген өзгерістерді (COVID-19 пандемиясы, геосаяси тұрақсыздық және т.б.) еңсеруге мүмкіндік берді, ҚР Ұлттық Банкі жұмысының, атап айтқанда базалық мөлшерлеме бойынша шешім қабылдау процесі бойынша айқындылығын арттырды. Алайда инфляциялық таргеттеу режимін іске асыру бюджет саясатымен үйлестіруді қажет ететін бірқатар ішкі, сол сияқты сыртқы сын-қатерлерге тап болады.

Парсы шығанағы елдері (Қатар, БАӘ, Сауд Арабиясы) бекітілген айырбастау бағамы режимін ұстанады, соның салдарынан айырбастау бағамының тұрақтылығы ақша-кредит саясатының бағдары болады. Бұл осы елдердің сыртқы активтерінің экономика өлшеміне қатысты көлемін және төлем балансының профицитті ағымдағы шотын ескерсек, қисынды болады.

Бірқатар елдерде (Әзербайжан, Алжир, Нигерия) айырбастау бағамының өтпелі режимдері және монетарлық саясаттың аз таралған режимдері, мысалы, ақша агрегаттарын таргеттеу немесе нақты номиналды тұрақтандырудың болмауы байқалады. Мұндай комбинациялар, әдетте, экономиканың өтпелі жай-күйі және толыққанды ақша-кредит саясатын жүргізуде орталық банктердің кейбір ықтимал шектеулері туралы айғақтайды. Экономиканы әртараптандырудың төмен дәрежесі (шикізат елдерін іріктеудегі EDI ең аз мәні) осындай шектеулердің мысалы бола алады. Осылайша, мұндай сипаттамалар осы экономикалардың инфляциялық таргеттеудің толыққанды режимдерін енгізуге дайын еместігін айғақтайды және ақша-кредит саясатының гибридті модельдерінің сақталғанын көрсетеді.

Шикізатты экспорттаушы елдерде айырбас бағамы режимдері мен монетарлық саясат тәсілдерінің кең спектрі бар. Негізінен кірісі орташадан жоғары, орталық банктері тәуелсіз, қаржы нарықтары дамыған, сондай-ақ айқындылық деңгейі жоғары елдерге тән инфляциялық таргеттеу режимімен бірге айырбастау бағамы өзгермелі модельдер неғұрлым орнықты болып саналады.

Сонымен қатар дамушы елдер көбінесе бекітілген немесе аралық режимдерді ұстанады. Бұл не шектеулі институционалдық қабілетпен және монетарлық саясатқа деген сенімнің деңгейінің төмен болуымен, не керісінше, дағдарыс кезеңдерінде валюталық интервенциялар жүргізуге және бағамның тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік беретін қомақты сыртқы резервтердің болуымен негізделген.

Шикізат экспорттаушы елдердің айырбас бағамы мен монетарлық саясатының режимдері

№	Елі	Айырбас бағамының режимі	Монетарлық саясат режимі
1	Аустралия	Еркін өзгермелі	Инфляциялық таргеттеу
2	Әзербайжан	Тар дәліз шегінде бекітілген ⁵	Басқа *
3	Алжир	Түзету мүмкіндігі бар өтпелі режим	Ақша агрегатын таргеттеу
4	Ангола	Өзгермелі	Ақша агрегатын таргеттеу
5	Қазақстан	Өзгермелі	Инфляциялық таргеттеу
6	Канада	Еркін өзгермелі	Инфляциялық таргеттеу
7	Қатар	Бекітілген	Айырбастау бағамын таргеттеу
8	Мексика	Еркін өзгермелі	Инфляциялық таргеттеу
9	Нигерия	Тар дәліз шегінде бекітілген	Ақша агрегатын таргеттеу
10	Норвегия	Еркін өзгермелі	Инфляциялық таргеттеу
11	БАӘ	Бекітілген	Айырбастау бағамын таргеттеу
12	Перу	Өзгермелі	Инфляциялық таргеттеу
13	Ресей	Еркін өзгермелі	Инфляциялық таргеттеу
14	Сауд Арабиясы	Бекітілген	Айырбастау бағамын таргеттеу

Дереккөзі: AREAER баяндамасы, ХВҚ, 2022.

Ескертпе. Монетарлық саясатының режимі басқа елдерге іс жүзінде нақты белгіленген номиналды тұрақтандыруы жоқ, монетарлық саясатты жүргізу кезінде бірнеше түрлі макроэкономикалық көрсеткіштерді қадағалайтын елдер жатады.

4. Қорытынды

Осы жұмыс шеңберінде мұнай мен газ экспорттаушы елдер тобының негізгі экономикалық индикаторлары талданды. Нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды.

1. ЖІӨ-ге қатынасы жоғары сыртқы активтердің болуы елдерге бекітілген айырбас бағамы режимін ұстануға және валюта нарығында интервенция жүргізу жолымен сыртқы күтпеген өзгерістердің экономикаға теріс әсерін жоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар еркін өзгермелі айырбас бағамы режимі ЖІӨ-ге шаққанда сыртқы жинақтары аздау елдерге барынша қолайлы болады, өйткені ол валюта нарығындағы теңгерімсіздікті реттеуге көмектеседі.

2. Макроэкономикалық стратегияның нәтижесі мен құралы ретінде мұнайға қатысы жоқ секторларды дамыту шикізатқа тәуелділікті төмендетеді және табыстың орнықты көздерін, әсіресе шикізат жоқтығының кесірін жеңуге ұмтылатын елдер үшін өзекті болатын табыстың орнықты көздерін қалыптастырады.

3. Ағымдағы шоттың осыған ұқсас көрсеткіштері сыртқы экономикалық ағынның түрлі құрылымдарын жасыруы мүмкін. Айырбастау бағамының өзгермелі режимі бюджеттік ережелермен бірге экономикалық өсудің орнықтылығына және «голланд ауруының» тәуекелдерін төмендетуге септігін тигізеді.

4. Фискалдық балансты талдау бюджет кірісінің мұнай-газ түсімдеріне тәуелділігінің дәрежесі әртүрлі елдерде өзгеше екенін көрсетеді. Алайда олардың кейбіреулері салық мөлшерлемелерін ұлғайту/енгізу және бюджеттік ережені енгізу жолымен бюджеттік түсімдерді әртараптандыруға тырысады.

5. Өзгермелі бағам мен инфляциялық таргеттеу институттары неғұрлым дамыған, саясаты айқын және орталық банктері тәуелсіз елдерде неғұрлым орнықты. Дамушы экономикалар ресурстардың шектеулі болуына және институционалдық әлсіздікке

⁵ Бұл айырбастау бағамының режимі кезінде елдің валютасы басқа валютаға немесе валюта қоржынына қатысты тар ауқым шегінде (әдетте 2% ±) кемінде алты ай бойы, тіркелген тепе-теңдікті немесе қатаң тұрақтандыруды ресми жариялаусыз тұрақты түрде ұсталады.

байланысты не қомақты резервтердің болуынан көбінесе бекітілген немесе аралас режимдерді ұстанады.

Әдебиет

1. Stevens, P. (2003). Resource Impact: Curse or Blessing?// *Journal of Energy Literature*, 9(1), pp. 3-42.
2. Gelb, A. (1988). *Oil Windfalls: Blessing or Curse?*// Oxford University Press.
3. Van der Ploeg, F., & Venables, A. J. (2011). Harnessing Windfall Revenues: Optimal Policies for Resource-Rich Developing Economies// *Economic Journal*, 121(551), pp. 1-30.
4. Baunsgaard, T., Villafuerte, M., Poplawski-Ribeiro, M., & Richmond, C. (2012). Fiscal Frameworks for Resource-Rich Developing Countries// *IMF Staff Discussion Note 12/04*.
5. Venables, A. J. (2016). Using Natural Resources for Development: Why Has It Proven So Difficult?// *Journal of Economic Perspectives*, 30(1), pp. 161-184.
6. Жакупова М., Ханет А. (2003). Қазақстанның фискалдық саясатының параметрлері// ҚРҰБ экономикалық зерттеулері, 23-бет.
7. www.imf.org
8. www.worldbank.org
9. www.nationalbank.kz
10. www.economicdiversification.com
11. www.ifswf.org

Қазақстан Ұлттық Банкіндегі корпоративтік мәдениет диагностикасы: құралдар мен оны іске асыру

Н. Б. Дүйсембаева – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Адам капиталын дамыту департаменті қызметкерлерді оқыту және дамыту басқармасының бас маманы

Зерттеу сандық және сапалық тәсілдер біріктірілген аралас әдісті пайдалана отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің корпоративтік мәдениетіне диагностика жасауға бағытталған. Зерттеу мақсаты – ұйымның қазіргі және қалаған мәдени бейінін анықтау, сондай-ақ, иерархияның әртүрлі деңгейінде қызметкерлердің құндылықтар мен мәдени сипаттамаларды қабылдауын талдау.

Зерттеудің негізіне танылған теориялық модельдер, атап айтқанда Эдгар Шейннің ұйымдастырушылық мәдениетінің моделі және Кэмерон мен Куинннің бәсекелестік құндылықтарының моделі алынды. Диагностиканың негізгі құралы – ұйымдастырушылық мәдениетті бағалау бойынша жүргізілген пікіртерім. Қатысушыларға ұйымдастырушылық мәдениеттің төрт түрі, яғни иерархия, клан, нарық және адхократия арасында 100 ұпайды бөлу ұсынылды. Пікіртерімге 160 қызметкер, оның ішінде 20 филиал басшысы, 26 орта буын басшысы, басшылық құрамы резервінің 39 мүшесі және 75 маман қатысты. Бұған қоса, фокус-топтарға 107 қызметкер қатысты. Жүргізілген фокус-топтық сұхбаттар ұйым ішіндегі басым мәдени сипаттамаларды, ішкі түсінікті және ұйым ішіндегі ортақ алғышарттарды тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Осындай сапалы деректер сандық нәтижелерді толықтырып, мәдени динамиканың терең және жан-жақты түсіндірілуін қамтамасыз етті.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Ұлттық Банкінің қазіргі мәдениеті иерархиялық және кландық мәдениеттің буданы екенін көрсетті. Мұндай модель құрылымы, тәртібі және кәсібилігі жағынан бағалы болғанымен, оны әсіресе жас және орта буындағы қызметкерлер тым қатал және өзгеріске бейімделмейтін мәдениет ретінде қабылдайды. Көптеген қызметкерлер икемді, инновациялық және бірлескен ұйымдастырушылық ортаға ұмтылады, бұл адхократия мен клан түріндегі мәдениетке тән сипат.

Осы контекстік талдауда қолданыстағы ұйымдастырушылық мәдениет пен қызметкерлердің болжамы арасындағы сәйкессіздік анықталады. Нәтижелер айқындылықты, икемділікті арттыруға бағытталған мәдениетті өзгерту бойынша нысаналы бастамаларды дамыту және қызметкерлердің басқаруға қатысу қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу әдістемесі мен тұжырымдары осындай ішкі мәдениетті өзгеріп тұратын кәсіби және әлеуметтік стандарттарға сәйкестендіруге әрекет ететін ұйымдар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Адам капиталын дамыту департаменті қызметкерлерді оқыту және дамыту басқармасы бастығының орынбасары Н.К. Өкешевпен бірге жүргізілді. Мақала авторы оған зерттеуге үлес қосқаны үшін алғыс білдіреді.

Негізгі сөздер: корпоративтік мәдениет, бәсекелес құндылықтар моделі (CVF), иерархиялық мәдениет, клан мәдениеті, адхократия, аралас әдіс, ұйымдастырушылық мәдениетті бағалау (OCAI), мәдени трансформация.

JEL–жіктеуіші: M12, M14.

1. Кіріспе

«Корпоративтік мәдениет қызметкерлер мен басшылықтың өзара іс-қимылын және шешім қабылдау процесін қалыптастыратын ортақ құндылықтардың, көзқарастар мен тәжірибелердің жиынтығы ретінде анықталады (Investopedia, 2022). Ол ұйымның барлық деңгейіндегі іс-әрекеті мен таңдауын анықтайтын ішкі компас ретінде қолданылады.

Бұл әсіресе мемлекеттік мекемелер мен қадағалау органдары үшін өзекті. Оларда ресми түрдегі ұйымдық құрылымдар мен сыртқы бақылау ішкі икемділігі және сенім білдіру мәдениеті тең дәрежеде болу керек. Бұл ұйымдар арнайы шектеулер бойынша жұмыс істейді, бұл олардың ішкі мәдениетін қалыптастыруға, қолдауға және дамытуға әсер етіп, жеке сектор ұйымдары арасында ерекшелендіреді.

Жаңғырту мен инновацияға қатысты сұраныстың артуына байланысты корпоративтік мәдениетті түсіну тек теориялық міндет болып қана қоймай, сонымен қатар практикалық қажеттілікке айналып отыр. Мәдени динамикаға диагностика жасау басшылықтың іс-әрекетін, қызметкерлердің болжамдарын және стратегиялық басымдықтарды салыстыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің мақсаты – тарихы тереңде жатқан орталық қаржы институтының, яғни Қазақстан Ұлттық Банкінің корпоративтік мәдениетін зерделеу. Зерттеу қызметкерлердің қазіргі мәдениетті қабылдауын анықтауға және оның қандай болғанын қалайтынын айқындауға бағытталған.

Бұл үшін мәдениеттің қазіргі және қалаулы жай-күйі арасында құрылымдық салыстыруды жүргізуге мүмкіндік беретін бәсекелес құндылықтар моделі (Cameron & Quinn, 1999) мен ұйымдастырушылық мәдениетті бағалау құралы (OCAI) қолданылды.

Аралас әдіс сауалнама мен құрылымдалған фокус-топтарды қамтиды, бұл статистикалық заңдылықтарды сияқты ұйым ішінде мәдениетті де символдық, эмоциялық қабылдауды ескеруге мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелердің ірі мемлекеттік құрылымдарда мәдени трансформация үшін практикалық құндылығы бар. Олар ағымдағы практика мен қызметкерлердің құндылықтары арасындағы сәйкессіздік аймақтарын анықтайды, сондай-ақ неғұрлым ашық, инновациялық және тартымды корпоративтік ортаны құру мүмкіндіктерін айқындайды.

2. Теориялық негіз

2.1. Корпоративтік мәдениет теорияларына шолу. Ұйымдастырушылық мәдениет ұйымда әлеуметтік және психологиялық ортаны қалыптастыратын құндылықтардың, тәртіптің нормалары мен модельдерінің жиынтығын білдіреді. Deal және Kennedy (1982), Schein (1992), Kotter және Heskett (1992) сияқты авторлардың жұмыстары тиімділікті, тұтастықты, бейімделу пен көшбасшылық қабілетін қамтамасыз етудегі мәдениеттің стратегиялық рөлін көрсетеді.

Schein (1992) мәдениеттің үш деңгейінен тұратын модельді ұсынды: артефакттар, декларацияланатын құндылықтар және терең алғышарттар. Kotter және Heskett (1992) бейімделген мәдениет тұрақты табысқа септігін тигізеді, ал икемсіз иерархияның өсуін тежейді деп атады. Басқа эмпирикалық зерттеулер (Denison, 1990; Van der Post et al., 1998) мәдениеттің жұмысшылардың ынтасына, инновацияға және стратегияны іске асыруға тигізетін әсерін де көрсетті.

Мәдениетті ұйым мен ел контексінде талдау қажет екенін ескеру маңызды. Жеке немесе стартап ортада нәтиже көрсететін мәдениет басқа құрылымдық және нормативтік шектеулері бар жария институттарда тиімсіз болуы мүмкін (Herget, 2023).


Осы зерттеу шеңберінде «кландық мәдениет», «адхократия», «иерархия» және «нарықтық мәдениет» ұғымдары К. Камерон мен Р. Куиннің бәсекелес құндылықтар моделі (Competing Values Framework) аясында қабылданған мағынада қолданылады және аталған типологиядан тыс бағалаушылық немесе әлеуметтік-мәдени коннотацияларды қамтымайды.

2.2. Бәсекелес құндылықтардың моделі. Бәсекелес құндылықтардың моделі (Competing Values Framework (CVF), Cameron & Quinn, 1999) ұйымдастырушылық мәдениетті талдау үшін неғұрлым ықпалды және кеңінен қолданылатын модельдердің бірі болып табылады. Ол мәдениетті екі негізгі оське сүйене отырып, төрт түрге бөледі: 1 – ішкі бағыттылық пен интеграция / сыртқы бағыттылық пен саралау, 2 – тұрақтылық пен бақылау

/ икемділік пен әрекет еркіндігі. Нәтижесінде ұйымдастырушылық мәдениеттің төрт түрі қалыптасады (1-сурет):

- Клан – отбасы мәдениеті, ынтымақтастық, тәлімгерлік, қатысу;
- Адхократия – инновациялар, креативтілік, тәуекелдерді қабылдау;
- Нарық – нәтижеге бағдарлану, бәсекелестік, тиімділік;
- Иерархия – тәртіп, стандарттар, рәсімдер, бақылау.

1-сурет



Дереккөзі: Cameron, K. S., & Quinn, R. E. (1999). Diagnosing and Changing Organizational Culture: Based on the Competing Values Framework. Addison-Wesley.

CVF моделінің күшті жағы – оның бәсекелес талаптар арасындағы шиеленісті анықтай алуы, бұл оны күрделі және көп деңгейлі ұйымдарды диагностикалау үшін ерекше пайдалы етеді.

2.3. Ұйымдастыру мәдениетін бағалау бойынша пікіртерім. Cameron & Quinn (1999) әзірлеген ұйымдастыру мәдениетін бағалау пікіртерімі (OCAI) – бәсекелес құндылықтар моделіне негізделген, кеңінен пайдаланылатын құрал. Ол ұйымдастыру мәдениетінің басым сипаттамалар, көшбасшылық стилі, персоналды басқару, тұтастық тетіктері, стратегиялық басымдықтар және сәттілік өлшемшарттары сияқты алты негізгі аспектісін бағалайды.

Бағалау шеңберінде қатысушыларға алдымен ағымдағы мәдениетті көрсету үшін, содан кейін болашақта қалайтын мәдениетті сипаттау үшін осы өлшемдердің әрқайсысы үшін төрт мәдени архетиптер арасында 100 балл бөлу ұсынылады. Мұндай қосарлы тәсіл ұйымдарға корпоративтік мәдениеттің ағымдағы жай-күйін сандық бағалауға,

қолданыстағы мәдениет пен нысаналы құндылықтар арасындағы алшақтықты анықтауға, мәдениетті трансформациялау және теңестіру жөніндегі мақсатты шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Herget (2023) бойынша OCAI – жеке секторда да, мемлекеттік секторда да қолданылатын ұйымдастыру мәдениетін диагностикалаудың тексерілген эмпирикалық әдістемесі. Бұл құрал мәдени аудиттің дәлдігін арттыра отырып, жекелеген бөлімшелер, департаменттер немесе басқару деңгейлері дәрежесінде неғұрлым жан-жақты талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

2.4. Ұйымдастыру мәдениетін және тиімділікті эмпирикалық зерттеу. Көптеген эмпирикалық зерттеулер ұйымдастыру мәдениетінің сипаты және әртүрлі салалар мен ұлттық контекстегі қызметтің нәтижелері арасында орнықты байланыстың бар екенін растайды. Мәселен, Дешпандэ мен Фарли әзірлеген мәдениет типологиясын пайдалана отырып, Малайзияда жүргізілген Rashid, Sambasivan & Johari (2003) зерттеуі корпоративтік мәдениет түрі қызметкерлердің адалдығы мен ұйымның жалпы тиімділігі деңгейіне айтарлықтай әсер ететінін көрсетті.

Kotter және Heskett (1992), Denison (1990) және Van der Post et al. (1998) өз жұмыстарында күшті және бейімделген мәдениеттің стратегияларды сәтті іске асыруға ықпал ететінін растайды. Schwartz & Davis (1981), сондай-ақ Scholz (1987) өз зерттеулерінде мәдениетті ұйымдастырушылық өзгерістерді сәтті жүргізумен қосымша байланыстырады. Жақында British Medical Journal (BMJ) журналында жарияланған және Culture15 диагностикалық құралын пайдалана отырып орындалған тақырыптық зерттеу осындай байланыстың практикалық мысалы болады. Диагностика инновациялар мен жоғары нәтижелілікке кедергі болған мәдениеттегі іс-әрекет алшақтықтары мен сәйкессіздіктерді анықтады. Пікіртерімдерді, фокус-топтарды және басшылықпен сұхбатты біріктіре отырып, ұйым басшылықтың тарапынан икемділікке, батылдыққа және айқын коммуникацияға негізделген мәдени трансформация стратегиясын әзірлеуге қол жеткізді (Culture15, 2023).

3. Әдіснама

Бұл зерттеуде сандық және сапалық тәсілдерді біріктіретін аралас әдіс қолданылды, бұл статистикалық маңызы бар деректерді де, контекстік интерпретацияларды да жазуға мүмкіндік берді. Деректерді жинаудың негізгі құралы ретінде бәсекелес құндылықтар моделіне негізделген ұйымдастырушылық мәдениетті бағалау сауалнамасы қолданылды. Қатысушыларға ұйымдастырушылық мәдениеттің төрт түрі - иерархия, клан, нарық және адхократия арасында екі санат: қазіргі ұйымдастырушылық мәдениет және болашақта қалыптасса деп үміттенетін мәдениет бойынша 100 балл бөлу ұсынылды.

Бағалау басым сипаттамалар, көшбасшылық стилі, персоналды басқару, ұйымның «желімі» (қызметкерлерді біріктіретін факторлар), стратегиялық екпіндер мен жетістік сияқты алты негізгі критерийлер бойынша жүргізілді. Осы өлшемдердің әрқайсысы бойынша респонденттер өз ұйымдарын сипаттайтын әр мәдениет түрінің дәрежесін көрсететін ұпайларды бөлді. Бұл рәсім екі рет орындалды: бірінші рет ағымдағы мәдениетті сипаттау үшін, екіншісі – болашақтағы қалаулы мәдениеті туралы пікірлерді білдіру үшін.

Зерттеуге сауалнама және фокус-топтарға қатысушыларды қоса алғанда, Қазақстан Ұлттық Банкінің 160 қызметкері қатысты. Олардың ішінде OCAI әдістемесі бойынша сауалнамаға 20 филиал басшысы, 26 орта буын басшысы, 39 басшы құрам резервінің мүшесі, 75 маман қатысты.

Сауалнамадан бөлек, фокус-топтардың күндізгі құрылымдалған сессиялары барысында сапалы деректер жиналды (оған 107 қызметкер өз еркімен қатысты. Осы сессияларда қатысушылар негізгі тақырыптарды бетпе-бет форматта талқылап, бағыттаушы сұрақтарға жауап беріп, фасилитаторлардың модерациясымен ашық диалог жүргізді. Фокус-топтар мына аспектілерді тереңірек түсінуге бағытталды:

— корпоративтік мәдениеттің мықты тұстары және даму аймақтарын қабылдау,

- мінсіз қызметкер туралы түсінік,
- Қазақстанның Ұлттық Банкімен байланысты қоғамдық таптаурындар мен теңеулер,
- өзгерістерге және инновацияларға қатынас,
- ішкі коммуникация және көшбасшылық саласындағы басымдықтар.

Мұндай интеграцияланған зерттеу дизайны ұйымның мәдени бейінін сандық тұрғыдан тіркеп қана қоймай, сонымен қатар ішкі ортаның эмоционалдық және символикалық аспектілерін, оны қызметкерлер ұйымдық иерархияның әртүрлі деңгейлерінде қалай қабылдайтынын анықтауға мүмкіндік берді.

4. Талдау мен қорытынды

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Ұлттық Банкінің қазіргі корпоративтік мәдениеті иерархиялық және кландық үлгілердің үйлесімі екенін көрсетеді. Иерархиялық элементтердің басымдылығы респонденттердің пікірінше, кәсібилік пен сенімділікке ықпал ететін тұрақтылыққа, бақылауға, рәсімдерді сақтауға және регламенттеуге назар аударудан көрінеді. Сонымен қатар, мұндай модель жеткілікті икемді емес және бастамашылдық пен инновацияларды енгізуді тежеуші ретінде қабылданады.

ОСАІ сауалнамасының нәтижелері бойынша (2-сурет) қазіргі («as-is») мәдениет «Иерархия» және «Нарық» түрлері бойынша жоғары баға алды, ал таңдаулы («артықшылықты») мәдениет санатында қызметкерлер «Адхократия» және «Клан» түрлеріне артықшылық берді. Мұндай өзгеріс неғұрлым ашықтыққа, икемділікке, қатысуға, ынтымақтастыққа және инновацияға бағдарлануға деген ұмтылысты көрсетеді.

2-сурет


Қазақстан Ұлттық Банкідегі қазіргі және таңдаулы корпоративтік мәдениет



Кәсіби топтардың мәдени артықшылықтары. Қазіргі және таңдаулы мәдени бейіндерді кәсіби топтарға бөлген кезде қабылдау мен күтуде айтарлықтай айырмашылықтар анықталды.


Басқарушы құрам резервінің 39 мүшесінің жауабы мына нәтижелерді көрсетті (3-сурет): қазіргі мәдениет – иерархияға (3,42) және кланға (2,74) айқын артықшылық береді; таңдаулы мәдениет – кланға (3,44) және адхократияға (2,61) қарай күрт ығысады. Бұл басқарушы құрамның резерві қатаң құрылымнан кооперативті және инновациялық ортаға көшуге ұмтылатынын көрсетеді, бұл олардың трансформациялық көшбасшылыққа және заманауи тәсілдерді қолдануға дайын екендігін көрсетеді.

Басшы құрамның резерві: мәдени бейін



26 орта буын басшылардың жауабы (4-сурет) мынадай болды: қазіргі мәдениет – иерархия (3,46) және нарық түрі (2,58) бойынша тағы да жоғары көрсеткіштер; таңдаулы мәдениет – адхократияға (2,69) және кланға (2,82) артықшылық берген. Бұл топ нәтижеге бағдарлануды сақтай отырып, бюрократияның әсерін азайтуға деген ұмтылысын білдіре отырып, инновация мен топтық жұмыстың құндылығын түсінеді.

Орта буын басшылар: мәдени бейін



75 маман мынадай жауаптар берді (5-сурет): қазіргі мәдениет – иерархияның айқын басымдығы (3,72); қажетті мәдениет – бұл кланға (3,27) және адхократияға (2,63) айтарлықтай ауысу. Мамандар ынтымақтастық мәдениетінің пайдасына қатаң вертикальдан алшақтап, адамға бағытталған, қолдау көрсететін және икемді жұмыс ортасына ұмтылады.



Филиалдардың 20 басшысы мынадай жауап берді (6-сурет): қазіргі мәдениет – иерархия (2,85) мен рудың (2,84) салыстырмалы түрде теңдестірілген үйлесімі; қалаған мәдениет – рудың (3,68) және адхократияның (2,70) айқын артықшылығы. Филиал басшыларының деңгейінде де қызметкерлердің үлкен сеніміне, қатысуына және қатысуына, сондай-ақ басқарудың командалық-әкімшілік әдістерінің үлесін төмендетуге сұраныс байқалады.



Фокус-топтар анықталған тенденцияларды тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Қатысушылардың пікірінше, қазіргі корпоративтік мәдениеттің күшті жақтары:

- ұйымдастырушылық орнықтылық және ұзақ мерзімді жұмыс тұрақтылығына сенімділік (сауалнамаға қатысқандардың 19,8% атап өтті);
- дербес әрекет ететін және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін орталық қаржы институтының ерекше мәртебесіне байланысты Қазақстан Ұлттық Банкінің тәуелсіздігі (15,5%);

- өзара әрекеттестікте алқалық сыпайылық пен ізгі ниет (15%);
- кәсіби даму үшін мүмкіндіктердің болуы (6,4%);
- орындалатын міндеттердің стратегиялық маңыздылығы (6,4%).

Қатысушылар атап өткен корпоративтік мәдениетті дамыту аймақтарының арасында:

- шамадан тыс бюрократия және икемсіз процестер (8,4%),
- жұмыс пен өмірдің тепе-теңдігін сақтауға кедергі келтіретін ыңғайсыз жұмыс кестесі (6,7%);
- бөлімшелер арасында ротацияның болмауы (6,7%) болды.

Талқылау барысында айтылған маңызды тақырып Ұлттық Банкке сын айтушы қоғамдық бірлестіктер жөнінде болды. Қызметкерлер оларды екінші деңгейлі банк қызметкерлерімен жиі шатастыратынын, сондай-ақ олар «қамтамасыз етілген» немесе инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттары бар деген түсінік бар екенін атап өтті. Сонымен қатар Ұлттық Банктің қызметін кәсібилікпен және жоғары құзыреттілік деңгейімен байланыстыру ниетін көрсететін «ақылды», «табысты» және «білімді» сияқты жағымды сипаттамалар да айтылды.

5. Қорытынды

Бұл зерттеу қазіргі уақытта Қазақстан Ұлттық Банкінің корпоративтік мәдениеті алқалылық пен кәсібилікке баса назар аударатын кландық элементтермен толықтырылған иерархиялық сипаттамалармен айқындалады деп болжауға мүмкіндік береді. Мұндай ерекшеліктер ұйым қызметінің тұрақтылығы мен орнықтылығына ықпал етсе де, кейбір қызметкерлер, әсіресе орта буын басшылары, мамандар және басшы құрам резервінің мүшелері ағымдағы мәдениет жылдам өзгертін ортаның талаптарына толық көлемде жауап бермеуі мүмкін деген алаңдаушылықтарын білдіреді.

ОСАІ әдістемесі бойынша сауалнаманың да, фокус-топтардың да нәтижелері қызметкерлердің корпоративтік мәдениеттің неғұрлым икемді, кооперативті және инновацияға бағытталған моделін дамытуға деген қызығушылығының артқанын көрсетеді. Адхократия мен кландық мәдениетке тән құндылықтарды, соның ішінде жаңа идеяларға ашықтықты, инклюзивті көшбасшылықты және тиімді ішкі коммуникацияны нығайтуға деген ұмтылыс бар.

Қазіргі және артықшылығы бар мәдени профиль арасындағы анықталған айырмашылықтар мәдени дамудың ықтимал бағыттарын айқындайды. Трансформацияның біртіндеп жүзеге асырылатын және ойластырылған стратегиясы құрылымдық қаттылықты төмендетуге, функционалды өзара әрекеттесуді күшейтуге және бейімделу мен бастамашылықты бағалайтын ортаны қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін. Сондай-ақ жұмысшылардың жұмыс пен өмір теңгеріміне, мансаптық ұтқырлыққа және шешім қабылдау процесіне қатысуға байланысты үміттерін ескеру де маңызды.

Жалпы зерттеу ресми басқару жүйесі бар мемлекеттік ұйымдарда корпоративтік мәдениетті контексттелген бағалауды жүргізудің маңыздылығын көрсетеді. Нәтижелер қызметкерлердің өзгертін үмітіне сәйкес ішкі мәдени тәжірибені түзетуге көмектесетін нұсқаулық бола алады. Сонымен қатар ұсынылған тәсіл мен анықталған тұжырымдар корпоративтік мәдениетті дамыту бойынша осыған ұқсас бастамаларды жүзеге асыруды көздейтін басқа да қадағалау немесе мемлекеттік мекемелерге де пайдалы болуы мүмкін.

Әдебиет

1. Aliaga, M. (2023). Strategic HR Practices and Corporate Culture Alignment: A Guide for Public Sector Institutions. *Human Resource Management Review*, 33(1), 1–15.
2. Cameron, K. S., & Quinn, R. E. (1999). *Diagnosing and Changing Organizational Culture: Based on the Competing Values Framework*. Addison-Wesley.
3. Culture15. (2023). Case Study: Driving Cultural Change in Healthcare Organizations. *British Medical Journal (BMJ)*. Retrieved from <https://www.culture15.com>

4. Deal, T. E., & Kennedy, A. A. (1982). *Corporate Cultures: The Rites and Rituals of Corporate Life*. Addison-Wesley.
5. Denison, D. R. (1990). *Corporate Culture and Organizational Effectiveness*. Wiley.
6. Herget, J. (2023). Organizational Culture in Public Sector Transformation: European Models and Practices. *Public Administration Review*, 83(2), 215–231.
7. Investopedia. (2022). Corporate Culture Definition. Retrieved from <https://www.investopedia.com/terms/c/corporate-culture.asp>
8. Kotter, J. P., & Heskett, J. L. (1992). *Corporate Culture and Performance*. Free Press.
9. Rashid, Z. A., Sambasivan, M., & Johari, J. (2003). The Influence of Corporate Culture and Organizational Commitment on Performance. *Journal of Management Development*, 22(8), 708–728.
10. Schein, E. H. (1992). *Organizational Culture and Leadership* (2nd ed.). Jossey-Bass.
11. Scholz, C. (1987). Corporate Culture and Strategy – The Problem of Strategic Fit. *Long Range Planning*, 20(4), 78–87.
12. Schwartz, H., & Davis, S. M. (1981). Matching Corporate Culture and Business Strategy. *Organizational Dynamics*, 10(1), 30–48.
13. Van der Post, W. Z., De Coning, T. J., & Smit, E. V. D. M. (1998). The Relationship between Organizational Culture and Financial Performance: Some South African Evidence. *South African Journal of Business Management*, 29(1), 30–41.

Халықтың Қазақстан Ұлттық Банкінің коммуникациясын қалай қабылдайтынына баға беру: экономикалық нарративтер және twin-deficit

А. Қ. Жұмаділова – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті директорының орынбасары

Ә. А. Дунгенин – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті медиа-ресурсты модерациялау басқармасының бас маманы

Зерттеуде коммуникациялық ортаның басты элементтері, Қазақстандағы ақша-кредит саясатының институционалдық шарттары мен параметрлері және олардың ҚР Ұлттық Банкінің транспаренттілік пен ашықтықты арттыруға бағытталған шараларына қалай ықпал ететіні қарастырылады. Бұған қоса пайдаланылатын коммуникациялық тәсілдердің тиімділігіне әсер ететін шектеулерге талдау жүргізілді, онда коммуникациялық twin-deficit – сенім тапшылығы (Trust) және түсінік тапшылығы (Understanding) проблемасына көңіл бөлінді [1]. Бұл санатта орталық банктің белгілерін қабылдаудың институционалдық және когнитивтік деңгейлері көрсетіледі.

Сенім тапшылығы – реттеуші органның қабылдайтын шешімдері мен іс-әрекеттерінің дәйектілігіне, негізділігіне және тиімділігіне қоғам тарапынан сенімнің әлсіреуімен сипатталатын үрдіс.

Түсінік тапшылығы – экономикалық ақпараттың күрделілігі, оны жеткізудің тілі мен форматы, сондай-ақ аудиторияның когнитивтік ерекшеліктері салдарынан ақпаратты дұрыс қабылдау мен интерпретациялаудың қиындауы.

Олар бірігіп, қаржы жүйесі дамушы елдерге тән жүйелі «коммуникациялық алашақтық» проблемасын қалыптастырады. Бұл компоненттерді талдау үшін бейімделген T&U-Framework моделі пайдаланылады, мұнда T компоненті институционалдық айқындықты, адалдық пен дәйектілікті қабылдауды көрсетеді, ал U компоненті қарым-қатынас орнату тілінің анық, түсінікті және жеңіл болуын білдіреді. Мұндай тәсіл орталық банктің ашықтығы бойынша тек ақпараттандыру ғана емес, қоғам тарапынан түсіністік танытып, сенім білдіруге әкелетінін бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстың басты академиялық жаңалығы – эмпирикалық деректерді, яғни осы зерттеу үшін нарықтың кәсіби қатысушылары арасында арнайы жүргізілген маркетингтік сауалнама нәтижелерін, сондай-ақ халық арасындағы сауалнамалар мен фокус-топтар негізінде алынған қорытындыларды талдау.

Негізгі сөздер: ақша-кредит саясаты, коммуникациялық саясат, twin-deficit, сенім және түсінік тапшылығы, қаржылық сауаттылық, әрекет экономикасы, нарративтік экономика, инфляцияны таргеттеу.

JEL–жіктеуіші: E52, E58, D83, G41, L82.

1. Кіріспе

2015 жылы Қазақстан инфляцияны таргеттеу (ИТ) режиміне ресми түрде көшті. Ол орталық банктің айқын және түсінікті коммуникация пайдалануын көздейді. Қаржы нарығының кәсіби қатысушылары мен талдаушылар үшін бұл ұғым негізінен реттеушінің ақпаратты толық ашуын білдіреді. Сонымен бірге, жалпы жұртшылық бұл сипаттамаларды реттеушінің өзі қабылдаған шешімдер мен күтілетін нәтижені түсінікті тілмен және тез қабылдай алатындай етіп түсіндіре білу қабілеті тұрғысынан бағалайды. Осыған байланысты жүргізіліп отырған монетарлық саясаттың транспаренттілігін арттыру және коммуникация құралдарын ақша-кредит саясаты (АКС) элементтерінің бірі ретінде қолдану мәселесі орталық банктің күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің біріне айналды. Сонымен

қатар, жергілікті коммуникациялық ортаның ерекшелігі және көзделген аудиториямен өзара әрекеттесудің форматтары мен құралдарын анықтайтын жалпы медиа-үрдістер осы коммуникациялық арнаның тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді.

Құрамына Қазақстан кіретін Орталық Азия елдерінде осы тәсілдерді тиімді қолданудағы негізгі шектеулер – экономиканың құрылымдық проблемалары мен халықтың қаржы сауатының төмен болуы. Әрекет экономикасының маңызды элементі ретінде қарастырылатын қаржыны ұқыпты ұстау оның негізгі көрсеткіштерінің бірі саналады. Мұны 2023 жылы ҚР Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігі жүргізген халықтың қаржы сауатын зерттеу нәтижелері растайды. Зерттеу деректеріне сәйкес қаражат жинаудағы тұрақтылық халықтың 16,3%-ында байқалады, ал әлеуметтік желілер қаржы туралы білім алудың негізгі көзі болған (сұрақ-жауапқа қатысқандардың 48,2%-ында).

Бұл шектеулерге ақпараттың шамадан тыс көп болуы, назар аудару тапшылығы мен жылдам әрі тез көзге түсетін жаңалықтарға байланысты жаһандық медиа-үрдістер де әсер етіп отыр. Ақпараттық кеңістіктегі контекстердің өзгеруі, цифрландыру және олардың әрекет экономикасы мен нарықтарға әсері тұрғысынан ең маңызды жаһандық үрдістердің ішінде Нобель сыйлығының лауреаты Роберт Шиллердің ақпараттық «вирустардың» және нарративтердің таралу тұжырымдамасын атап өтуге болады. Ол өзінің «Нарративтік экономиканы: тарих қалай вирусқа айналып, ірі экономикалық оқиғаларды айқындайды» деген кітабында баяндаған [2]. Қазақстан тарихи тұрғыда қалыптасқан коммуникациялық twin-deficit-ке байланысты адамдардың сенімін, одан кейін экономикалық шешімдер қабылдау кезіндегі іс-әрекетін қалыптастыратын кезеңде тұр.

Елдегі медиа-үрдістер арасынан қоғамның жедел әрі ашық коммуникацияға деген сұранысы, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде мемлекеттік ақпараттық саясатты қайта бағдарлау, сондай-ақ мемлекеттік, яғни қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдайтын аудитория үлесі мен экономикалық процестерге тигізетін ықпалының қарқынды түрде өсуі сияқты мәселелерді бөліп көрсетуге болады. Бұл тұрғыда, Kursiv research 2024 жылы жүргізген зерттеуде [3] өте жақсы тұжырымдамалар айтылған. Онда қазақ тіліндегі контентті қолданатын респонденттер салаларға қатысты мақалалар мен материалдарды оқу қиын екені, мақала тілінің күрделі екені, түсініксіз терминдердің өте көп кездесетіні айтылады. Қаржы-экономика тақырыбы бұл аудиторияға бизнес жүргізу, инвестициялар мен табысты арттыру тұрғысынан қызықты.

Осы еңбекте орталық банктер коммуникацияларының даму тарихы мен эволюциясы, осы мәселеге қатысты академиялық және практикалық тәсілдер, сондай-ақ инфляцияны таргеттеу режиміне көшкен сәттен бастап Қазақстан Ұлттық Банкі қолданатын коммуникациялық тәжірибелерге жоғарыда айтылған негізгі жергілікті және жаһандық медиа-үрдістердің әсері қаралады. Еңбекте маркетинг туралы нарыққа кәсіби қатысушылар арасында жүргізілген жеке сауалнаманың кей деректерін талдау, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі 2022-2025 жылдары халық арасындағы фокус-топтардан алынған сауалнама нәтижелері де беріліп отыр.

Осы зерттеуді жүргізудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін аралас әдіснама тандап алынды, оған деректерді сандық және сапалық жинау әдістері кіреді. Фокус-топтар мен сұрақ-жауап (online/offline) негізгі құралдар болды. Сандық деректер негізінен сауалнама (сауалнамалар) жүргізу арқылы алынып, тиісті статистикалық үлгіні қалыптастыруға және корреляциялық талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Сапалық деректер фокус-топтар мен жүзбе-жүз сұхбаттар арқылы жиналды, бұл респонденттердің пікірлерін, уәждерін және үміттерін терең зерделеуге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл ақша-кредит саясаты саласындағы түрлі көзделген аудиторияларды қабылдауды жан-жақты зерделеуге мүмкіндік берді, бұл әсіресе осы тақырыпқа қатысты ауқымды эмпирикалық мәліметтер болмаған кезде өте маңызды.

Әдістерді осылай үйлестіру маркетинг пен коммуникацияда кеңінен қолданылады, себебі ол ахуалды бағалап, негізгі заңдылықтарды анықтауға, гипотезалар мен тұжырымдарды жан-жақты тексеруге мүмкіндік береді.

Зерттеуде авторлар ұсынған T&U-Framework шеңберімен толықтырылған Joint Vienna Institute және Deutsche Bundesbank (2023-2024) бейімделген әдіснамасы қолданылған. Бұл респонденттерді тек кәсіби белгісі бойынша ғана емес, сонымен қатар институционалдық (Т) және когнитивтік (U) қабылдау түрі бойынша да саралауға мүмкіндік берді. Бұлай бөлу белгілі бір уақыттағы сенім мен түсіністіктің өсуін саны бойынша бағалауға мүмкіндік берді. Осылайша, T&U-Framework шеңберіндегі сандық және сапалық әдістердің әдіснамалық комбинациясы ҚР Ұлттық Банкі коммуникацияларының ашықтық деңгейін бағалауға ғана емес, сонымен қатар институционалдық ашықтық пен когнитивтік түсінік арасындағы айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

2. Әдебиетке шолу

Ақша-кредит саясатының ақпараттық арна ретінде тиімді жұмыс істеуін айқындайтын басты параметр – транспаренттілік. Гераатс (2002) орталық банктің ашықтығын «саясатты әзірлеушілер мен басқа да экономикалық агенттер арасында ассиметриялық ақпараттың болмауы» ретінде айқындады. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда, коммуникация ақша-кредит саясатына өз функцияларын неғұрлым тиімді орындауға мүмкіндік бере отырып, ақпараттық ассиметрияны азайтуға немесе жоюға қызмет етеді.

Кең түсінікте транспаренттілік «жұртшылықтың ақша-кредит саясаты саласында шешімдер қабылдау процесін түсіну дәрежесімен» сипатталады (Винклер, 2000) [4].

Сакстон атап өткендей (1997) [5], транспарентті ақша-кредит саясаты ұзақ мерзімді мақсаттарды қалыптастыруға ықпал етеді, қаржы нарығының тиімділігін арттырады, орталық банктерге деген сенімді нығайтады және шешімдерге саяси араласу қаупін барынша азайтады.

Моррис пен Шиннің (2002) [6], Симстің (2003) [7], Канеманның (2003) [8] және Блиндердің (2004) [9] зерттеулері үйлестірілмеген немесе шамадан тыс коммуникация, сигнал/шу қатынасын төмендетіп, ақша-кредит саясатының тиімділігін төмендететінін көрсетеді. Бұл стратегиялық және дәйекті коммуникацияның маңызын айғақтайды.

Миддельдорп (2011) [10] транспаренттіліктің барынша жоғары деңгейі пайыздық мөлшерлемелердің құбылуын едәуір төмендетеді деп жазды. Бұдан басқа, транспаренттілік болжамдардың дәлдігін арттырады және нарықтағы сарапшылардың келіспеушілігін барынша азайтады.

Эйфингер-Херат индексі мен Динзер-Айхенгрин индексі сияқты жүйелер транспаренттілікті бағалаудың негізгі құралдары саналады (2007, 2014) [11]. Бұл индекстер коммуникация әдістерінің институционалдық және жедел мандаттармен қалай үйлесетінін түсіну үшін сенімді негізді бола ете отырып, транспаренттілікті бірнеше параметр бойынша өлшейді. Осы индекстің авторлары 2007 жылы жүргізген іріктемеге 120 орталық банк бойынша 2010 жылға дейінгі деректер енгізілді. Транспаренттілік индексінің ең үлкен мәні (орталық банктің ашықтық дәрежесі 1-ден 15-ке дейінгі шкала бойынша бағаланды) 2010 жылы Швецияның Банкіне, Жаңа Зеландияның Резервтік Банкіне, Венгрияның Орталық Банкіне және басқа да бірқатар Еуропа еліне (14,5-тен 11,5-ке дейін) берілді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ашықтық индексі осы іріктемеде 6-ға бағаланды, бұл белгілі бір оң серпінді көрсетті, өйткені 1998-2004 жылдары бұл көрсеткіш 3,5 болған. ТМД елдерінің ішіндегі ең ашық орталық банктер Армения мен Молдова болды. 2014 жылы жаңартылған зерттеу нәтижелері дамыған сияқты дамушы елдерде де ашықтықтың өсуін тағы да растады.

Асылбеков (2022) [12] Эйффингер-Гераатс индексін пайдалана отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің ашықтығын эмпирикалық бағалау нәтижелерін ұсынды, оның нәтижесінде ашықтық 15-тен (83,4%) 12,5 балға бағаланды. Зерттеуші атап өткендей, соңғы жылдары индекстің барлық құрамдас бөліктері бойынша коммуникациялық саясаттың ашықтығы

өсуі байқалады, бірақ ақша-кредит саясатының стратегиясы мен реттеуші шешімдерін түсіндіру, реттеуші ұсынатын ақпараттың сапасы мен уақтылығы және одан бұдан әрі жүргізілетін іс-қимыл/басымдық туралы ниетті ашу сияқты қосалқы индекстерді қамтитын рәсімдік және ақпараттық ашықтық өсудің негізгі қозғаушы күші болды. Осыған байланысты автор реттеушінің назарын ұсынылатын ақпараттың көлемінен қоғамның Ұлттық Банктің сигналдарын түсіну сапасына қайта бағдарлау қажеттігі бар деп пайымдайды, өйткені қазіргі уақытта оның нысаналы аудиториясының жартысына жуығы ғана ақпаратты коммуникациялық саясат шеңберінде толыққанды қабылдайды.

Зерттеулердің кең ауқымы инфляцияны таргеттеу режиміндегі құрал ретінде транспаренттіліктің ықпалы мәселесі бойынша ұсынылған. Зерттеулер көрсеткендей, ақша-кредит саясатына қатысты өзге тәсілдер пайдаланылған елдермен салыстырғанда инфляцияны таргеттеуді енгізу макроэкономикалық ахуалды жақсартуға әсер етті (ХВК, 2006; Роджер, 2009), [13], [14].

Батини мен Лакстон (2005) [15] экономикалық деректердің сенімді негізін қалыптастырудың маңызына тоқталады. Халықаралық валюта қоры (ХВК) (2006) жүргізген талдаудың негізінде қаржы секторының долларлану деңгейінің төмендету АТ-ны ендіру кезінде ақша-кредит саясатының тиімділігін арттырудағы негізгі басты деген қорытынды жасалды.

Хаммонд атап өткендей (2012) [16] қазір инфляцияны табысты таргеттеудің бес негізгі элементі бар, олардың екеуі – «орталық банктің жоспарлары мен шешімдерін түсіндіруді, сондай-ақ орталық банктің ашықтығын арттыруды қамтитын ашық коммуникация».

АТ режимінде коммуникациялық құралдарды қолданудың Қазақстан тәжірибесіне келетін болсақ, Калибаев (2024) [17] ҚР-да инфляциялық процестерді реттеуді жетілдіруге арналған өз жұмысында Ұлттық Банкке пайыздық мөлшерлемелерді басқару және ақша базасы сияқты монетарлық саясат құралдарын неғұрлым белсенді пайдалану ұсынылатынын атап көрсетеді. Осы шараларды тиімді қолдану контексіндегі маңызды аспект Ұлттық Банк жұмысының ашықтығы мен болжауға келетіндей болуы саналады, бұл нарықтағы күтулерді басқаруға және монетарлық саясатқа сенімділікті арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі заманғы ақша-кредит саясаты құралдарының бірі, пайыздық мөлшерлемелердің алдағы траекториясын жариялау жолымен нарық күтулерін басқару тетігі – «болашаққа нұсқау» (forward guidance, FG). Бұл әсіресе дағдарыс кезеңінде маңызды. Зерттеушілер атап өткендей, FG пайдалану белгілі бір шығындарға байланысты болады. Біріншіден, бұл құрал орталық банктің міндеттемесі ретінде қабылдануы мүмкін, бұл ақша-кредит саясатының икемділігіне кері әсер етеді (Mishkin, 2004; Goodhart, 2001) [18], [19]. Екіншіден, сыртқы жағдайлардың өзгеруі жарияланған және нақты саясат арасында алшақтыққа тудыруы мүмкін, ал бұл орталық банкке деген сенімді әлсіретеді (Issing, 2005) [20].

Осылайша, инфляцияны таргеттеу мен forward guidance ақша-кредит саясатының негізгі құралдары болып қала береді, олардың тиімділігі институционалдық және экономикалық алғышарттарды сақтауға, сондай-ақ күтулерді дұрыс басқаруға байланысты болады.

Эмпирикалық зерттеулер үй шаруашылықтары мен фирмалардың тәртібін қалыптастыруда коммуникацияның рөлін атап көрсетеді. Мысалы, Journal of Banking & Finance (2021) [21] журналындағы мақалада орталық банктің мәлімдемелері инфляциялық болжамдарға, әсіресе неғұрлым қаржылық жағынан хабардар болған үй шаруашылықтары арасындағы болжамдарға айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін білдіретін деректер келтіріледі. Мысалы, Journal of Banking & Finance (2021) [21] журналының мақаласында орталық банктің мәлімдемелері инфляциялық болжамдарға, әсіресе неғұрлым қаржы туралы ақпараттардан хабары бар үй шаруашылықтары арасында айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін куәландыратын деректер келтіріледі. Тіпті, Уругвай

Орталық банкінің (2021) [22] зерттеуі нарықтық экономикасы қалыптасып жатқан және дамушы елдердегі алдын ала басқарудың маңызын көрсетеді. Көптеген орталық банктер инфляцияны таргеттеудің ресми жүйелерін қабылдады, бірақ сенім мен коммуникацияның белгілі бір проблемаларына тап болып отыр.

Гонконг ақша айналысы басқармасы (2024) [23] дайындаған зерттеу жұмысында пайыздық мөлшерлемелерді белгілеуден бөлек, орталық банктер өздерінің жария мәлімдемелерінің мазмұны мен жиілігін түзету арқылы қаржылық талаптарды жиі қалыптастыратыны атап өтіледі.

Қазақстан Ұлттық Банкінің транспарентті динамикасын бағалау тұрғысынан Төреханова, Мекенбаева (2021) [24] жүргізген зерттеулердің қорытындылары назар аудартады, онда орталық банк коммуникацияларының тиімділігін бағалау маңызды міндет екені айтылады. Авторлар атап өткендей, осы салада жұмыс істейтін зерттеушілер түрлі әдістемелер мен техникаларды қолдана отырып, бұл міндетті көп жылдан бері шешіп келеді және оларды одан әрі дамыту аса өзекті.

Бұл зерттеуде Флеш-Кинкейд индексі, Колман-Лиан индексі (Coleman-Liau Index), жеңіл оқылу автоматты индексі (Automatic Readability Index/ARI), Дейл-Челл формуласы (Dale-Chall Readability Formula) сияқты мәтіндердің жеңіл оқылуды бағалау әдістемелерін қолдану тұрғысынан орталық банктердің коммуникациялық саясатының тиімділігін бағалау әдістемелері мен техникасы талданды, сонымен қатар, Ресей Банкі аналитиктері 2021 жылы ұсынған машинаны оқыту әдістері (Evstigneeva, Sidorovskiy) арқылы мәтін мазмұнына талдау жасалды. Бұл зерттеулер жиынтығында коммуникация ақша-кредит саясатына жай ғана толықтыру емес, толық интеграцияланған құрал деген пікірді растайды. Оның стратегиялық қолданылуы күтулерді мықтап бекітуге, нарықтың құбылмалылығын төмендетуге және үй шаруашылықтары мен корпорациялардың шешім қабылдауын бағыттауға мүмкіндік береді.

3. Мәселенің мәні

Орталық банктің коммуникациясы – саясат, макроэкономика, журналистика, маркетинг, IT, көлемді деректер мен іс-әрекет экономикасы салаларын біріктіретін күрделі сала.

Орталық банк коммуникациясындағы эволюция және көзқарастардағы тарихи өзгерістер кезең-кезеңмен өтті: Монтегю Норманның «Ешқашан түсіндірме және кешірім сұрама» қағидатынан бастап Бен Бернанкенің «Ақша-кредит саясаты 98% сөйлесуден және тек 2% іс-әрекеттерден тұрады. Сондықтан коммуникация өте маңызды» тәсілдеріне дейін және Кристин Лагардтың қоғамды ұғынуға баса назар аударуынан ашықтық 21 ғасырдағы алдыңғы қатардағы озық тәжірибеге де, ақша-кредит саясатының маңызды аспектісіне де айналды деп тұжырымдауға болады (1-сурет). Монетарлық саясат саласындағы жетекші қайраткерлер бүгінде коммуникацияны көмекші функция ретінде ғана емес, ақша-кредит саясатының басты тетігі ретінде де қарастырады.

1989 жылы «инфляцияны таргеттеу» режимін енгізген Жаңа Зеландияның Резервтік банкі туралы заңның қабылдануы орталық банктердің нарықтармен тікелей коммуникациясын дамыту қажеттігі туралы мәселені көтерген шешуші сәт болды. Бұл заң орталық банкке инфляцияны үкімет белгілеген мақсатты аралық шегінде ұстап тұру бойынша нақты өкілеттіктер берді және басқарушыға саясатты нарықтар мен қалың жұртшылыққа түсіндіруге міндеттеді. Есеп беру басты қағидат болды.

1994 жылы АҚШ Федералдық резервтік жүйесі өзінің мөлшерлемесінің нысаналы деңгейі туралы жариялай бастады және баспасөзге ресми мәлімдемелер жасады.

2008 жылғы жаһандық қаржы дағдарысынан кейін алдағы іс-қимылдарды болжау, «болашаққа нұсқаулық» ақша-кредит саясатының болжамдылығын арттыру арқылы нарықтың күтулерін басқаруға бағытталған маңызды құралға айналды.

ОБ коммуникациясындағы эволюцияға әсер еткен негізгі оқиғалар



2012 жылы Марио Драгидің «Ешнәрсеге қарамастан» деген мәлімдемесі еуропалық борыш дағдарысы өршіп тұрған тұста еуроаймақтың ақша-кредит саясатына деген сенімді қалпына келтірді. Бұл батыл мәлімдеме қаржы нарықтарын тұрақтандыруға қабілетті айқын, уақтылы және беделді коммуникацияның шешуші рөлін айқын көрсетті.

Ашықтықтың маңыздылығын мойындай отырып, ХВҚ 2020 жылы Орталық банктердің ашықтық кодексі (СВТ) қолданысқа енгізді [25]. СВТ бес негізгі салада: басқару, саясат, операциялар, нәтижелер, ресми қатынастар бойынша ашықтықты бағалау және арттыру негізін қамтамасыз етеді. Бұл ретте Кодексте жасырын ақпаратты және қаржылық тұрақтылықты қорғау қажеттігі де атап өтілген. Бұл бағалау жүйесі 2021-2024 жылдары Канада, Чили, Марокко және Уганда сияқты елдерде қолданылды, онда коммуникация саласындағы саясаттың жақсаруына және осы орталық банктердің халықаралық стандарттар негізінде АКС-ты коммуникациялауға неғұрлым жүйелі тәсілдерді енгізуіне алып келді. Қазақстан Ұлттық Банкі 2025 жылы ХВҚ орталық банктерінің ашықтық кодексі аясында бағалаудан өткенін айта кету керек.

Осылайша, коммуникация әсіресе инфляцияны таргеттеуге негізделген қазіргі замануи монетарлық саясаттың стратегиялық функциясы мен маңызды аспектісі ретінде кеңінен қарастырылады.

Халықаралық валюта қорының (2023) деректері бойынша қазіргі уақытта АТ-ны 45 ел, оның ішінде Кавказ және Орталық Азияның (КОА) бірнеше елі пайдаланады.

ХВҚ сарапшылары жүргізген талдауға сәйкес [26] ақша-кредит саясатының және оны коммуникациялаудың тиімділігін төмендететін негізгі құрылымдық факторларға КОА-дағы әлсіз дамыған қаржы нарықтары, долларландыру, айырбастау бағамының құбылмалылығын реттеу үшін валюталық интервенцияларға тәуелділіктің жалғасуы және орталық банктерге деген сенімнің төмен деңгейі, ал ковидтан кейінгі кезеңде инфляцияның жоғары деңгейі мен жаһандық жеткізу тізбектеріндегі іркілістер жатады. Бұл ретте КОА-ның бірнеше елінің орталық банктері икемді айырбастау бағамдарымен қолдау көрсетілетін инфляцияны таргеттеу режимін енгізді, олар – Армения, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан. ХВҚ құжатында осы проблемаларды шешу үшін саясаттың үш негізгі басымдығы: орталық банктердің операциялық тәуелсіздігін кеңейту, айырбастау бағамының икемділігін арттыру, орталық банкке деген сенім мен айқындылықты арттыру атап көрсетілген.

Қазақстан Ұлттық Банкінің коммуникациялық бөлімшесі жүргізген талдау көрсеткендей, Орталық Азия елдерінің орталық банктері әлеуметтік желілер мен баспасөз релиздерін ақша-кредит саясаты туралы, атап айтқанда, базалық мөлшерлемеге қатысты шешімдер туралы хабардар етудің ажырамас құралы ретінде пайдаланады. Көп тілді контент ұсынатын және мүдделі тараптарды тарту үшін инфографика, бейне және тікелей трансляцияларды қоса алғанда, әртүрлі форматтарды пайдаланатын Facebook, Instagram, Telegram және YouTube сияқты платформалар кеңінен пайдаланылады.

Бұл ретте аудиториямен өзара іс-қимылдың интерактивтілігі мен тереңдігінде елеулі айырмашылықтар сақталады. Мәселен, Қырғызстан мен Өзбекстанның орталық банктері статистикалық ақпараттың мейлінше көп көлемін ашып көрсетіп, интерактивті форматтарды қоса алғанда, аудиториямен өзара іс-қимыл құралдарының неғұрлым кең тізбесін пайдаланады, ал Тәжікстан мен Түрікменстанның орталық банктері өзінің ақпараттық саясатында неғұрлым консервативті тәсілдерді ұстанады.

4. Қазақстан Ұлттық Банкінің тәжірибесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2015 жылы инфляцияны таргеттеуге көшті. Реттеуші жүргізетін ақша-кредит саясатының негізгі кезеңдері мен аспектілері Ұлттық Банктің шолу мақаласында баяндалған (В. Тутушкин, 2019 ж.) [27], онда былай деп атап көрсетілген: «инфляцияны таргеттеу айтарлықтай дәрежеде күтулерді басқаруға байланысты, нақты және айқын коммуникациялық саясат шешуші мәнге ие. ИТ режиміне көшкен кезден бастап Ұлттық Банктің нарықпен коммуникациясының жиілігі мен көлемі біртіндеп өсіп отыр».

Жүргізіліп жатқан коммуникациялық жұмыстың негізгі параметрлері реттеушінің жыл сайынғы есебінде жарияланады, онда жүйелік ақпараттандыру ақша-кредит саясаты, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, алтын-валюта резервтерін басқару, Ұлттық қор мен БЖЗҚ активтерін басқару, сондай-ақ қаржы инфрақұрылымын жаңғырту сияқты қызметтің негізгі бағыттары бойынша жүзеге асырылатыны атап көрсетіледі. 2024 жылы жарияланған Ұлттық Банктің макропруденциялық саясатында дәйектілік пен ашықтық қағидаттарына негізделген айқын және ашық коммуникация арқылы жүйелік қауіпті төмендетуді қоса алғанда, негізгі векторлар мен қағидаттар айқындалған.

Реттеушінің коммуникациялық саясаттағы басты орта мерзімдегі мақсаттары – Ұлттық Банктің қызметі кәсіби қоғамдастыққа барынша айқын және болжамды болуына жағдай жасау, сондай-ақ халықтың түсіністік пен сенімін қамтамасыз ету. Коммуникациялауға арналған құралдар – жылдық кестеге сәйкес базалық мөлшерлеме бойынша брифингтер, сарапшылар қоғамдастығымен кездесулер өткізу, БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау, ақпараттық алаңды мониторингтеу және талдау, Ұлттық Банк спикерлерінің қатысуымен өтетін сыртқы іс-шараларды ақпаратпен қамтамасыз ету, журналистерге арналған тренингтер өткізу. Осы ретте реттеушінің интернет-сайты, сондай-ақ Facebook, Telegram, Instagram, TikTok және YouTube әлеуметтік желілеріндегі парақшалар негізгі тікелей коммуникациялық арна болады.

5. Нарықтың кәсіби қатысушылары мен медиа сауалнамасының қорытындысы

Көзделген аудиториялардың күтулерін зерделеу мақсатында Ұлттық Банктің коммуникациялық бөлімшесі 2022 жылғы қарашада және 2025 жылғы ақпанда «ҚР Ұлттық Банкінің коммуникациялары нарықтың кәсіби қатысушыларына қаншалықты транспарентті және қолжетімді?» маркетингтік сауалнамасын жүргізді. Пікіртерім БАҚ-тың, сарапшылардың, Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының, «Астана» халықаралық қаржы орталығының, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және Ұлттық Банктің өңірлер мен Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық филиалдарының электрондық базалары бойынша таратылды.

2023 және 2024 жылдары орталық банктердің коммуникациялық және болжамдық командаларына арналған тренингтерде Joint Vienna Institute және Deutsche bank Open dialog

ұсынған және жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып бейімделген әдіснама мен пікіртерімдер негізінде жүргізілген зерттеудің негізгі мақсаты – қаржы нарығымен және салалық медиамен коммуникациядағы «жақсарту керек аймақтарды» анықтау, осы нысаналы аудитория үшін тапшылықтың коммуникациялық түйткілі проблемасының өзектілігін айқындау (сенім/түсінік тапшылығы), сондай-ақ қаржы нарығының қатысушыларына қатысты Қазақстан Ұлттық Банкінің қазіргі транспаренттілік деңгейін бағалау.

Сауалнамаға 800-ден астам респондент (қаржы секторының өкілдері, БАҚ, мемлекеттік органдар мен бизнестің коммуникациялық бөлімшелері, сарапшылар қоғамдастығы, экономикалық мамандықтардың студенттері) қатысты.

Сауалнама қорытындысы бойынша Ұлттық Банк коммуникацияларының транспаренттілігі мен тиімділігін қабылдау динамикасы талданды. Пікіртерім нәтижелерін салыстыру жалпы үрдістерді де, ағымдағы экономикалық ахуал мен медиа ортаның ерекшеліктерін ашып көрсететін жаңа акцентті де анықтауға мүмкіндік берді. Мәселен, орталық банк үшін негізгі көрсеткіш – базалық мөлшерлеме жөніндегі шешімдердің коммуникациясы бойынша едәуір оң динамика байқалады. 2022 жылғы қарашада сауалнамаға қатысқандардың 46,9%-ы ғана Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеме бойынша коммуникациясын теңгерімді және ашық деп бағаласа, 2025 жылғы ақпанда бұл көрсеткіш 56,8% болды (2-сурет).

Бұл цифрлар Ұлттық Банктің инфляцияны таргеттеу режимінде негізгі экономикалық агент ретінде бұқаралық аудиториямен ғана емес, сонымен қатар нарықтың кәсіби қатысушыларымен де өзара іс-қимыл жасау сапасы мен санын жетілдіруі қажет екенін көрсетеді. Алайда базалық мөлшерлеме бойынша коммуникацияларды бағалаудағы оң динамика тұтастай алғанда реттеушінің коммуникация тактикасы мен стратегиясы жетілдіріліп жатқанын және нарықтың ағымдағы сұранысына сәйкес келетінін растайды.

2-сурет

Ұлттық Банктің коммуникацияларын базалық мөлшерлеме бойынша бағалау (2022 және 2025жж. сауалнама)




Сондай-ақ Ұлттық Банктің веб-сайтын ресми және сенімді ақпарат көзі ретінде пайдалану параметрінен оң серпін байқалды: егер 2022 жылы сауалнамаға қатысқандардың 44,2% сайтқа үнемі жүгінсе, 2025 жылға қарай Ұлттық Банктің интернет-ресурсы негізінен реттеушінің қызметі туралы ақпарат алатын бастапқы көз екенін атап өткендердің үлесі 76,8%-ға дейін өсті (3-сурет). Бұл ретте талдау мен жаңалықтарды алудың негізгі көзі ретінде Telegram-арналарды қалайтындардың үлесі 31,2%-дан 16,5%-ға дейін қысқарды.

Мұндай тренд қаржы нарығының Ұлттық Банктің ресми ресурстарына деген сенімінің артқанын көрсетеді.

3-сурет

Ұлттық Банк қызметі туралы ақпарат көздері өзектілігінің өзгеру серпіні (2022 және 2025 жж.)



Сонымен қатар коммуникациялардың ашықтығы мен жиілігі саласындағы оң серпінге қарамастан, реттеушінің хабарламаларына, әсіресе валюта нарығының жоғары құбылмалылығы кезеңдерінде белгілі бір сенім тапшылығы (Trust Deficit) сақталуда. Фокус-топтарды талдау респонденттердің бір бөлігі бұрынғысынша Ұлттық Банктің ресми мәлімдемелерін проактивті емес, реактивті деп қабылдайтынын көрсетті. Бұл институционалдық сенімнің ашықтық ретінде ғана емес, орталық банктің іс-әрекетінің болжауға келуі мен дәйектілігін қабылдау арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Осы аспектіні көрсету үшін жаңа купюраларды немесе ықтимал валюта шектеулерін талқылау кезінде әлеуметтік желілер мен Telegram-арналарда туындаған ақпараттық шуды мысалға келтіруге болады. Нақты негіздердің болмауына қарамастан, сыбыстар қысқа мерзімді алаңдаушылық тудырып, ресми теріске шығаруды талап етті. Бұл мысал сенім фактілердің мәселесі ғана емес, сондай-ақ реакция жылдамдығы, коммуникация және түсініктемелердің айқындығы мәселесі екенін көрсетеді.

T&U-Framework сәйкес T (сенім) компоненті сигналдың адалдығын, болжамдылығын және тұрақтылығын қабылдау арқылы күшейтіледі. Осы параметрлердің жүйелік мониторингі үшін әртүрлі аудиториялар арасында Ұлттық Банкке институционалдық сенім деңгейін тұрақты негізде өлшеуге мүмкіндік беретін Коммуникацияларға сенім индексі (T-index) енгізуді қарау орынды. Мұндай метрика кәсіби қоғамдастықпен және БАҚ-пен өзара іс-қимыл стратегиясын іріктеу үшін негіз бола алады.

Осылайша, Ұлттық Банк коммуникацияларының транспаренттілігінің оң динамикасы кезінде ұзақ мерзімді сенімді нығайту бөлігінде, әсіресе ақпараттық шу және қоғамның экономикалық сигналдарға жоғары сезімталдығы жағдайында сын-қатер қалып отыр.

Сондай-ақ 2020-2025 жылдары Қазақстан Ұлттық Банкі жарияланатын ақпарат пен талдау тізімін кеңейткенін атап өткен жөн. Осылайша, өңірлердегі Инфляциялық үрдістер, Макроэкономикалық жағдай туралы есеп, Макроэкономикалық сауалнама және т.б. сияқты құжаттар тұрақты негізде жарияланатын болды (4-сурет).

2020-2025 жылдардағы Қазақстан Ұлттық Банкінің жариялаған ақпараты мен талдамасы тізбесінің кеңеюі



Респонденттердің пікірінше, орталық банк пен қаржы нарығы коммуникацияларының тиімділігі тұрғысынан негізгі сын-қатерлердің бірі бұрынғыдай коммуникациялық екі жақты тапшылықты (сенім мен түсіністік тапшылығы) еңсеру проблемасы болып отыр. Бұл ретте кәсіби қатысушылардың пайымдауынша, бұл аспектінің коммуникация үшін тосқауыл ретінде маңыздылығы, әсіресе қазақ тілді аудитория мен өңірлерде ғана өсіп келеді.

Кәсіби нарыққа қатысушылар арасында маркетингтік сауалнама жүргізу барысында алынған түйінді қорытындылар бірқатар маңызды үрдістерді көрсетеді. Ең алдымен қаржы сауатының төмен деңгейі монетарлық саясатты түсіну үшін негізгі кедергі деп санайтын респонденттер үлесінің өсуі байқалады, бұл көрсеткіш 2022 жылғы 50%-дан 2025 жылы 53,9%-ға дейін өсті. Сондай-ақ ақпарат беру форматтарын жеңілдету және білім беру жобаларын кеңейту қажеттілігін атап өткен қатысушылардың саны 54,8%-дан 59%-ға дейін ұлғайған.

2022 және 2025 жылдардағы деректерді салыстыру кезінде мемлекеттік тілде сауалнамаға қатысуды таңдаған кәсіби қатысушылар арасынан респонденттер санының айтарлықтай өскенін атап өткен жөн, бұл да қаржы секторындағы қазақ тілді мамандар үлесінің өскенін көрсетеді.

Негізгі тұжырымдарға жас және ұрпақ аспектілері тұрғысынан қараған кезде барлық іріктеменің шамамен 15%-зы және сұралған экономика мамандығын таңдаған студенттердің көпшілігі (60%-дан астамы) интерактивті форматтар мен қол жетімді инфографиканы қоса алғанда, білім беру жүйесінде бастамаларды жүйелі түрде кеңейтпей, қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруда елеулі өзгерістерге қол жеткізу қиын болады деп санайды.

Осылайша, Қазақстан Ұлттық Банкі алдағы жылдары тілдік факторды және өңірлік ерекшелікті ескере отырып, ақпаратқа қол жеткізуді теңестіру бойынша күш салуды, сондай-ақ студенттермен және жас мамандармен кері байланыс тетігін жетілдіруді жалғастыруға тиіс.

6. Кеңейтілген сауалнамалар мен фокус-топтардың нәтижелері

2024 жылы жүргізілген кеңейтілген сауалнамалар мен фокус-топтардың қорытындылары, респонденттердің пікірінше, Ұлттық Банктің ең мықты тұсы және артықшылығы оның кәсіби құзыреттілігі мен қызметінің ашықтығы екенін көрсетті. Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, Ұлттық Банктің тәжірибелі командасы ақша-кредит саясатының сабақтастығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар респонденттер Ұлттық Банктің макроэкономикалық тұрақтылықты сақтауда, әсіресе

Ұлттық валютаның базалық пайыздық мөлшерлемесі мен айырбастау бағамын басқаруда рөлінің маңызды екенін атап көрсетеді. Бұл ретте респонденттер жақсарту үшін кедергілер мен аймақтар қатарында әлемдік экономиканың тұрақсыздығы және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мәселелері сияқты факторларды атап өтті. Респонденттердің пікірінше, бұл аспектілер банктің инфляцияға және жалпы экономикалық тұрақтылыққа ықпал етуін шектейді.

Халық арасында Ұлттық Банктің функциялары мен міндеттері туралы ақпараттың жеткіліксіз екеніне кеңейтілген сауалнамалар мен фокус-топтардың деректері дәлел бола алады: «ҚР Ұлттық Банкі қандай функцияларды/міндеттерді орындайды» деген сұраққа Ұлттық Банктің жеке тұлғаларға кредиттер беретіні (64%) жиі дұрыс айтылмады, бұл ретте ақша айналысын бақылау және басқару (56%) және валюталық реттеу мен бақылау (54%) дұрыс белгіленді. Осы сауалнаманың нәтижелері бойынша реттеушінің функциялары мен міндеттері туралы хабардарлықты арттыру, сондай-ақ инфляциялық күтулерді басқарудың неғұрлым таргетті және ашық стратегияларын әзірлеуді көздейтін халықтың кең топтарымен өзара іс-қимылды жақсартуды талап ететін басты сала болып қала береді.

Осы мәселелерді шешудің құралы ретінде сауалнамаға қатысқан респонденттер қаржылық сауаттылықты арттыру сияқты шараларды ұсынады, әсіресе ақпаратқа қол жетімділік шектеулі аймақтарда. Фокус-топтарға қатысушылардың пікірінше, Ұлттық Банк ашықтық пен жүйелілікті сақтай отырып, кең аудитория үшін техникалық ақпаратты жеңілдетуді қамтамасыз етуі керек.

Сауалнама мен зерттеулерден алынған нәтижелерді ескере отырып, осы кезеңде Қазақстан Ұлттық Банкінің алдында қоғамның ақша-кредит саясатын және оның экономикалық салдарын түсінуін арттыру және коммуникацияларды орталықтандыру міндеттері тұр. Бұл ретте республикалық маңызы бар қалалар мен өңірлер тұрғындарының хабардарлығы мен сенім деңгейіндегі айырмашылықтарды ескеру қажет. Бұл айырмашылықтар Орталық Азия елдеріне тән жалпы трендті: білім мен урбанизация деңгейі жоғары аудитория реттеушінің әрекеттерін жақсы түсінетінін көрсетеді.

7. Зерттеудің шектеулері

Бұл зерттеудің күрделілігі мен қамтылуына қарамастан, алынған нәтижелерді түсіндіру кезінде ескеру қажет бірқатар шектеу бар.

Біріншіден, ықтимал қате түсінік (bias). Зерттеу авторлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметінің қызметкерлері, бұл коммуникациялық саясаттың тиімділігін бағалау кезінде растау әсерінің тәуекелін (confirmation bias) тудырады. Объективтілікке және эмпирикалық деректерді пайдалануға деген ұмтылысқа қарамастан, нәтижелерді қабылдау ұйымның өз ойы мен тәжірибесін ішінара көрсететінін мойындау қажет.

Екіншіден, әдістемелік шектеу іріктеме түріне байланысты. Сауалнамаларды жіберу Ұлттық Банктің қолданыстағы байланыс базалары бойынша жүзеге асырылды: нарыққа кәсіби қатысушылар, сарапшылар, БАҚ, филиалдар мен әріптестік құрылымдар. Мұндай іріктеме (convenience sampling) деректердің репрезентативтілік дәрежесін шектейді және қаржы нарығының барлық сегменттерінің пікірін толық көрсетпейді. Ұлттық Банкпен өзара қарым-қатынас орнатқан респонденттердің үлесі нарықтағы орташа деңгейден жоғары болуы мүмкін, бұл нәтижелерге әсер етеді.

Кейіннен тәуелсіз зерттеу орталықтары немесе академиялық институттар сауалнама жүргізсе, сенімділікті арттыруға және институционалдық аффилиациясының әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар коммуникацияларды қабылдауға сыртқы макроэкономикалық және медиа-контекстік факторлар: валюта нарығының динамикасы, инфляция деңгейі, әлеуметтік желілердегі ақпараттық фон әсер етуі мүмкін.

Осы шектеулерді ескере отырып, зерттеу нәтижелері үрдістер мен динамикаларды сипаттау бөлігінде репрезентативті ретінде қарастырылуы керек, бірақ кейінгі эмпирикалық тексеру одан әрі нақтылауды қажет етеді.

8. Эмпирикалық нәтижелер мен перспективалар

Жүргізілген сауалнамалардың нәтижесі (2022-2025 жж.) Қазақстан Ұлттық Банкінің коммуникацияларына деген ашықтық пен сенімнің тұрақты өскенін көрсетеді:

- базалық мөлшерлеме бойынша коммуникацияларды ашық және теңгерімді деп бағалайтын респонденттердің үлесі 46,9%-дан 56,8%-ға дейін өсті;

- Ұлттық Банктің ресми сайтына сеніммен қарайтын респонденттер 44,2%-дан 76,8%-ға дейін өсті;

- Telegram арнасын негізгі ақпарат көзі ретінде қалайтындардың үлесі 31,2%-дан 16,5%-ға дейін қысқарды;

- респонденттердің 53,9%-ы қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейін монетарлық саясатты түсінудегі басты кедергі деп атады, ал 59%-ы ақпарат беру форматын жеңілдетуді маңызды фактор ретінде атап өтті.

Бұл жағдайда институционалдық және бұқаралық аудитория арасындағы айқын когнитивті алшақтық сақталады: сауалнамаға қатысқандардың 64%-ында әлі күнге дейін Қазақстан Ұлттық Банкі жеке тұлғаларға кредит береді деген қате түсінік қалыптасқан. Бұл Understanding Deficit тұрақты компонентінің болуын растайды.

Сенім тұрғысынан (Trust Deficit) фокус-топтардың деректері респонденттердің бір бөлігі ресми мәлімдемелерді стратегиялық емес, реактивті деп қабылдайтынын көрсетеді. Бұл алшақтықты жою үшін жүйелік көрсеткіштерді әзірлеу ұсынылады: T-index (коммуникацияларға деген сенім индексі) және U-index (коммуникациялардың түсініктілік индексі) уақыт бойынша сенім мен түсіну динамикасын сандық бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу үшін перспективалық бағыт «ақпараттық шуды», жалған ақпарат эпизодтарын және медиа ортада реттеушінің шешімдерін бұрмаланған қабылдауды талдау. Мәселен, жаңа купюралар немесе әлеуметтік желілердегі валюталық операцияларға шектеулер қою туралы қауесеттер банктің саясатын қабылдауға уақытша әсер етіп, жедел теріске шығаруды талап етті. Мұндай кейстерді зерделеу ақпараттық бұрмалануларды түзету тетіктерін нақтылауға және сенімнің орнықтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, болашақ жұмыстар инфляциялық күтулер динамикасы мен коммуникация белсенділігі арасындағы корреляцияны бағалауға, сондай-ақ ашықтық индекстері енгізілген аймақтағы басқа елдердің тәжірибелерімен салыстырмалы талдауға арналуы мүмкін (мысалы, Ресей Банкінің VATI және InFOM).

Ұзақ мерзімді перспективада негізгі міндет – «ақпараттандыратын транспаренттіліктен» «түсінікті транспаренттілікке» көшу, мұнда орталық банктің әрбір белгілері оның азаматтардың өміріне, бағасына және экономикалық орнықтылығына қалай әсер ететінін түсіндірумен қатар жүреді.

9. Қорытынды

Қазіргі заманғы тәсіл орталық банктердің ашық коммуникациясының сенімді нығайтуға айтарлықтай әсерін жариялайтынын және қоғамның инфляция мен пайыздық мөлшерлемелерге қатысты үміттерін анықтауға осы жұмыста ұсынылған академиялық әдебиеттерге шолу және халықаралық тәжірибені талдау көмектесетінін көрсетіп отыр. Ашық және жүйелі коммуникация инфляциялық күтулерді қалыптастырады және орталық банктерге баға тұрақтылығы мен экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін орындауға көмектеседі. Дегенмен, Орталық Азияның дамушы елдері үшін кең аудиторияға назар аударып, осындай коммуникацияларды жүзеге асыру және күрделі қаржылық-экономикалық контентті қазіргі заманғы медиа-трендтерге оңайлату және бейімдеу тетіктерін қолдану – қажет шарт.

Теориялық тұрғыдан алғанда, сенім мен түсіну тапшылығы құбылысы транспаренттіліктің өзі тиімділікке кепілдік бермейтінін растайды. Коммуникация тек сандық қана емес, сонымен қатар сапалы, түсінікті, болжауға келетін және сенімді болуы керек. T&U-Framework эмпирикалық моделі айқындықты екі айнымалының функциясы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді: T – институтқа және оның белгілеріне сенім және U – қоғамның ақпаратты түсінуі және игеруі. Олардың балансы ақша-кредит саясатының нәтижелілігінің негізгі факторына айналады.

Осылайша, орталық банктің коммуникациялары көмекші емес, күтулерді басқару мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін ақша-кредит саясатының стратегиялық құралы. Сонымен қатар теңгерімді коммуникация қаржы нарықтарына орталық банктің болашақ ниеттерін жақсы болжауға көмектеседі.

Кәсіби нарыққа қатысушылар мен қалың жұртшылық арасында ұсынылған сауалнамалардың нәтижелері Қазақстанның Ұлттық Банкі үшін осы кезеңде барлық негізгі мақсатты аудиториялар үшін коммуникациялардың ашықтығы мен қолжетімділігін одан әрі арттыру аса өзекті міндет екенін көрсетеді. Бұл ретте нарықпен коммуникация құрудың неғұрлым ұзақ мерзімді стратегиялық векторы қабылданатын шешімдерді, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен жобаларын жүйелі трансляциялау арқылы сенім мен түсінудің бұрынан қалыптасқан «қосарланған тапшылығын» еңсеру.

Болашақ зерттеуге арқау бола алатын тағы бір бағыт – ҚР Ұлттық Банкі коммуникацияларының дағдарысқа дейінгі, дағдарысты және дағдарыстан кейінгі сияқты экономикалық циклдің әртүрлі кезеңдеріндегі қаржы нарықтарының құбылмалылығына қалай әсер ететінін тереңірек талдау. Турбулентті медиаортада ақпараттық шуды нақты түзету тетіктерін, сондай-ақ реттеушінің стратегиялық және тактикалық мақсаттарын жеткізу кезіндегі сигналдардың тиімділігін жан-жақты зерттеуге де назар аудару керек. Мұндай тәсіл коммуникациялық арнаның күтулерді басқарудағы ғана емес, сонымен қатар қатты құбылған кезеңдердегі нарықтағы белгісіздікті сөйілтудегі құрылымдық рөлін нақтылауға мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. L. Vedantam Trust Deficit in Public Sector: Causes, Consequences, and Strategies to Mitigate, 2024
2. R. Shiller Narrative Economics: How Stories Go Viral and Drive Major Economic Events, 2019
3. Kursiv.media Медиа контент тұтынушыларының аудиториясын қазақ тілінде зерттеу, 2024
4. B. Winkler Which Kind of Transparency? On the Need for Clarity in Monetary Policy-Making. ECB Working Paper Series, 2000
5. D. Saxton Transparency in Monetary Policy, 1997
6. S. Morris, H. Shin The Social Value of Public Information. American Economic Review, 2002
7. C. Sims Implications of Rational Inattention. Journal of Monetary Economics, 2003
8. D. Kahneman Thinking, Fast and Slow, 2003
9. A. Blinder The Quiet Revolution: Central Banking Goes Modern, 2004
10. M. Middeldorp Central Bank Transparency and Financial Market Volatility. DNB Working Paper, 2011
11. B. Dincer, B. Eichengreen “Central Bank Transparency and Independence: Updates and New Measures”, International Journal of Central Banking, 2014.
12. Assylbekov D.Ye. Measuring and Assessing the Level of Transparency of the National Bank of the Republic of Kazakhstan, 2022
13. Международный валютный фонд (МВФ) Inflation Targeting and the IMF, 2006
14. S. Roger Inflation Targeting at 20: Achievements and Challenges, 2009

15. N Batini, D. Laxton Under What Conditions Can Inflation Targeting Be Adopted? 2005
16. G. Hammond State of the Art of Inflation Targeting, 2012
17. Е. Калибаев Совершенствование регулирования инфляционных процессов в РК, 2024
18. F. Mishkin Can Central Bank Transparency Go Too Far?, 2004
19. C. Goodhart The Political Economy of Monetary Union, 2001
20. O. Issing Communication, Transparency, Accountability: Monetary Policy in the Twenty-First Century, 2005
21. Journal of Banking & Finance. Central Bank Communication and Household Inflation Expectations, 2021
22. Central Bank of Uruguay Forward Guidance in Emerging Markets, 2021
23. Hong Kong Monetary Authority The Role of Central Bank Communication in Financial Conditions, 2024
24. Н. Туреханова, К. Мекенбаева Коммуникационная политика центрального банка. Экономическое обозрение Национального Банка Республики Казахстан, № 4, 2021
25. Website of the IMF's Central Bank Transparency Code (CBT)
26. Каким образом повышение эффективности денежно-кредитной политики может обуздать инфляцию в странах Кавказа и Центральной Азии, www.imf.org, 2023 г.
27. В. Тутушкин Инфляционное таргетирование: достижения и вызовы, Kazpravda.kz, 2019 г.